Қазақтың ұлы ойшылы Абай жетінші қара сөзінде бұл туралы керемет жазып қалдырған: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демеклік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап,

сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жылса да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген» [6]. Абайдың айтып отырғаны педагогика және психология пәндерінің негізгі мәселелері болғандықтан, оның да халықтық тәрбиеден алшақ кетуі мүмкін емес. Абайдың айтып отырған таным қасиеттерін М. Жұмабаев *есту әсерленуі* және *қору әсерленуі* деп маңызды екі топқа бөліп қарастырады [5].

Жас баланың жарық дүниеге келгеннен кейінгі ізденісі – табиғи процесс болып саналады. Ол дүниежүзіндегі бар халықтың түсінігіне тән құбылыс.

Дей тұрғанмен, баланың дүниені қалай тануы, дүниеге қарым-қатынасы, тәрбие мәселесі – қашанда ұлттық шеңберде сақталып отырады. Мәселен, қазақ халқының ұлттық тәрбиесінде жас баланы ата мен әже тәрбиелейтін дәстүр бар. Мұндай дәстүр ежелгі халықтарда жиі ұшырасып тұрғандығы, бергін келе отбасының даму үрдісіне қарай, шеттеп қалғандығы белгілі деректерде сақталған. Мәселен, Х. Арғынбаевтың еңбегінде: «...жас келіннің алғашқы баласында үлкендер тарапынан көп көңіл бөлініп, қамқорлық көрсететін, өйткені, біріншіден, оның өз тәжірибесі болмағандықтан болса, екіншіден, алғашқы немересі ата-анаға ыстық болып, оның әрқашан үлкен әкесі мен шешесінің бауырында жүретіндігінен де болса керек.

Қазақ отбасында тұңғыш баланы көпшілік жағдайда әбден ер жеткенше үлкен әжесі мен әкесінің қамқорлығында болып, солардың баласы есебінде тәрбиеленгендіктен, өз әкесінің інісіндей боп өсетіндігі ежелден бері келе жатқан көне ғұрып. Мұндай әдеттің Еділ бойында мекендеген көне болгар және түрік халықтарында болғандығын ибн-Фадлан да байқаған болатын» [1, 50 б.], – деген дерек келтіріледі. Мұны біз ұлттық ерекшелігіміз, қазіргі таңда өзге халықтарда жоқ, өзімізге ғана тән табиғи өмір сүру салтымыз деп атауымызға болады.

Бір кездері көшпелі тұрмыс – қазақтың барлық дүниетанымы мен өмір сүру салтына әбден сіңісті болып, сөзі мен ойына бірдей әсер еткен фактор болып саналды. Әке мен шеше баланы дүниеге алып келушілер болса, баланың жалпы тәрбиесіне отбасының үлкендері жауапты болды. Бұл – бір жағынан, күнделікті күйбең тіршілікпен бала тәрбиесіне анасының уақыт таба алмауымен

байланысты болса, екінші жағынан, ата-әженің отбасындағы маңыздылығын арттыру үшін бала тәрбиесін соларға табыстаған. Жалпы қазақ халқы үлкенді сыйлап, кішіге ізет көрсетуді жастайынан тәрбиесіне сіңіріп өседі. Үлкеннің алдын кесіп өтпеуді, әлсізге зақым көрсетпеуді барынша мұқияттап, екі сөзінің бірінде «Қарты бар үйдің – қазынасы бар», «Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» деген секілді мақал-мәтелдер мен ой-түйіндеулерді ауызға алып отырады. Мұндай мағыналы сөздерді жастайынан құлағына құйып өскен бала, келешекте ешкімнің ала жібін аттамауды, үлкеннің тілін алуды, қарияларды барында бағалауды түсініп өседі.

Қазақ дәстүрінде «әже мектебінің» орны ерекше. Әжелер – барлық ізгіліктің бастауы, парасат-пайымы мен мейірім-шапағаты жанындағыларға білініп тұратын, адамгершілік қағидалардың патшайымы секілді елестейді. Әрбір әже алдын көрген, әже тәлімін естіп өскен бала осылай ойлары анық. Бала үшін әженің әрбір сөзі маржандай тізіліп, жүрекке жылы ұшырап, әрбір сөзінің нұры бардай қиялының кеңістік шарлап, бұлттар мен аспан арасында қалықтап, аңсаған арманына жетуге себепкер болып тұратындай көрінеді.

Әже тәрбиесі адамның балалық шақтағы «алып бейнесі» ғана емес, есейіп, шау тартқан кезде де, үні құлақтан кетпес, сөздері жүректен өшпес мәңгілік мұра болып адам жадында сақталып тұра береді.

Қазақ қоғамында әулетті өзінің білімі мен өмірлік тәжірибесінің арқасында билеп-төстеп отыратын әжелер баршылық болған. Мұндай абыройлы әжелер әр әулетте де кездесе беретіні тағы да белгілі. Ал біз білетін, «халық анасы», «ұлт ұйытқысы» болған Зере, Айғаным, Ұлпан, Ұлжан, Дінәсіл секілді аналардың ғажап өмірі мен салиқалы өнегесі көркем шығармалардан нықтап тұрып орын алған.

Мәселен, Абайдың азамат, ақын ретінде өсіп жетілуіне аналары – Зере мен Ұлжанның ықпалы күштірек болған. Әкесі Құнанбай Абайды жастайынан мұсылманша хат танытып, орыс оқуын оқытып, заманына сай баулып өсіргенімен, Абайдың шығармашылық қиялының ұшқырлануына Зере мен Ұлжандай әсер ете алмаған. Бұл да қазақ тұрмысындағы аналар мен әжелер рөлінің қаншалықты басымдыққа ие екендігінің айғақшысы болса керек.

Тұлғалар өміріндегі әже тәрбиесінің сарқылмас байлығы ретінде біз Шоқан мен Айғаным арасындағы әже мен немере байланысын нықтап айта аламыз. Айғаным өзі де текті ортадан шыққан, көзі ашық, хат танитын ақылды әйел болған. Әрі

төңіректемей-ақ, Шоқанның халық ауыз әдебиетін жинастыру ісін алып қарайық. Шоқан жасынан ауыз әдебиетінің үлгілеріне қанық болғанымен, қағаз жүзінде ешқандай нұсқалары болмағанына қамығады. Бұл кезде Шыңғыс ел ішіндегі домбыра ұстап, хат танығандарға арнайы тапсырма беріп үлгереді. Сонда Шоқанның ғалым болып қалыптасуына тікелей әкесі Шыңғыс пен әжесі Айғанымның үлкен әсері болғанын байқаймыз.

Жоғарыда айтылған деректер қазақ халқында әйел адамның ошақ басын күзетуші деп қана емес, оны қоғамдық тұлға ретінде де көтере алатындығын айғақтап тұр. Айғаным секілді халық аналары халық дүниетанымында пір, қасиетті ана деңгейіне де көтерілген. Оған Ұмай ана, Домалақ ана, Бабаджа қатын, Айша-Бибі секілді ерте тарихтан белгілі ықпалды әйелдерді жатқызып, бүгінгі қоғамдағы әлеуметтік статусынан бажайлай аламыз.

Міне, осындай аналар мен әжелердің тәрбиесі қашанда ауыз толтырып айтуға тұрарлық тақырыптар. Бір өкіңтерілігі, қазақ әдебиетінде аталмыш әжелерге арналған арнайы тарихи шығармалар жоқтың қасы. Оларды біз тек қана өздері тәрбиелеп жеткізген атақты тұлғалардың айналасынан көріп қаламыз. Ары кеткенде қарапайым кейіпкерлердің тағдырынан ғана ара-тұра ұшыратып тұрамыз.

Сонымен, тәрбиенің қайнар көзі – халықтық дәстүрлерден бастау алады дедік. Жарық дүниеге адам боп қадам басқан әрбір сәбидің болашақ тәрбиесі дәстүрлік рәсімдерден бастау алып, өле-өлгенше сонымен бірге біте қайнасып тіршілік етеді. «Ананың кіндігінен ажырай салысымен жалғыздық шектім» деп жырлайтын Шәкәрімнің өлеңінде де анаға деген зор құрмет лебізі байқалады. Ақындардың мұндай мұнды тіркестері қай кезде де өз маңызын жоғалтпаған. Асылы, олар да ана жатырынан жаралып, әже мен ата тәрбиесінде ержетіп, әкенің қорғанында сая тауып көргенін еш ұмытпаса керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Арғынбаев Х. Қазақтың отбасылық дәстүрлері. – Алматы: «Қайнар» баспасы, 2005. – 216 б.

http://www.rusnauka.com/3_ANR_2015/Philologia/3_186370.doc.htm

Қондыбай С. Толық шығармалар жинағы. 11-том. Арғызақ мифологиясы. 3-кітап. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 520 б.

Қазақ отбасы тәрбиесі: Оқу құралы / Ибраимова Л.Н., Абдикеримова П.Ж., Алиева П.С. /Тараз: ТарМПИ, 2016. – 160 б.

Жұмабаев М. Шығармалары (әдеби басылым). 2-том: Әңгіме, ғылыми еңбек, мақалалар, аудармалар, жарияланбаған өлеңдер / Құраст. Сәндібек Жұбаниязов. – Алматы: Жазушы, 2013. – 376 б.

Абай. Қара сөз / Құнанбаев Абай – Алматы: «Көшпенділер» баспасы, 2011. – 184 б.

ӘЛ-ФАРАБИ МЕН АБАЙДЫҢ РУХАНИ ҮНДЕСТІГІ

АЛШЫНОВА Г. Д.

студент, Торайгыров университеті, Павлодар қ.

Әр заманның ғасырға бергісіз, тарихта ойып тұрып орын алатын біртуар тұлғалары болады. Сондай ұлы тұлғалар қатарында, қазақ руханияты шыңының бір басында бүкіл шығысты мойындатқан Әбу Насыр әл-Фараби тұрса, екінші басында өзіндік гуманистік ойларымен тәнті еткен Абай Құнанбайұлы тұр. Екі ойшыл әр ғасырда өмір сүргенімен, олардың келер ұрпаққа өсиет етіп қалдырған ғибратты сөздерінде, рухани дүниесінде үлкен үндестік жатыр, айтар ойлары көздеген мақсаты бір болатын. Бұл тұста, ғалым Әлкей Марғұланның: «Абай мен Әл-Фарабидің көздегені адамдардың рухани байлығы, олардың бақытты болуы мен өсемдікке ұмтылуы болып табылады» – деген сөзі орынды айтылған.

Біз адамзаттың ақыл-ойындағы өлшеуі шексіз білім мен даналықты иеленген, заманына озық туған тұлғалар Әл-Фараби мен Абай арасын жақындастыру, оларды үндестіру, біздің халқымыздың мың жылдық рухани-мәдениетін көтеру, насихаттау, – деп білеміз. Өткенге көз жүгіртсек, ұлы Абайдың Шығыс әдебиетімен кең таныс болғаны, оның атақты шайырлардың туындыларын ертеден оқып, бойына сіңіргені баршамызға мәлім. Әсіресе, ол түркі, парсы тілінде жазған кеменгер ойшылдар – Фирдоуси, Сағди, Науаи т.б. кітаптары арқылы Шығыс елдерінің аңыз, тарих, мәдениетін танып біліп, ғибрат алғанының білеміз. Ал Шығыстың ұлы ғалымдары мен ойшылдары Әбу Әли ибн Сина, Омар Хаям және т.б. өздерін Әбу Насыр әл-Фарабидің шәкірттеріміз деп есептеген. Ортаазиялық философ, ғалым Әбу Әли ибн Сина өз туындыларында әл-Фарабидің шығармаларын пайдаланып, «бұрын еш түсіне алмай жүрген Грек метафизикасын толығымен осы әл-Фарабидің кітабын оқып

түсіндім» деген екен. Бұдан шығатын қорытынды – Абай тек қазақ ауыз әдебиетінің орасан байлығымен ғана емес, Шығыс шайырларының шығармаларын бойына сіңіріп, солар арқылы әл-Фараби еңбектерімен де таныс болған деп тұжырым жасауға болады [1, 314 б.].

Шығыс мәдениеті – әл-Фараби мен Абай үшін бірдей рухани бастау, олардың арасын жалғастыратын арқау. Әл – Фараби мен Абай үндестігін, шығармаларының ұқсастығын зерттеген, екі ойшылдың арасындағы сабақтастықты жалғастыра білген ғалым А. Машанов әл-Фарабидің: «Әрбір адамның өз орны бар», – деген ойын Абай ақын жаңа көзқараста: «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан!», – деп әрбір адамның өмірде алатын өзіндік орны бары, ел өмірінде елеулі орын алатындығын айтып өткен [2, 89 б.].

Әбу Насыр айтуынша, адам өзінің мінез-құлқын жетілдіре түсу үшін, ең алдымен, ол өзіне-өзі мейлінше адал болуы тиіс. Сонда ғана адам өз бойындағы ізгілікті қасиеттерді барынша жетілдіруге мүмкіндік алады. Әбу Насыр «қандай шебер әдістің жәрдемімен жақсы мінез-құлыққа жететінімізді қарастыруымыз керек» дей келіп, әзіл мен күлкі сияқты құбылыстарға моральдық-этикалық тұрғыдан баға береді. Қоғамдағы әрбір құбылыс шектен шығып кеткен жағдайда адамға теріс әсер ететіні сияқты адамның мінез-құлқындағы шамадан асып кеткен көріністер де ізгі қасиеттерге кері ықпалын тигізеді. Осы пікірін түйіндей келіп, Фараби: «әзілқойлық – әзілді шектен тыс қолданудан болады. Ал әзілдеу оңай болғандықтан, біз соған бейім бола бастаймыз. Енді бізге қалғаны бір шеткеріліктен екінші шеткерілікке немесе орташа мөлшерге ауысуды жеңілдету үшін қандай амалдар бар екенін білу» деп жазады. Әл-Фарабидің осы тұжырымын Абай өзінің «Төртінші сөзінде» жетілдіре түседі: «Күлкіге салынған кісі не шаруадан, не ақылдан, не бір ұят келерлік істен құр, ғафил көп өткізіп отырса керек». Ұлы бабамыз Әбу Насыр Әл-Фарабиден мұра болып қалған «Мемлекет қызметшісінің нақыл сөздері» деген трактаты да бар. Ол осы еңбегінде ғылым мен билікті бірлікте қарастыруға тырысады. Философ Аристотельдің «Билікті сатып алғандар – одан пайда табуды әдетке айналдырады» – деген ойын одан әрі дамыта түседі. Сол себепті де жоғарыдағы еңбекте қалаларды қалай басқару керектігін, оны кім басқарғаны дұрыс екенін тізбелеп, өзгеше ой түйген. Әрі білімді, әрі ақылды, әрі таза ниетті адам ғана шаһар тұрғындары тұрмысын жақсартып, бақытқа жетуге ықпал етпек дейді. Қысқасы, философ ғалым ғылым жетісіктері мен билік әдістерін неғұрлым бір-

біріне жақындата түссек, соғұрлым өмір де алға басады, тіршілік те жайнай бермек деп түйін жасаған. Былай қарасақ, бабамыздың он бір ғасыр бұрын айтып жазып кеткендері әлі де маңызды болып көрінеді. Билік басына келген адам өзі де, жан-жағы да, ары да тап-таза болып тұруы керек.

Дана Абай да өз заманындағы әділетсіз билікті өткір сынға алады. Сонымен қатар халықтың мерейін тек өнер-білім ғана ұшпаққа шығаратындығын талай өлеңдеріне арқау еткендігін жақсы білеміз. Әл-Фараби мен Абай өз ойларын әртүрлі сөзбен жазса да, олардың мағынасы бір-бірімен астасып жатыр.

Әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» деген философиялық трактатында «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» сияқты ұғымдарға түсінік бере келіп: «Жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да басты мүше, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес», – дейді. Әл-Фарабидің «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» жөніндегі философиялық тұжырым- ойы Абайдың «Он жетінші сөзінде» өзінің логикалық жалғасын тапқан сияқты. Абайдың осы сөзінде «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» үшеуі әрқайсысы өзін мықты санап, айтысып, таласып, ақыры «ғылымға» келіп жүгінеді. Сонда «ғылым» бұл үшеуіннің де айтқандарың рас, үшеуін де қажетсің: «Ей, Қайрат, сенсіз ешнәрсенің болмай тұғыны да рас, бірақ қаруыңа қарай қаталдығың да мол, пайдан да мол, бірақ залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман», – депті. Бұдан кейін «ғылым» өз шешімін «Ақылға» айтыпты: «Жаратқан тәңіріні де сен танытасың. Жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ, сонымен тұрмайсың, амал да, айла да – бәрі сенен шығады. Жақсының, жаманның – екеуінің де сүйенгені, сенгені – сен; екеуінің іздегенін тауып беріп жүресің, соның жаман», – депті [3].

Бұдан кейін Абай осы үш категория жайында түйін жасап, Әл-Фарабидің жоғарыда айтылған пікірін өз оқырманының ұғымына лайықтап жеткізеді. Абай осы үшеуінің басын қосып, бәрін де «Жүрекке» билет, – деп ұқтырып айтушының аты «ғылым» екен. – Осы үшеуін бір кісіде менің айтқанымдай табысқандар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам сол. Үшеуін ала болсаң, мен «Жүректі» жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы» – депті деген қорытындыға келеді. Әл-Фарабидің «қайрат», «ақыл» және «жүрек» жайындағы философиялық ой-пікірлерін Абай өзінің «Әсемпаз болма әрнеге» атты өлеңінде де әрі ойшыл-кеменгер, әрі

аса дарынды сөз зергері ретінде оқырманға зор шеберлікпен жеткізген. Абай ақыл мен қайраттың иесі болған адамды «жарты адам» дейді. Өйткені, ондай адам тек «суық ақыл» мен «жүгенсіз қайраттың» ғана өкілі. Ал, бойына осы екі қасиетпен қоса-қабат әділет-шапқат (жүрек) біткен адам ғана «толық адам», яғни, ол енді «нұрлы ақылдың өкілі» деп танылады. Сөйтіп, Абайдың «нұрлы ақыл» жайындағы тұжырымының қайнар-бастаулары ғалымның интеллект туралы ілімінде жатқанын аңғарамыз.

Абайтанушы ғалым Ә. Дастанұлы былай деген: «Абайдың қара сөздері тұнып тұрған философиялық ой. Сол себепті де «философиялық трактаттар» деп айтуға әбден болады» [4]. Бұл сөзімізге дәлел ретінде тізбектесек:

Біріншіден, Абай жан, ой, дін, ләззат, ынсап, ақыл, түйсік, ғылым, білім, құмарлық, еңбек, ұят талап, ар т.б. философиялық категорияларды қағаз бетіне түсіріп, мән-мағынасын айқын ашып көрсеткен [5, 255 б.]. Сол себепті қарасөздерін даусыз философиялық трактат деп айта аламыз.

Екіншіден, философиялық трактат деп айтқанымызға дәлел ретінде жалпы жазылуы, айтар ойы Ибн Синаның стиліне ұқсас. Екі данышпанның шығармаларында – білім, мейірбандық, сұлулық үшеуінің бірлігі басым. Бұл екі ғұламаның гуманистік ой-идеялары әлемге кең тарайды, сонымен қатар ақыл-ой мен білімнің биік мәнін дәріптеді.

Қорытынды кетсек, Елбасымыздың «Интеллектуалдық ұлт – 2020» ұлттық жобасында айтылғандай, мемлекеттік саясаттың бағыты – интеллектуалдық ақалыптастыру, яғни елдің интеллектуалдық әлеуетін арттыру. Сол интеллектуалды ресурстардың бірі – бүгінгі жастардың рухани-адамгершілік мәдениеті. Ал заманауи қазақ жастарының, ұлы дала ұрпақтарының санасын рухани жаңғыртуда тарихи тұлғалардың әлемнің және өз елінің біліміне, мәдениетіне, ғылымына қосқан үлесі, әділеттік жолындағы күресі, өмірлік ұстанымдары, жалпы адамзатқа жасаған игі істері сияқты құндылықтардың маңызы артуда. Сондай тұлғалардың бірі Әл-Фараби адам туғаннан ақылды, білімді болып тумайтынын, интеллекттің өзі жүре кел, естіп, көріп барып қана дамидынын ескертеді. Осы тұста Абай атамның «Он тоғызыншы сөзін» еске түсірсек, «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің сөзін естіп жүрген кісі өзі де есті болады. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса,

сонда іске жарайды, сонда адам десе болады», – деп жазады. Және жетілген саналы тұлғаны тәрбиелеу үшін «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керк, тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» деген басты қағидасын ұмытпағанымыз жөн. Ұлтымыздың мақтаныштары Әл-Фараби мен Абайдың тағылымын жастардың санасына сіңіру, ұлы тұлғаларымыздың ой-толғамдарын кеңінен дәріптеу – біздің парызымыз. Сондықтан Әл-Фарабиді таныған, Абайды терең түсінген ұрпақ өзінің ұлттық рухын жоғары ұстайды, қиын-қыстау кезеңдерден дұрыс жол тауып, еліміздің алға дамуына барынша үлес қосады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы, 1972. – 314 б.
- 2 Машанов А. Әл-Фараби және Абай. – Алматы, 1989. – 89 б.
- 3 <https://mangystaumedial.kz/kk/adebiet/101431>
- 4 <https://bilimainasy.kz/24-01-13-2021/>
- 5 Абай және қазіргі заман: зерттеулер жинағы. – Алматы: Ғылым, 1994. – 255 б.

СӨЙЛЕМ МҮШЕЛЕРІ ТӨҢІРЕГІНДЕГІ ҒЫЛЫМИ ТАЛАС ЖӘНЕ ТҰЖЫРЫМДАР

АШІРБЕК А. А.

студент, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ. САҒЫНДЫҚҰЛЫ Б.

ф.ғ.д., профессор, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Қазақ тіл білімінде сөйлем мүшелерінің зерттелуіне өзіндік үлесін қосып, алдыға қарай ілгерілеп қадам басуына әр жылдары әр түрлі ғалымдар, қазақ тіл білімінің марқасқа майталмандары ғылыми еңбектер жазып қалдырғаны белгілі. Осы жолда, бүгінгі таңда да ғылыми зерттеу еңбегін жазып, тіл біліміне, оның ішінде сөйлем мүшелеріне ерекше зейін қойып жүрген ғалымдар баршылық. Жазылып отырған ғылыми мақаланың негізгі арқауы, өзегі ғалымдар арасындағы болған ғылыми талас, тұжырым және соның дәйектемелері. Соның біразының басын құрап, алдарыңызға жинастырып, өз пайымымызды да қоса ұсынғалы отырған жайымыз бар.

1894 жылдары Мелиоранскидің жазып қалдырған «Қазақ-қырғыз тілінің қысқаша грамматикасы» атты еңбегінің екінші

бөлімінде синтаксис мәселелері қарастырылады. Дей тұрғанмен ғылыми сипатта, әсіресе қазақ тіл біліміне жіліктеп, егжей-тегжей зерттеп-зерделеп әкелген Ахмет Байтұрсынов екенін зиялы қауым жақсы біледі. Осы мәселеге кеңірек тоқтала кетсек.

Алдыңғы шепте 1936-1940 жылдар аралығында қарқынды түрде жүргізілген зерттеу жұмыстарына назарымыз ауды. Оған да айтарлықтай себеп баршылық. Неге деңіз? Сөйлем мүшелері жайлы жазылған алғашқы фундаменталды зерттеу жұмыстары осы жылдары жарық көргенін көзі қарақты жұрт жақсы біледі. Оның бастауында А. Байтұрсынов, С. Аманжолов, Қ. Жұбанов, І. Байтенов, Х. Басымов, М. Балақаев, А. Ермаков сияқты зерттеушілер тұр. Аталған ғалымдардың зерттеулері сөйлем мүшелерінің жалпы сипаты немесе жасалуы хақында ғана емес, тіл білімінде өзіндік орын алуы, қарқынды қалыптасуы жайлы жазып, негізгі екпінді осы мәселеге көбірек қойғаны сезіледі. Сөйлем мүшелерінің қазіргі қолданыстағы атауын бізге Ахмет Байтұрсыновтың «Тіл құрал» атты еңбегінің үшінші оқулығы арқылы тиіп отыр. Яғни бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш және пысықтауыш атауларын ғылымға А. Байтұрсынов енгізген. Оған қоса оларды тұрлаулы және тұрлаусыз деп бөліп қарастырып өткен. Арада Қ. Жұбанов пен С. Аманжолов сияқты тіл біліміне елеулі үлес қосқан ғалымдар Ахмет Байтұрсыновтың және артынан ерген бірнеше ғалымдардың осы төңіректегі жұмыстарын, тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелерін, сынға алып өздігінше басқаша жіктеп шыққаны белгілі болып отыр. Олар сөйлем мүшелерін екіге жіктеп қарастырған Қ. Жұбанов та, С. Аманжолов та бастауыш пен баяндауышты негізгі сөйлем мүшелері деп атап, ал анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыштарды Жұбанов айқындауыштар десе, Аманжолов анықтауыштар деп қарастырады. Қос ғалым да, тұрлаусыз мүшелердегі кейбір мәселелермен келіспейтіндіктерін алға тартып, сөйлем мүшелерінің қалыптасу жолында жаңаша тұжырымдар келтіргендері рас.

Ерекше атап өтетін жайт, сөйлем мүшелерін зерттеуде М. Балақаевтың қосқан үлесі зор болды. Ол Қ. Жұбанов пен С. Аманжоловтардың жолымен емес, Байтұрсынов бастаған жіктеуге қайтып келеді де оның дұрыстығын көрсетеді. Тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелеріне бөліп, оның әрқайсысына бірнеше ғылыми мақалалар жазып, қазақ тіл білімінде ойып тұрып орын алуы үшін және де, сөйлем мүшелерін жіктеп қарастырғанның әлде қайда оңайға түсетінін де жақсы білген. Десе де сөйлем

мүшелеріне қатысты мынадай тұжырымдар болғанына ат үсті қарап өтіп кете алмадық.

1) Кейбір тілші ғалымдар осы күнгі сөйлем мүшелерінің сақталу принципін айта келіп, оларды жаңа атаулармен толықтырғысы келеді;

2) Ғалымдардың екінші бір тобы жалпы қазіргі қолданып келген сөйлем мүшелерінің аттарын жалпы алып тастап, оның орнына жаңаша атаулар енгізуді көздейді;

3) Ғалымдардың үшінші бір тобы сөйлемнің тұрлаулы мүшесін ғана сақтап, тұрлаусыз мүшелерді жалпы алып тастауды ұсынады;

Қ. Жұбанов сөйлем мүшелеріне тоқталып, зертеу жұмыстарын жүргізе келе аталмыш сөйлем мүшелерді екі жақты қарастырғаны белгілі. Зертеулерінде негізгі екпінді орын тәртібі мен жасалуы сияқты өзекті дүниелерге қойып, сөйлемнің тұлаусыз, тұрлаулы мүшелері хақында жаңа ұсыныстар жасауды мақсат етті. Осы жолда еңбектене келіп, «О построении порядка слов в казахском предложении», «Из истории порядка слов в казахском предложении» сияқты ғылыми еңбектерінде ғалым сөйлем мүшелерінің жасалуын, негізгі сипаттамаларын сөз етеді.

Оған қоса Х. Басымов : «Осы күнге шейін қазақ грамматикасындағы аяғы жерге тимей келген мәселенің бірі – осы сөйлем мүшелері болып келеді» деген пікір білдірді [1, 37 б.]. Бір қызығы, әлі күнге дейін осы мәселенің табанына жердің иісі де бармаған сынайлы көрінеді. Десе де бүгінгі таңда осы мәселенің бір пұшпағын илеп жүргендердің арасынан синтаксис мәселесін жан-жақты зерттегендер де баршылық.

Жұбановтың сөйлем мүшелері хақындағы ғылыми пікірін, көзтастасын «Жаңа грамматикалық жаңалықтар жайынан» атты ғылыми мақаласынан көруімізге болады. Бұл туралы ғалым Талғат Сайрамбаев «Сөйлем мүшелерінің зерттелуі» атты ғылыми мақаласында былай дейді:

«Ғалым сөйлем мүшелерін топтастыруда А. Байтұрсыновтың жүйелеуіне сын айтады. Оның сөйлем мүшелерін жасаудағы көзқарастарына бүтіндей қарсы екендігін дәлелдейді. Қ. Жұбанов сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері туралы өзінен бұрынғы авторларды

сынай келіп, олардың жүйелеулерінің көбіне мағыналық ерекшелікке тоқталғанын дұрыс емес деп тауып, сөйлем мүшелерін топтастыруда тұлғалық принципті басшылыққа алады» [1, 36 б.].

Міні, осы еңбегінде автор жоғарыда атап өткендей сөйлем мүшелерін бөліп қарап, көбіне тұрлаусыз сөйлем мүшелері жайлы көптеген жаңашыл ойларымен бөлісіп, тұжырымдар жасап өткен.

Сөйлем мүшелерінің зерттелуі қаншалықты маңызға ие болса, оның оқытылуы одан да зор мәнге ие екендігі бесенеден белгілі. Сол жолда Хасен Арғыновтың «Қазақ тілі синтаксисі методикасының негіздері» атты 1969 жылы жарық көрген еңбегінде былай деп жазылған:

«Сөйлем мүшесі жайында жалпы түсінік бергенде, оның сөйлемдегі қызметі мен мағынасына қарай тұрлаулы және тұрлаусыз болып өз ара жіктелетінін тек атап қана өттік. Ал енді тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелер жайында жан-жақты олардың өзіндік белгілері мен анықтамасын саналы меңгеру керек» [2, 151 б.], – дейді.

Арғыновтың синтаксисті мектепте оқыту жөнінде жазған еңбектері, тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелерге берген анықтамалары қайран қалдырмай қоймайды. Әсіресе, назарымызды елең еткізгені, әр сөйлем мүшесін қандай әдіспен оқытып, қандай тапсырма беру арқылы жеңіл түсіндіруге болатынын, ол аз болса, әр сөйлем мүшесінің мән-мағынасын, атқарар қызметін түсіндіруде алдына жан салмаған.

Тоқсан ауыз сөзімізді түйіндей келе, көңіл көкжиегіне кептелілген дүниелерді кестелей тізе отырып, сөйлем мүшелері мәселесіндегі зерттеу жұмыстарын қарастырып, алдағы уақытта қорғалар дипломдық жұмысыма да қажетті көптеген материалдарға ұшырастым. Қайнар бастауында тұрған Ахмет Байтұрсынұовтардың мағынасына қара жасаған жіктеуіне байланысты, жоғарыда көрсеткен Хасен Арғыновтың сөзі, яғни қатқан қағидаға байланып қалмай, сөйлем мүшелерінің анықтамасын айқын түсіну зерттеуде де, оқытуда да басты мұрат екенін ескергеніміз жөн. Ғылыми шындық – тартыс, талас, ұсыныстың негізінде бой көрсететін құбылыс. Әр тұжырым егжей-тегжейлі зерттеулерді талап ететіні сөзсіз. Сол себепті сөйлем мүшелерінің кешегі зерттелуі мен бүгінгі оқытылуы хақында әлі де талай мақала жазуға болатыны ақиқат.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 <https://emirsaba.org/talfat-sajrambaev.html?page=3>

2 Хасен.А. Қазақ тілі синтаксисі педогогикасының негіздері. Алматы: «Мектеп», 1969. – 294 б.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ОРЫС ТІЛІНДЕГІ ЕСІМШЕНІҢ ҚОЛДАНЫС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

БАҚЫТЖАН А.

студент, Тұран-Астана университеті, Нұр-Сұлтан қ.

ТӨКЕНҰЛЫ М.

ф.ғ.к., доцент, Тұран-Астана университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Мақалада қазіргі қазақ тіліндегі есімшенің қолданыс түрі талдауға түскен. Еесімше қолданыс негізінде белгілі бір іс-әрекеттің негізін нақты айқындауға тырысатындығы және белгілі бір мағына тудыратындығы жөнінде айтылады. Сондай-ақ есімшенің лексикалық мағынасы бар ма, әлде жоқ па деген сұрақ қарастырылған. Осы тұрғыда қазақ грамматикасында біршама пікірталас туындағандығы жөнінде ғылыми еңбектерге шолу жасалған. Бұл талас негізінде қазақ грамматистері екі түрлі көзқарасты, бірі келісу, екіншісі қарсылық таныту көзқарастарын ұсынғаны жөнінде айтылады. Сонымен қатар, есімшенің қысқартылып айтылу жағдайы да ойлантарлық мәселе екенін, фузиялық құбылыстар да есімшелік қолданыстарда кездесетіндігін мақалада айтып өтеді. Есімшенің қолданыс ерекшеліктерін орыс грамматикасымен салғастырып талдайды.

Қазіргі қазақ тіліндегі есімшенің қолданыс түрі бірнеше негізде кездеседі. Нақты айтсақ, есімше қолданыс негізінде белгілі бір іс-әрекеттің негізін нақты айқындауға тырысады, белгілі бір мағына тудырады. Осы орайда айта кететін жағдай, есімшенің лексикалық мағынасы бар ма, әлде жоқ па? Осы тұрғыда қазақ грамматикасында біршама пікірталас туындағандығын ғылыми мақалалардан оқып жүрміз. Бұл талас негізінде қазақ грамматистері екі түрлі көзқарасты, бірі келісу, екіншісі қарсылық таныту көзқарастарын ұсынған. Сонымен қатар, есімшенің қысқартылып айтылу жағдайы да ойлантарлық мәселеге жатады, нақты айтсақ, фузиялық құбылыстар да есімшелік қолданыстарда кездеседі. Есімшенің қолданыс ерекшеліктерін орыс грамматикасымен салғастырып көрсек, орыс грамматикасында келесі түрде берілген. Между причастиями русского и казахского языков много сходного и даже общего. Причастие в обоих языках выступает как морфологическая категория.

В грамматиках русского языка причастие считается особой формой глагола, так как «... в русском языке причастия образуются от глаголов и совмещают в себе признаки глаголов и прилагательных».

Причастие казахского языка также представляет собой особую глагольно-именную форму, имеющие признаки, сходные, с одной стороны, с глаголом, с другой-с именем прилагательным.

В русском языке причастие является неспрягаемой формой глагола. Оно само по себе не может употребляться в качестве простого глагольного сказуемого (эта форма не представляет какого-либо наклонения: изъявительного, сослагательного или повелительного).

О категории причастия в тюркских языках проф. Н. К. Дмитриев пишет: «Если с одной стороны, причастия различаются во времени и принимают аффиксы сказуемости, то с другой-они как всякое прилагательное, определяют признак предмета».

В казахском языке причастие представляет собой одну из самых употребительных форм глагола, здесь его роль в предложении более значительна, чем в русском языке. В предложении оно выступает главным образом в качестве сказуемого и определения, реже, субстантивируясь,-как подлежащее и дополнение. Функции причастия в узбекском языке А. Азизов дает такое определение: «Когда причастия выступают в функции сказуемого, они, по существу, не являются причастиями, а представляют собой форму причастного прошедшего или будущего времени глагола».

Аналогичное явление наблюдается и в казахском языке, в котором в отличие от русского причастия является спрягаемой формой глагола и если находится в конце предложения, то переводится на русский язык как глагольное сказуемое прошедшего или будущего времени. В этом случае причастие принимает личное окончание сказуемости и сохраняет основной признак глагола-способность образовывать отрицательную форму при помощи аффиксов отрицания, напр.:

Ғалым М. Балақаев сөздерінен мысал алсақ, онда:

Сен онымен келіс-кен-сің.	Ты с ним договорился.
Сен онымен келіс-ер-сің.	Возможно, ты согласишься с ним.
Біз жылдық жоспарды орындау үшін күрес-кен-біз.	Мы боролись за выполнение годового плана.
Біз бұрын осында кел-е-тін-біз (1,457).	Мы раньше приходили сюда.

Как видно из примеров, показателем определенного времени являются аффиксы причастия. При этом причастие, в отличие от обычного спряжения глаголов, спрягаются как именные слова, т. е. в 3-м лице обоих чисел не принимают соответствующего личного аффикса, что приближает их к именам прилагательным.

Причастие в обоих языках имеет следующие глагольные признаки:

1 Оно сохраняет в обоих языках все значения, имеющиеся у глаголов, напр.: *Девочка вышла из класса.* – *Девочка, вышедшая из класса* (действие изнутри наружу). *Мальчик заговорил.* – *Заговоривший мальчик* (начало действия). Эти же предложения можно передать на казахский язык так: *Кішкене қыз класстан шықты.* – *Класстан шыққан кішкене қыз.* *Бала сөйлей бастады.* – *Сөйлей бастаған бала.* Здесь, как и в русских предложениях, причастие казахского языка сохраняют те значения, которые имелись у глаголов.

2 В обоих языках в причастии, как и в глаголе, различаются переходность и непереходность напр.: *мальчик, смотрящий картину,; отец, любящий сына.* Причастия *смотрящий, любящий,* образованные от глаголов *смотреть, любить,* сохраняют значение переходности. Аналогичное явление наблюдается и в казахском языке: *Картина көріп отырған бала; Баласын сүйетін бала. Бала картина корді* (нені көрді? – картинаны) *Әкесі баласын сүйеді* (кімді сүйеді? – баласын). В этих предложениях, как в русском языке, глаголы *көр, сүй* и причастия *көрген, сүйетін* обозначают действие, переходящее на прямой объект.

Глаголы *идти, сидеть, смеяться* – непереходные, и причастия, образованные от них, – *идуший, сидящий, смеющийся* – также непереходные. Подобные примеры можно привести и из казахского языка: причастия *жүрген, ұйықтаған, отырған, күлген,* как и глаголы *жүр, ұйықта, отыр, күл,* от которых они образованы, являются непереходными.

3 В обоих языках причастие управляет теми же падежами, что и соответствующий глагол. Напр.: *Девушка, занимающаяся русским языком, делает большие успехи. Прицел товарищ руководящий кружком.* Причастия *занимающаяся, руководящий,* как и глаголы *заниматься, руководить* (чем?), управляют творительным падежом. Посылать телеграмму – посылающий телеграмму (управляют винительным падежом).

Это же явление наблюдается и в казахском языке напр.:

Станциядан шыққан поезд.	Поезд, вышедший со станции.
Мектептен қайтқан оқушы.	Ученик, вернувшийся из школы.
Станцияға келген поезд.	Поезд, прибывший на станцию.
Мектепке келген бала.	Ученик, пришедший в школу.

В первых двух предложениях причастия шыққан, қайтқан, как и глаголы шығу, қайту, требуют постановки связанных с ними существительных в форме исходного падежа, а в последних предложениях оба причастия келген, как и глагол кел, требуют детально-направительного падежа.

Н. Назарбаев еңбектерінде Бейбітшілік үшін күрескен кездесетін мәнді афоризмдерден адамдар [2, 2].

алсақ, онда; Қалаға қарай Дорога, ведущая в город.

апаратын жол.

Дорого ведет в город.

Жол қалаға қарай апараты.

Человек борется за успехи.

Адам табыс үшін күреседі.

Человек, борющийся за успехи.

Табыс үшін күрескен адам.

Люди борются за мир.

Адамзат бейбітшілігі үшін Люди, борящиеся за мир. күреседі.

4 В русском языке причастие, как и глагол, имеет категорию залога, напр.: Мать *умывает* сына – *умывающая* сына мать (действительный залог). Мальчик *одевается* – *одевающийся* мальчик (собственно-возвратный залог). Друзья *встретились* – *встретившиеся* друзья (взаимо-возвратный залог). Деньги *выдаются* кассиром – деньги, *выдаваемые* кассиром (страдательный залог).

Ғалым М. Серғалиев: «В казахском языке причастие так же, как и в русском, может сохранять все залоговые значения того глагола, от которого оно образовано. При этом в производных глаголах как залоговые, так и причастные значения выражаются путем наращенных соответствующих аффиксов залога и причастия к первичным залогам», - деп көрсетеді [3,78].

Казахские односложные глаголы в своей первоначальной форме выражают только действия, без дополнительных оттенков. При наращении соответствующих аффиксов первичные глаголы приобретают дополнительные оттенки. Эти дополнительные оттенки есть выражение залогов, видов глагола. Такому семантическому и формальному осложнению подвергаются почти все глаголы.

В следующих примерах можно увидеть, что и причастия в казахском языке образуются так же, как и все грамматические формы кітап *оқы+л+ды* – книга прочитана (здесь страдательный залог глагола прошедшего времени); *оқы+л+ған* кітап – прочитанная книга (здесь причастие страдательного залога). Мен *онымен кезде+с+кен+мін* (здесь причастие *кезде+с+кен+мін* выражает

взаимный залог, но передается на русский язык как глагольное сказуемое прошедшего времени изъявительного наклонения *договорился*; бала *ки+ін+ді* – мальчик *одевался*, ана *баласын ки+ін+дір+ген* – мать *одевала сына* (т. е. мать как бы заставляла сына одеваться – понудительный залог).

5 В русском языке причастие также объединено с глаголом общностью видовых образований. У каждого глагола имеются признаки вида и одновременно переходности или непереходности. Отсюда и глаголы разных видов имеют свои причастия, напр., причастие *прочитанный, устроенный* образованы от глаголов совершенного вида *прочитать, устроить*, а причастия читающий, строящий – от глаголов несовершенного вида *читать, строить*. Глагол совершенного вида не имеет настоящего времени, следовательно, от глаголов совершенного вида нельзя образовать причастий настоящего времени [3, 98].

Кроме того, в образовании причастий также большую роль играет переходность и непереходность глаголов, так как от непереходных глаголов нельзя образовать страдательных причастий. В связи с этим некоторые глаголы в русском языке имеют все четыре формы причастия, а некоторые – три, две и даже одну. «Отдельные глаголы имеют неодинаковое количество причастий. Ограничения в образовании причастий связаны с различиями глаголов в отношении переходности и вида». Поэтому принято делить глаголы на четыре группы. В каждой из групп объединяются глаголы в зависимости от сочетания в них значений вида и переходности или непереходности, как-то:

1) непереходные глаголы несовершенного вида: *дремать, ходить, гулять, прыгать, идти*;

2) переходные глаголы несовершенного вида: *решать, смотреть, оберегать, спрашивать*;

3) переходные глаголы совершенного вида: *спросить, заслужить, повторить, принести*;

4) непереходные глаголы совершенного вида: *убежать, прыгнуть, уйти, заняться и т. д.*

Ғалым М. Томанов: «В отличие от русского, в казахском языке причастие любой формы может образовываться как от переходных, так и от непереходных глаголов, сохраняя при этом значения переходности или непереходности того глагола, от которого она образована», – дейді [4, 56 б.]. Напр.: *отыр* (сидеть) – *отырған* (сидящий), *отырар* (возможно будет сидеть; намеревающийся)

сесть), *ұйықта* (спать) – *ұйықтаған* (спавший, который спал) – непереходное причастие. А от переходных глаголов *жаз* (писать), *мақта* (хвалить) образуются переходные же причастия *жазған* (написавший), *мақтаған* (хваливший).

Как уже было сказано, в казахском языке нет глагола, от которого не могла бы образоваться хоть одна какая – либо форма причастий. Поэтому группировка глагола в отношении их переходности или непереходности для образования причастия в казахском языке необязательна.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Балақаев М. Тіл мәдениеті. /М. Балақаев. – Алматы: Арыс, 2014. – 608 б.

2 Назарбаев Н. Өткен тарих өткелдері. /Н. Назарбаев. – Алматы: Ғылым, 2014. – 465 б.

3 Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. /М. Серғалиев. – Алматы: Арыс, 2015. – 265 б.

4 Томанов М. Әлеуметтік тілтаным мәселелері. /М. Томанов. – Алматы: Балауса, 2014. – 157 б.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ПАЙЫМЫ

БАУЫРЖАН Р.

студент, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

СҮТЖАНОВ С. Н.

ф.ғ.д., профессор, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Тәуелсіздік жылдарында қазақ әдебиетіне, соның ішінде қазақ поэзиясына тыңнан түрен салып бір топ талантты ақындар легі келген болатын. Поэтикалық тілі өз қатарлас-қаламдастары арасында айқын өзгешелік танытатын өкілдері қатарына: Есенғали Раушанов, Тыныштықбек Әбдікәкімов, Ұлықбек Есдәулет, Гүлнәр Салықбай, Нәзира Бердалы, Жанат Әскербекқызы, Ақберен Елгезек, Ерлан Жүніс, Құралай Омар мен Танакөз Толқынқызы сынды қалам ұстап жүрген ақындар. Олар – қазіргі қазақ поэзиясында өздерінің ақындық тұлғаларын қалыптастырып, оқырман қауым мен әдеби жұртшылыққа танылған, әбден мойындалған шығармашылық өкілдерінің белді буыны, әдеби процестің бүгінгі кезеңнің салыстырылмалы түрде орта буыны. Сондықтан олардың шығармашылықтары аталмыш буынның ең талантты, жаңашыл

өкілдерінің қолтаңбасы ретінде қазіргі қазақ поэзиясының даму, өркендеу дәрежесінің көрсеткіші бола алатындай жоғары деңгейдегі поэзия болып табылады.

1990–2010 жылдар қазақ өлеңі үшін лирикалық поэзиялық өзгеше түрленіп, идеялық-мазмұндық жағынан да, көркемдік сапасы, түрлік ізденістері тұрғысынан да маңызды жаңашыл белгі-нышандар мен байып, тереңдей түскен жемісті кезеңі болды. Қоғамдық санадағы аласапыран өзгерістер, ұлттық ой-санадағы сілкіністер лирикаға да жаңа тыныс, соны деп әкелді. Осы кезең әдеби процесіндегі қазақ лирикасы ой тереңдігімен, таным қарымымен, көркемдік қуатымен сөз өнерінің басқа көптеген салаларынан гөрі әдеттегідей ұшқыр – оңтайлы, елгезек жанр ретінде бір қадам озық тұрғандай, әрі басқаларынан белсендірек сипат танытады.

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетінің даму заңдылықтарына сүйене отырып, жас авторлардың көркемсөз өрісіне қосқан шығармашылық ізденістері анықталғаны айқын. Төл сөз өнеріміздің қазіргі даму үрдісін жоғарыда аты аталған ақындарымыздың шығармашылықтарыңыз бағалау мүмкін емес. Сол себепті де бұл қаламгерлердің әдебиетімізге қосқан үлестері ғана емес, ұлт руханиятын байытудағы рөлдері де айтуға тұрарлық. Қос ғасыр тоғысындағы жас қаламгерлеріміздің поэзия жанрындағы жетістігі және бүгінгі жаңалықтары, олардың көзқарасындағы жаңаша пайымдаулары мен ойлары біздің жазылымға түрткі болды.

Қазіргі қазақ поэзиясының түрлік-көркемдік ерекшеліктерін, поэзия тілі жаңалықтарын, ырғақ жүйесі, талдау, сипаттау әдіс-тәсілдерді тұрғысында аталған ақындардың өлең-жырларындағы көркемдік жүйелеуді, ұлттық белгілерді, образдардың сұрыпталу ерекшелігі мен сомдалу шеберлігіне үңілсек еді.

ҚР мемлекеттік сыйлығының иегері Ұ. Есдәулетұлының отаншылдық, елдік мұраттармен суарылған сыршыл да намысты өлеңдер жинағы «Киіз кітап» қазақ лирикасының қазіргі заманғы көркемдік әлеуетін көтере түскен рухани олжа есебінде бағаланды.

«Мынау кітап тартып отырған талай тауқыметіміздің басын шалса да, кеудеңе үміт гүлін егіп, жігеріңе жігер қосатын, тәуекелге мінгізіп, тәубеңе келтіретін парасатты жырларға толы».

Жайық үшін жан бергендер,

Еділ үшін егесін.

Қиғаш үшін қырылғандар –

Қазір бір-бір төбешік...

Басын иіп өтуі керек
Уақыт өзі бұл жерден

Тағзым етіп тұруы керек келген қоғам төресін.

Ұ. Есдәулетұлының «Киіз кітабындағы», «Күріш», «Жаралы Барақ батыр». «Қобда», «Исатай батыр қабірі». «Ұлытау», «Кұрбандық», «Қобыз үні», «Қарой, Махамбет», «Алматы, Желтоқсан» толғауларынан түзілген «Қара шаңырақ, Иманнұр» топтамасы атамекенді ардақты тұлғаларымен аялайды. Ақындық «Меннің» алдаусыз рас болмысынан қайнап шығатын бейнелі тілмен жасанған өлеңнің көркемдік кернеуі поэзияның бәсін көтере түседі.

Қара Қобда қан сасыды,

Көбін шашып қан ақты.

Қан кірпігін әрең ашып,

Қанды көзбен таң атты.

Қапияда қырғын, тапқан қобыландар жанарын

Қарға шұқып,

Қорқаулар мен қара шыбын талапты.

Аса шынайы, жаны жұмсақ, кішіпейіл өлеңдерімен әдеби кеңістікке ерте, еркін кірген Ұлықбек ақын Тәуелсіздік жылдары өлеңін өткерлік дарыған, әлеуметшілдігі айқын тың бағыттарымен байытты.

ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Н. Айтұлының жүздеген жылдарға кеткен Азаттық жорығын, бостандықтың арман, арпалыспен қолға түскен бағалы, кәделі жолын дәстүрлі эпикалық баяндау, аңыздау, тарихи жырлар үлгісінде толғаған дастандары тәуелсіздік кезең поэзиясының көркемдік даму бағыттарында өзінді мәңге ие болды. «Осы Тәуелсіздік идеясы тоғыз дастанға ортақ желі тартқан бұл жинақ – «Тоғыз тараудан» тұратын «Тәуелсіздік дастан» атты эпикалық роман ретінде әсер қалдырады»

Біздің уақытымыздың рухы тұнған «Бәйтерек» поэмасында ақын Астана туралы толғанады. Астана – тәуелсіздік құрбандарына мәңгілік ескерткіш. Астананың күн санап бой түзеп, қазіргі заманғы сәулетті шаһарға айналып келе жатуы тұтас елдіктің тұғыры.

Жөнкілген бостандықтың көші қандай,

Сарқылған құрдым қайта тасығандай!

Көзінен келгендердің қамсынады,

Жыртығын жүдеу қала жасырғандай.

Бұл – 1997 жыл. Ақын болашаққа болжам айтады. Сол болжам ертедегідей шындыққа айналды.

Уаққа емес, қаратып дүниені,

Астана шыттай жаңа киінеді.

Қазақтың көсемінің алдына кеп,

Тәкаппар талай бастар иіледі!

Ата тарихты ілгерідегі бабалар дәстүрі машығанда өлеңмен ашып, шежіре, шешен сөзге ұйыта баяндауды жаңғырту бағытын мығым ұстанған ақынның «Бас сүйектер», «Төлегетай», «Жалаң төс», «Сардар», «Бердікожа», «Ақмола шайқасы», «Желтоқсан – Мұқағали», «Ерлік пен тектілік», «Ту», «Тоғыз тарау», «Ерліктің ескерткіші» т.б. поэмаларындағы эпикалық екпін, есілген сөз оралымдарының поэтикалық салмағы құнарлы мазмұнға көркемдік маңыз қосты.

ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Е. Раушановтың «Файша бибі» поэмасы Тәуелсіздік тұғырлары бостандығы эпикалық толғамның озық үлгілерінің бірі.

Ежелгі дәуірден бергі өзекті күйді – халық пен билік баянын Есенғали ақын жаңа уақыттың ең жауапты құбылысы мәнінде ақындық үрдіске батыл енгізді. Діни ұстаным, дүниетаным бағытында да Алланың пәрмені ұзақ адасуда жүрген адам баласының шектеулі тағдырын үздік көркемдеу тәсілдерінде тәпсірлеген Есенғали Раушанов әлем әдебиетіндегі шығарма бітімін Ұлы Мәнмен нәрлендірудің ежелгі озық арқауын қазақы пайымға қайта сіңіру бағытындағы қапысыз суреткерлерік әлеуметін байқатты.

Поэмада көркем әдіптелген тұспал, астарлаудың озық үлгілері ұдайы назарға ілініп отырады. Адамзат тарихымен қатар жасап келе жатқан көне де жасаң поэзиясының аспан асты, жер үстің ұйытқан сырлы сазы құлақтан кетпей, дауалы күйімен әлдилейді. Е. Раушановтың дүниенің ұлы қисындарын сезіндіру машығы ақындық алқапты еркін шарлау рахатын сыйлайды. Әр сөз, әр тармақ, әр шуақта тұнған шыншылдықтың сәулесі мен нәрленген поэтикалық мән ұлан – асыр көркемдік әсерге бөлейді. Ежелгі эпостың оралмды, ой жетегін үзбей есіліп жататын жатық баяндау үлгісі шығармашылық ұтымдылықпен дамытылған поэмада кейіпкерлер ой текетіресі әрекет аталы сөз ауқымында авторлық, азаматтық ұстаныммен астаса дараланып, тұлғаланады.

Ақын ұлттық төлтума өнер айтыс өлеңнің қатты айтуға, ашшы айтуға, бетке айтуға жөн беретін жанырлық мүмкіндігін ұтымды қолданған.

Мұхаммет пайғамбар, Күлтегін, Жігіт-қаған, ақын қыз Файша, мәңгілік ергежейлі жырлардың, заман, қоғам бейнесі тұлғаланған

дастанның құрылым, тіл, обрыз ашудағы, табиғаты түйсіндірудегі шебер өрімі, автордың ой-азаттығы, көркемдеу кеңістігіндегі шығармашылық еркіндік үйлесімі қазіргі қазақ поэзиясының озық бағыттарын поэтикалық әлеуетін танытады.

Осы кезеңдегі поэма жанырының тақырып аясы, эпикалық құлаш-қарымы Жәркен Бөдештің «Аңырақай бекетіндегі», «Генерал Жохар Дудаль», «Исатайдың баласы», «Жалғыз», «Бостандықтың басы», «Қарауыл төбе», т.б. поэмаларында өзіндік көркемдік алымда көрініс беріп отырады. «Жолаушы» поэмасында күнкөріс қамымен шетке кеткен, толған соң Елді ұмытқан ұлдың айтқанға көнбес құлқын иіткен күй күдіреті, ұлттық рух қуаты жайлы айтылады.

Асқар Егеубайдың түркі әдебиетін зертеу бағытында нақтылы тарихи деректер қозғау салған «Шу батыр», «Мыс шаһар», «Қала салған қазақтар» егіз дастаны сынды туындылары эпикалық жаңырдың көркемдік өрісін кеңіте түсті.

ҚР Мемлекеттік халықтық, ұлттық мұраттар, биік адамгершілік ұстанымдар арқау болған сыншыл философиялық толғамдары тәуелсіздік дәіріндегі поэзияның даму, қалыптасу бағыттарындағы жеке шығармашылық тұлға әлеуетін айқындай түскен сыршыл лириканың озық үлгілері есебінде танылып, бағаланды.

ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Иранбек Оразбаевтың Абай дәстүріндегі өлең үлгілері ақынның қоғам, адам болмысындағы жан қыжылын, пәнсапалық ойларын көркемдік шешімге тартуындағы әсерлі бейнелілік дарытқан, ұтымды, жатық тәсілдердің бірі болып орнықты. Мінезді өлеңдердің көркемдік – стильдік дара сипатын айқындай түсті.

Мен де –
Бетті бастым,
Мен де –
Тұра қаштым
Көбігімен жудым кір –
Көзден аққан жастың ...

Ақын нарық заманының ауыртпалықтарын сезінеді, жаһандану дәуіріндегі халықтың керенау, байғамдау қалпына аландайды, күйіп күйзеледі. Оның поэзиясындағы өткір сыншылдық қалғымайтын қырағы азаматтық ұстаным, жаңа үлгілер, өзіндік поэтикалық кеңістік қазіргі қазақ өлеңінің мәнді көркемдік нышандарына айналды.

Қазақ поэзиясындағы дәстүрлі, ел мінезіне күйіну, күйзелу, аландау сарыны белгілі ақын Исраил Сапарбайдың «Рухнама» жыр

жинағында да айқын «Тайқазан», «Қазақта жаңаша таныстыру», «Менталитет», «Жаһандану жаңғырығы», «Ерлердің ісі бітер ме?», «Менің әлемім», «Отырар ойлары», «Біздің қоғам» толғамдары – қаламым құрғатпай замана күйіне аландап отырған ақынның қалпын қапысыз сезіндіреді.

Әдет шіркін қала ма, қанға сіңген?

Әлі күнге келеді арбасумен.

Жалқаулығын қайтерсін ала бөтен

Алтын басып жатқандай жанбасымен!

Тәуелсіздегі кезеңіндегі поэзия ХХ ғасырдың адамзатқа жасаған асқан «сыйы» – атом апаты тұрғысында елеулі ойлар толғады.

Қазақ жеріндегі қырық жылғы жарылыстың бақ үркіткен бейдауы опаты азаматтық лирикада ширыққан екпінді желі түзді.

Б. Жақыптың «Тамыздың жиырма тоғызы» атты ұзақ толғамында жарылыстың бейдауа сұмдығы, жан шыдамас ақиқаты және бір қырларынан ашыла түседі.

Тамыздың жиырма тоғызы...

Күн емес шар шықты

Дегелең деген өр таудың

Кеудесінен сол күні жан шықты

Тәуелсіздік жылдар поэзиясында ұлттық бітім даралығы, дәстүр, салт-сана, туған, ата-анаға сағыныш, адамдық қилы аңсар, көңіл-күй, сезім жырлары сыршылдық бағыттағы жаңа ағыстар түзді.

Бүгінгі уақыттың өзекті күйлерін, өткен тарихтың тағылымын, келешектің баянды бағыттарын ұлттық сана, ұлттық болмыс, ұлттық мұраттар, ұлттық мүдделер, жалпы адамзат игіліктер ауқымында толғап отырған өміршең поэзия – халқымыздың сарқылмайтын рухани қуаты.

Поэзия – сөз өнері. Көркемдік шеберліктің теңдесі жоқ озық үлгісі. Оның үстіне поэзияның аса маңызды әлеуметтік қоғамдық құбылыстарды бейнелеп көрсете алатын зор мүмкіншілігі бар. Ол айналамыздағы дүниені, өмірді танып білудің күшті құралы, біздің қоғамдық ой-санамыздың, көркемдік сезіміміздің үлкен, өнімді саласы. Сондықтан поэзиядағы сөз суреттілігі, бейнелілігі өмір шындығынан нәр алып, соған тікелей жалғас туады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Есдәулет Ұ. Киіз кітап. – Астана: Ролиант, 2012. – 121 б.

- 2 Айтұлы Н. Бәйтерек. – Алматы: Арда, 2010. – 108 б.
 3 Раушанов Е. Бозаңға біткен боз жусан. – Алматы: Жазушы, 2012. – 57 б.
 4 ХХІ ғасырдағы қазақ әдебеті (2001 – 2011 жж). Жинақ. – Алматы: Арда, 2001. – 112 б.
 5 Сапарбай И. Рухнама. – Алматы: Жазушы, 2015. – 124 б.

СПОРТТЫҚ ДИСКУРСЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

БОЛАТОВА А. Б.

студент, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

ЕРФАЛИЕВ Қ. С.

ф.ғ.к., профессор, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

«Дискурс» ұғымын анықтау қазіргі тіл білімінің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. «Дискурс» термині ХХ ғасырдың 60-70 жылдарынан бастап гуманитарлық ғылымдарда кеңінен қолданылып келеді. Қазіргі кезде дискурс ұғымына түрлі сипаттама беріліп жүр. Солардың бірі – У. Чейфтің пікірінше, дискурс шынында да көп қырлы ұғым, оған бір-ақ тұрғыдан сипаттама беріп, мәнін бір-ақ сөзбен ашу мүлде мүмкін емес. Дискурс ұғымының ең жиі қолданылатын анықтамасы – «ауызша сөйлеу тәжірибесі» және «тілді қолдану» ұғымдары [1, 51 б.]. Бұл жерде ағылшын тіліндегі лингвистикалық әдебиеттерде дискурсқа берілетін негізгі мағына – тілдің қатынастық қызметі, яғни қолданыстағы тіл.

Дискурс ұғымына анағұрлым толық анықтама берген Н. Д. Арутонова: «Дискурс – это связный текст в совокупности с экстралингвистическими, прагматическими, социальными, культурными и психологически-сериями факторами, текст, взятый в событийном аспекте, речь, рассматриваемая как целенаправленное социальное действие, как компонент участвующий во взаимодействии людей и механизмов их сознания, речь, погруженная в жизнь», – дейді [2, 136 б.]. Көрсетілген анықтамадағы дискурс ұғымын жеке-дара әрі лингвистикалық аспектіде ғана қарастыру мүмкін емес, оны басқа да гуманитарлық ғылымдармен бірлікте қарастыру қажет екені көрініп тұр. Дискурс сөйлеуші мен тыңдаушы атты бір-біріне қарама-қарсы қойылған рөлдің болуын талап етеді.

Жалпы дискурс ұғымына шетел ғалымдарының пікірі жетерлік. Дискурс термині француз тілінде «discours» – сөйлеу, ал ағылшын тілінде – талқылау, лебіз, сөйлеу деген мағынада жұмсалған болса,

ал кейіннен «айтушыға, сөйлеушіге меншіктелген сөз» деген жаңа мағынада қолданылады. Орыс тіл білімінде дискурс ұғымы дискурс, сөйлеу, сөз, мәтін деп айтылып жүр. Дискурс термині американдық лингвист З. Харристің 1952 жылы жарияланған «Дискурс – анализ» атты мақаласында тұңғыш рет көрініс тапқан еді.

М. Стаббс дискурсқа төн үш белгісін көрсетеді: 1) формальды тұрғыдан дискурс – бұл тілдік бірлік, яғни сөйлемнің көлеміне байланысты болады; 2) дискурс тілдің әлеуметтік контекспен қарым-қатынасын қарастырады; 3) өзінің ұйымдастырылуында дискурс диалогті түрде болып келеді [3, 65 б.].

Дискурс өз алдына екі жақты құбылыс болып келеді. Бір жағынан алғанда, ол – когнитивті құбылыс, яғни білімді беру ісімен байланысты, ал екінші жағынан қарағанда, дискурс – коммуникативті құбылыс болып табылады. Себебі дискурс жүйесінде ақпарат тек коммуниканттар арасында ғана жүріп отырады. Дискурстар мәтін түрінде кездеседі. Дегенмен, тіл біліміндегі соңғы зерттеулерге байланысты дискурс тек мәтін түрінде емес, тіпті басқа дискурс түрлерінде де кездесіп отырады. Мұндай өзара байланыс дискурстың мәтін шекарасында интердискурсті деген атауға ие болды. Мәтін өзінің құрамы мен құрылысына, тақырыбы мен ішкі құрылымына қарай қиын болғанымен, басқа дискурстар ішінде кең ауқымда көрінеді. Мәселен, ұлттық дискурс өз ішінде төмендегідей түрлерін ажыратады: саяси, ғылыми, ауызекі сөйлеу, аргументті, заңды, көркемдік және т.б. Әрбір дискурс өз ішіндегі дискурста көп мағыналы жағдайлар түрінде болады. Мысалға алатын болсақ, заңды дискурсқа сот дискурсы, еңбек құқығы дискурсы, қылмыстық құқық дискурсы т.б. жатады. Коммуникативтік феномен ретінде дискурс өз алдына белгілі бір қиын сөйлеу актісінің жүйесін құрайды. Сөйлеу актісін адамның өзін қоршаған ортамен қарым-қатынас кезінде алатын ақпараты деп түсінуге болады.

Қазіргі таңда дискурсты қолданыс аясына байланысты бірнеше түрге бөліп жүргені белгілі. Дискурс түрлеріне: ғылыми дискурс, спорттық дискурс, әскери дискурс, іскери дискурс, шешендік дискурс, поэтикалық дискурс, балалық дискурс, масс-медиа дискурсы, жарнама дискурсы, экономикалық дискурс, педагогикалық дискурс, электрондық дискурс т.б. жатады. Жалпы дискурс ұғымы прагмалингвистика, психолінгвистика, әлеуметтік лингвистика, антропология, әдебиеттану, лингвомәдениеттану, философия ғылымдарының тоғысында тұрғандықтан, оған белгілі бір категория ретінде анықтама берудің өзі деқиындық тудырады.

Спорттық дискурс – спорттық қызмет шеңберіндегі қатысушылар арасындағы байланыс түрі. Спорттық іс-шараларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау процесінде барынша көрінеді. Спорттық дискурс пен бұқаралық ақпарат құралдары дискурсының ажырамас байланысын ескере отырып, спорттық дискурс келесі түрлерге бөлінеді: теледидар, баспа, радио және интернет дискурсы. Спорттық дискурстың жетекші жанрларының бірі – теледидар.

Лингвист ғалымдар назарларын спорттық дискурсқа аударып отырып, бұл ұғымға әртүрлі анықтамалар берген. Жалпы дискурстың көптеген анықтамалары сияқты, спорттық дискурстың 3 ұғымының көп өлшемділігімен түсіндіріледі. Зерттеушілер осы күрделі құбылыстың әртүрлі аспектілерін талдайды. О.А. Панкратова дискурсты лингвосомиотикалық жүйе ретінде зерттей отырып, спорттық дискурс – бұл спорт субъектілерінің сөзі. Спорт механизмінің негізін құрайтын ұғымдар жүйесін сипаттау дискурстық білім, спорттық дискурстың негізгі тұжырымдамалары протоконцептерді «ойын», «жарыс», «денсаулық», «күш», «ептілік», «батылдық», «сұлулық», «даңқ», «жеңіс» деп атайды [4, 22 б.]. Ал С. А. Кудрин спорттық дискурстың негізгі метафораларын және олардың мәтін құраушы рөлін егжей-тегжейлі қарастыра отырып, спорттық дискурсты спортты әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде сипаттайтын, бірқатар экстралингвистикалық факторлардан туындаған және спорт институтының қалыптасу процесінде қалыптасқан коммуникативті тәжірибелер жиынтығы ретінде қарастырды». Спорттық дискурстың негізгі метафораларын талдай отырып, автор мәтін құрушы ретінде мыналарды ажыратады: «команда – бұл механизм», «ойын – бұл жол», «ойын – бұл құрылыс», «команда – бұл қоғам», «команда – бұл организм» [5, 20 б.].

Спорттық дискурстың негізі әрі басты белгісі – спорттың әлеуметтік институттармен байланысы. Ол спорттық процеске немесе іс-шараға қатысушылар арасында, яғни өздерін тілдік тұлғалар тобы ретінде көрсететін, өздерінің коммуникативтік ниеттерін әртүрлі жолмен білдіретін спорт субъектілері арасында өтеді.

П. Г. Евдокимованың пікірінше, спорттық дискурста коммуниканттар – спорт субъектілері – тілдік тұлғалардың үш тобын әртүрлі ұсынады. Олардың коммуникативті мақсаттарын көрсету: бірінші топ (спортшылар, жаттықтырушылар, төрешілер, әкімшілер) спорттық нәтижеге қол жеткізу мақсатында өз сөздерін құрылымдайды; екіншісі – жанкүйерлер мен көрермендер –

спорттық іс-шараға тікелей қатысушылардың іс-әрекеттері мен дайындық нәтижелерін эмоционалды бағалайды; үшіншісі – спорттық комментаторлар мен спорттық журналистер – виртуалды жанкүйерлер, телекөрермендер, радио тыңдаушылары және оқырмандар үшін оқиғаның барысын тіркеп, сипаттайды [6, 56 б.].

Спорттық дискурс спорттық және басқа дискурстарды біріктіру орындарында жүзеге асырылады. Мысалы, спорттық және педагогикалық қабаттасу саласында – жаттығу, ойын немесе өнер көрсету, спортшылар мен жаттықтырушылардың жиналысы және спорттық дайындықтың ерекшеліктерін қарастыратын бірқатар басқа жанрлар; спорттық және медициналық-спортшыларды емдеу және дәрі-дәрмекпен қолдау; спорттық және іскерлік-жаттықтырушы, спортшы және спорт ұйымдары қол қоятын келісімшарттар, жыл, ай үшін қаржылық есеп, жинау, жарыстардың өткізілуін растайтын құжаттар, жарыстардың мерзімдерін нақтылайтын, белгілі бір спортшының немесе команданың жарыстарға қатысуы, ақшалай сыйақылар; спорттық және заңдық – әртүрлі шарттар, келісімдер мен келісімшарттар.

Жоғарыда аталған жанрлардың ішінде ауызша және жазбаша деп бөлуге болады. Жазбаша дискурстарға спорттық іс-шаралар көрсетілген күнтізбелер, жаттықтырушылардың жоспарлары мен есептері, спортшылардың интернет-блогтері, әлемдік және континенттік спортшылардың рейтингілері, спорттық анонстар мен хабарландырулар, интернеттегі спорттық сайттар кіреді. Ауызша дискурстарға спорттық репортаждар мен сұхбаттар жатады.

А. Б. Зилберттің пікірінше, спорттық және бұқаралық медиа дискурстың бірігуін көрсетеді, өйткені бұқаралық коммуникация арналары спорттық дискурс таралуының негізгі арналары болып табылады. Зерттеуші әрқашан спорттық дискурста бұқаралық медиа дискурстың өкілі бар екенін айтады. Бұл рөлде теледидар, газет немесе радио журналисі болуы мүмкін. Ол өз репортажын жүргізетін белгілі бір спорт түрі мен аудитория арасындағы делдал болып келеді. Байланыс бір жақты, кері байланыс жоқ. Мұндай байланыс ретилді деп аталады. Сонымен қатар теледидарда сурет, дыбыстық ауызша мәтін және кейбір жағдайларда музыка бір уақытта берілетін кезде фенестративті деп аталатын ақпаратты ұсынудың құрылымдық әдісі басым болады [7, 103-112 б.].

Спорттың эмоционалдылығын арттыру білім беру, ойын-сауық функцияларын қамтамасыз етеді, сонымен қатар эмоционалды босата алуға көмектеседі. Сонымен қатар егер «пассивті» жанкүйерлерге

әсер ету ақпараттық және ойын-сауық функцияларымен шектелсе, онда спорттық ақпарат өмірдің ажырамас бөлігі болып табылатын белсенді жанкүйерлер спорттық дискурстың ақпараттық, аналитикалық, тәрбиелік, насихаттау функцияларының көрінісін сезінеді. Мұндай функционалды әртүрлілік көбінесе спорттық дискурстың жанрлық құрылымының ерекшелігін анықтайды.

Спорттық дискурс оқиға немесе спорттық үдеріс пен оның қатысушылары арасында, яғни спорт субъектілерінің арасында жүреді. Ол спорттық және қандай да бір басқа дискурстың біріккен жерінде жүзеге асады. Мысалы, спорттық және педагогикалық салада – жаттығу, спорт ойындарын көрсету, спортшылар мен жаттықтырушылардың жиналысы және спорттық дайындықтың ерекшеліктерін қарастыратын басқа жанрлардың толық қатары.

Қорытындылай келе, жоғарыда айтылғандардан спорттық дискурс – бұл спорттық іс-шараларға қатысушылар (жаттықтырушылар, спортшылар, медицина қызметкерлері, жанкүйерлер және спорт журналистері) арасындағы қарым-қатынастың бір түрі, оның міндеті коммуникативтік мақсаттарды жүзеге асыру болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Кибрик А.А. Когнитивные исследования по дискурсу // Вопросы языкознания. – №5. – 1994. С. 126-139.
- 2 Арутюнова Н. Д. Дискурс // ЛЭС. – М., 1990. – 136-137 с.
- 3 Выготский Л. С. Дискурс и текст. – М., 2001. – 250 с.
- 4 Панкратова, О. А. Лингвосомиотические характеристики спортивного дискурса. – Волгоград, 2005. – 22 с.
- 5 Шаховский, В. И. Языковая личность в эмоциональной коммуникативной ситуации [Текст] / В. И. Шаховский // Филологические науки. – №4. – 2002. С. 59–67.
- 6 Борботько, В. Г. Элементы теории дискурса [Текст]: учебное пособие / В. Г. Борботько. – Грозный: Чечено-Ингушский государственный университет им. Л. Н. Толстого, 1981 – 113 с.
- 7 Зильберт Б. А. Спортивный дискурс: базовые понятия и категории; исследовательские задачи // Язык, сознание, коммуникация / Вып.17, М., 2001. – С. 270

ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАР БЕЙНЕСІ

ЕРТІЛЕУОВА А.

студент, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

ҚҰРАЛҚАНОВА Б. Ш.

ф.ғ.к., доцент, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Көркем шығарманың басты тұлғасы – адам. Көркем шығарма дәлдігі – адамның ішкі әлемін, құпия-қалтарыстарын нақты бейнелеуінде. Жазушы кейіпкерінің ішкі әлемін, рухани өмірін, кейіпкерінің әрбір іс-әрекетінің себеп-салдарын көркемдік тұрғыда зерделей-зерттеп, жан-жақты талдап жазғанда ғана психологиялық шығарма талабына сәйкеседі. Филология ғылымдарының докторы Ш.Елеукунов: «Өмір талабы – әдебиет талабы. Ол әдеби процесінің ішкі даму қажеттілігімен жарасымды ұштасады. Ұлт әдебиеттерінің басым бөлігінде осы заман тақырыбын игеру өткен заманның көркем шежіресін жасау жолымен жүзеге асып отырғанын әлдебір кездейсоқтық деп түсінуге болмайды. Бүгінгі күннің қаһарманын тану үшін сол қаһарманның әдеби «генеологиясына», үрім-бұтағына да көз жүгірту керек. Халықтың кешегі мен бүгінін, бүгін мен ертеңін салыстыра отырып білу үшін де бұл өте қажет» [1, 54 б.], - деп кейіпкер жасауда, тақырып игеруде қажет, қолданылуы тиіс нақты дүниені меңзейді. Әдебиетімізде осындай қаһарман ретінде танылған шынайы кейіпкерлер жетерлік. Ал ол қаһарманның оңы мен солын ажыратқан, ақылы толысқан ел ағасы болуы немесе қазынаға айналған қарт болуы, әлде өмір баспалдағына жаңа қадам басқан жас жеткіншек, бала болуы жазушының қиялына, оқырманға айтпақ идеясын кейіпкер арқылы жеткізу шеберлігіне байланысты болмақ.

Біз сөз еткелі отырған қазақ прозасындағы балалар бейнесін шығармасына арқау еткен қаламгерлер баршылық. Айтар болсақ, М. Мағауин, Б. Соқпақбаев, Ш. Айтматов, О. Бөкей, С. Мұратбеков және т.б. деп тізбектеуге болады. Қаламгерлердің «Бір атаның балалары», «Балалық шаққа саяхат», «Ақ кеме», «Тортай мінер ақ боз ат», «Жусан иісі» туындыларының басты кейіпкерлері ретінде танылған Зигфрид, Ертай мен Нартай, Тортай, Аян күнә атаулыдан пәк, мына жалған дүниеге сәби көңілмен, мөлдір, шынайы сезіммен қарайтын бала бейнелері. Жазушылар осы кішкентай кейіпкерлері арқылы шығарма тақырыбын, идеясын оқырманына шебер жеткізе білген.

Бала бейнесін арқау еткен «Жусан иісі» – Сайын Мұратбеков шығармаларының шоктығы биік туындыларының бірі. Ұлы Отан

соғысы жылдарындағы ауыртпалықты суреттейтін шығарма да, бала кейіпкер де мол. Бірақ автордың бұл шығармасы - ерекше. Оқиғаның өрбуі мен құрылымы да, логикалық ақыл-ойдың дара сабақтаса дамуы да, лирикалық шығарманың ішкі жан-дүниесі де оқшау. Соғыс жылдарындағы ауылдың тұрмыс-тіршілігі мен жай-күйін басты кейіпкер Аян мен басқа да ауыл балалары арқылы жеткізеді. Жетім қалған Аян ауылға келген сәттен-ақ балалармен тез достасып, өзіне үйіріп ала жөнеледі. Ол керемет ертегіші болатын. Әр кеш сайын ойындарын әбден қандырған үлкенді-кішілі балалар шаршағанын ұмытып, Аяның ертегісін тыңдауға жиналады. «Ғажап ертегілер еді... Дүниедегі жақсылық атаулының бәрі-бәрі: ерлік те, ізгілік те, сұлулық пен ақылдылық та, әйтеуір адамға тән не бір асыл қасиеттің барлығы сол Аяның ертегілерінде болушы еді. Аян батырлық туралы ертегіні айтқанда, біз – алым-жұлым киінген қара борбай балалар бір сәтке жадау қалпымызды ұмытып, ат ойнақтатып, жауға арыстанша шабатын нағыз қас батырдай сезінуші едік өзімізді» [2, 67 б.]. Бала қиялынан туған осынау ғажап ертегілер тыңдаушысын елітіп, керемет ойға жетелейтін. Автор Аяның бойына барлық балалық асыл, таза қасиеттерді, ақыл-парасат, қайтпас қайсарлық пен төзімділікті сіңіре білген. Оның серігі – балалық қиялы. Сол арқылы соғыста жүрген ағасы мен ерте айырылған ата-анасымен тілдеседі. Өзі кішкентай болса да, көрген қиындықтары оны ерте есейткен. Өзімен қатарлас балаларды ерте жүріп, әр ертегісі «Ертеде бір жетім бала болыпты» деп басталатын, қолы жете алмаған жерге ұшқыр қиялымен сапар шегетін Аян ауыл балаларын да үлкен арманға жетелейтін. «Жылауды әркім біледі. Мықты болсаң, нағыз еркектерше қиыншылықта жылама» деп төзімді болуға қайрайтын. Соғыста жүрген ағасының киімін иіскеп, жусан иісін сезуі, құшақтап жатып түсінде көруі арқылы жазушы баланың аңсауы мен сағынышын аңдатады. Жусан иісі – Аяның көкесінің тері күртесінің иісі, көктемде сезілер кең даланың аңқыған жұпары. Осылайша, Аян ауыл балаларының есінде мәңгі қалды. Мұндай бала жусанды төбеге бір оралмауы, жусан иісін сағынбауы мүмкін емес қой деген сауал қойған автор, оқиғаның соңын оқырманның өз қиялына қалдырады. Бала бойында жастайынан қалыптасқан рухани тазалық, асқақ арман-қиял, игі сезімдер болашақта үлкен жолдарға жетелейтіні сөзсіз екенін аңғартады.

«Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесінің кейіпкері - әке-шешесінен ерте айырылған жетім бала Тортай. Құлағының сәл мүкісі бар, ойынға көп араласа бермейтін, қой аузынан шөп алмас, мінезі тұйық.

Бірақ басқа балалардан бір ерекшелігі кітап оқығанды өте жақсы көреді. Қолына түскен кітапты таңдамай оқи беретін Тортайдың әңгіме мен ертегілерін ауыл балалары ұйып тыңдайтын. «Баяғыда бір жетім бала болыпты» деп басталатын баланың әңгіме-ертегісі оқыған кітаптары мен өз қиялынан туған армандарына жалғасатын. Әкесі мен шешесіндей жақын көрген, оқығанда бүкіл қиыншылығы мен жалғыздығын ұмыттырып жіберетін кітапты пір тұтады. Оның зеректігі, ағалық ақылы көпке үлгі боларлықтай еді. Ұшқыр қиялы алысқа әкетсе де, қолының қысқалығы, жалғыздығы жанын ауыртады. Түсінде көк өгізінің жер тарпыған ақ боз атқа айналуы бала қиялынан туған дүние. Автор кейіпкердің көрген түсі арқылы көп жайды аңғартады. «Жусан иісіндегі» Аян мен «Тортай мінер ақ боз аттағы» Тортай бейнесі ұқсас өрбиді. Аян да, Тортай да қиялшыл. Екеуі де әке-шешесінен, жақындарынан ерте айырылып, ерте есейген. Әңгіме, ертегіні өз ойы мен қиялынан тудырып, түрлендіріп айта біледі. Өздерінің қорғансыз, жетім болуы жандарына батып, одан бір сәт болсын құтылудың жолын бірі кітаптан, бірі қиялдан туған ертегі-әңгімесіне ерік беріп, ұмытуға тырысады. Ақ боз ат - Тортайдың жазушы болсам деген арманы екенін, сол арманға жете алмауын шығарма ішінде «менің мандайыма жазылғаны көк өгіз» деп шарасыздықтан мойындаған сәтінен білдіреді.

М. Мағауиннің «Бір атаның балалары» шығармасындағы бала кейіпкерлер – ағайынды Нартай мен Ертай, неміс баласы Зигфрид, татар баласы Рәшит, жойыт не орыс екені белгісіз Яков. Соғыс жылдарындағы ауылдың тұрмыс-тіршілігімен қоса қиын кезеңде ата-анасынан айырылған өзге ұлт балаларының тағдыры да суреттеледі. Ұлтына, нәсіліне қарамай ауыл тұрғындарының балаларды асырап алуы, оларға өз баласындай қамқорлық жасауы қазақ халқының кеңпейілді ұлт екендігінің тағы бір мысалы ретінде көрініс табады. Жаумен соғыста жалғызынан айырылған отбасы үшін бұл жазығы жоқ сәбилер сөнген шырағының қайта жануындай еді. Қанына тартады деген әңгіме-сөзді құлағына ілмей неміс баласын бауырына басқан Ахмет ақсақал, Ертайды алған бригадир Берден де, Нартайды алған орақшы Тілеубай да шын риза еді. Бұдан әрі балалардың жаңа отбасына келгендегі өмірлері, бүлдіршіндердің бұл өзгерісті қабылдаулары, ішкі ойлары мен өткен өмірлерін есте қалған бейнелері арқылы береді. Қазақ балалары ағайынды Нартай мен Ертайдың бөлек отбасыға кетуіндегі бір-бірінен айрылмай шырқырауы жұртты тегіс жылатқан еді. Соғыс зардабын тартқан жас жеткіншектердің тағдыры оқырман қауымға

ерекше әсер береді. Ағайынды Нартай мен Ертайдың өз әкешелерін іздеп табуға талпыныс жасауынан балалардың кішкене жүректері қорқыныш атаулыдан ада, батыл екендігін көрсетеді. Бірақ сол жолда екеуі де құрбан болады. Зигфрид Ахметұлы тегін алған неміс баласы бірте-бірте ортаға сіңісіп, өзінің қайсарлығымен, зеректігімен ерекшеленсе, Яков (Жақып) көрген қиыншылықтарына мойымай, тағдыр ағысына қарсы жүзе білді. Табандылығының, еңбекқорлығының арқасында барлығы өмірден өз орнын тапқан, үйлі-баранды бақытты отбасына айналды.

Шығарма ішіндегі барлық балалардың ойындағы ортақ нәрсе – кіммін? Қайдан келдім? Шыққан тегім, ата-анам кім? деген жауабы жоқ сауалдар еді. Өздерін бір күні әке-шешелері іздеп, тауып алатынына үмітпен қарайтын, шүбәсіз сенетін. Осылайша балалық үміт оты есейген шақта үзілген. Нәсіліне қарамай бауырына тартып, ата-анасынан айырылған жаны жаралы бүлдіршіндерді бауырына басқан бауырмал қазақ халқын, ержеткізіп, есейтуге, өмірден өз орнын тапқан азамат ретінде қалыптасуына септігін тигізген ұлы халыққа бұл балалардың айтары тек алғыс еді. Автордың негізгі идеясы қай халық, қай тілде болмасын жер шарын бірге мекен ететін адамзат барда мейірімділік, достық, ізгілік пен татулық туы мәңгі желбіремек.

Шыңғыс Айтматовтың «Ақ кеме» повесінде жетіні толтырып, сегізге аяқ басқан кішкене кейіпкер тағдыры суреттеледі. Табиғаттың қолдан жасаған тас мүсіндеріне ат беруі, бұлттарға қарап, бейне жасауы, өсімдік-гүлдермен сөйлесуі өзімен ойнайтын баланың жоқтығын білдірмей, айналасына тамсана қарайтын бала қиялынан туған дүние болатын. Әке-шешесі тастап кетіп, атасы Момынның қолында өскен бала, күндердің күнінде әкесінің Ыстықкөлден ақ кемемен іздеп келеріне бек сенетін, сарыла тосатын. Тіпті, көл жаққа әр күн сайын дүрбі салу баланың әдетіне айналған. Ыстықкөлде алғаш ақ шаңқан кемеңі көргенде жүрегі алабұртып кеткен еді. Әкесінің матрос екенін, және осы кемеде істейді дегеніне өзін сендіріп, және солай болса екен деген сәби сенімінен айрылмауға бекінген [3, 45 б.]. Сарғая күткен ақ кемесі-ақ арманы балаға бет бұрмағаннан кейін, кемеге ол өзі балыққа айналып жүзіп жетуді арман ете бастаған. Балыққа айналуға ынтызарлығы сонша, денесінің барлығы балықтан айнымай, тек қана қылқан мойны, қалқан құлағы осы бір қауақ басы сол қалпында қалса екен дейді. «Сау бола тұрындар, Ыстықкөлге жүзіп бара жатырмын, ақ кемеге барамын, онда менің әкем матрос болып істейді», – дейді [3, 50 б.].

Осылайша қиял жетегіндегі бала көңіл әкесіне, ақ кемесіне жетіп, көрген-білгенінің бәрін айтуды мақсат етеді. Бала қиялы шетсіз, шексіз. Оған ешкім де тоқтау сала алмайды. Оның осы ойы – үзілмес үміті. Автор бұл шығармада кейіпкер бейнесіне еніп, сан түрлі арман-мақсатқа жетелеген бала қиялына ерік береді. Баланың әкесін аңсаған қиялынан туған ақ кемесін асқақ арманы етіп көрсетеді. Ақ сөзі де баланың жүрегіндегі кіршіксіз таза, пәк екенін аңғартса керек. Бала кейіпкердің айналасында болып жатқан әділетсіздік, шарасыздық секілді қиындықтардан құтылудың жолын ақ арманына балық болып жүзіп кетуден табады.

Қорытындылай келе, бала бейнесін шығармаларына арқау еткен қаламгерлердің қай кезеңде туған туындыларын алып қарасақ та, барлығына ортақ құбылыс – күту, сағыныш, қиял, жалғыздық. Адам баласының кіршіксіз, таза шағының суреттерін беруде авторлар бала қиялына ерік береді. Сол арқылы оқырманға айтпақ ойын шебер жеткізе біледі. Біз қарастырған шығарма желісінде бала шақта үлкендерден ұйып-тындап өсер ертегі желісі, түс көру тәсілі көп ұшырасады. Бұл да жазушының кейіпкер психологиясын ашудағы ұтымды қолданған әдісі деп білеміз. Жетімін жылатпаған, баланы бауыр етіне балаған қазақ халқы үшін, жас ұрпақтың тағдырына, болашағына салғырт қарау салтымызға жат дүние.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Елеукунов Ш. Замандас парасаты. – Алматы: Жазушы, 1977. – 300 б.
- 2 Мұратбеков С. Жусан иісі. – Алматы: Анарыс, 2009. – 324 б.
- 3 Ақ кеме. Бетпе-бет. Алғашқы ұстаз [Мәтін]: әңгімелер / Ш.Айтматов,; [құраст. О. Асқар] – Алматы: Балауса, 2006. – 476 б.

ҚАЗАҚ ФАНТАСТИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ РӨЛІ

ЖАҚСЫЛЫКОВА Н. Х.

студент, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

АФАЛИЕВА Н. Б.

ф.ғ.к., доцент, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Балалар әдебиеті негізінен балалардың әдеби шығармашылығын, ақыл-ой, адамгершілік және эстетикалық тәрбиесін, сондай-ақ мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балалардың жалпы көкжиегі мен танымдық мүдделерін кеңейту мен өзін-өзі дамытуына зор ықпал етеді. Балалар шығармашылығы еліктеуге негізделген, бұл баланың дамуындағы маңызды фактор, атап айтқанда оның көркемдік және шығармашылық қабілеттері. Мектепке дейінгі жаста баланың көркемдік және шығармашылық іс-әрекетінің негіздері қаланады, олар дизайн мен оны жүзеге асыру қабілетінің дамуында, білімі мен идеяларын біріктіре білуінде, сезімдерін шынайы жеткізуінде көрінеді. Балаларды қазақ фольклорының шығармаларымен таныстыру кезінде ертегілер, мақал-мәтелдер, жұмбақтардың алатын орны ерекше. Сонымен, барлық фольклорлық жанрлардың ішінде ертегі-балалардың ең сүйікті жанры. Ертегі халықтың моральдық кодексінің бір түрі ретінде әрекет етеді, олардың қаһармандығы – адамның шынайы мінез-құлқының мысалдары [1]. Ертегілерде болудың қуанышты қабылдауы – адамның қадір-қасиеті үшін тұра алатын адал адамның тағдыры көрсетілген. Ертегі балаларды зұлымдыққа бағынбауға, проблемалар туындаған кезде бас тартпауға, бірақ қиыншылықтармен батыл күресуге және оларды жеңуге үйретеді. Балаларды халықтың мәдениетімен таныстыратын, оның ойларын, сезімдерін, мұраттарын жеткізетін, өмір туралы идеялардың шеңберін кеңейтетін және балалар қуанышының қайнар көзі болып табылатын да осы ертегі. Халық ертегілері арқылы оқушылардың көркемдік-шығармашылық қызметін дамыту-тәрбиеленушілердің шығармашылық әлеуетін өзектендірудің ең жақсы тәсілі, әлемді көркемдік-образдық игерудің негізі мен тәсілі. Балалардың көркем шығармашылығы айналадағы шындыққа қатты назар аударудан басталады және жарқын әсерлер, бейнелер, тәжірибелер, ассоциативті қиял негізінде өз туындыларын жасау қажеттілігін тудырады. Италияндық жазушы Альберто Моравия өзінің бір сұхбатында: «ертегі шынымен ертегі болу үшін, тек фантастика емес, бір-бірін жоққа шығаратын екі элемент қажет:

сюжеттің ерекше болуы және моральдың болуы. Ертегіге белгілі бір ысырапшылдық, тіпті абсурдтық қажет, сонымен бірге ол көркемдік логика заңдарына бағынуы керек» деп айтып кеткен. Осы кезде фантастика дегеніміз не, оның бала тәрбиесінде алатын орны мен маңызы қандай деген сұрақ туындайды. Фантастика (көне грекше: *φανταστική* – көзге елестету өнері) – әдебиеттің өмір шындығын қиял тұрғысында әсірелеп бейнелейтін жанры. Қазіргі заманғы фантастикаға ғылыми фантастика, қиял, қорқыныш, сиқырлы реализм және басқалар сияқты жанрлар кіреді [2]. Көркем әдебиет-қиял әлемі, керемет бейнелер, керемет кейіпкерлер, қызықты оқиғалар. Осындай кітапты оқығанда, өмірдегі қиындықтар мен қиындықтарды ұмытып кетесіз. Сіз бұл кітапты ұнатасыз. Мысалы, ерекше тіршілік иелері, галактикалық соғыстар туралы оқу өте қызықты! Сонымен, фантастика не үшін қажет? Меніңше, мұндай шығармалар ойға, қиялға орын беріп, күнделікті уайымнан алшақтатады. Біз басқа әлемге еніп, көп армандай аламыз. Өйткені, әр адам өзінің шытырман оқиғаларын, планеталарын, адамдардың сыртқы келбетін елестетеді. Фантастикалық шығармалар адамның шығармашылығын, қиялын дамытады. Фантастикалық әңгімелер мен әңгімелерді оқу жағымды ғана емес, сонымен қатар пайдалы! Жоғарыда айтылғандай, мұндай кітаптар шығармашылықты дамытады. Бірақ шығармашылық адамдар өмірде тек логикалық тұрғыдан ойлайтын және белсенді шығармашылық қызметке қабілетсіз адамдарға қарағанда үлкен жетістіктерге жете алады. Шығармашылық өмірдегі көптеген қиындықтардан аулақ болуға көмектеседі. Фантастикаға құмар адамдар фантастикалық әдебиеттің өте алуан түрлі екенін біледі. Кейбір шығармаларда фантастика – мазмұн, басқаларында – тек форма, әдеби әдіс. Қазақ әдебиетінің қиял-ғажайып шығармалар жинағын ұсынбас бұрын, алғашқы көркем шығармаларға көз жүгіртейік. Әдебиет саласындағы алғашқы фантастикалық жұмысты Ф. Беконның 1627 жылы жарық көрген «Жаңа Атлантида» кітабы. Яғни, бұл кітап барлық фантастикалық шығармалардың алдыңғы қатарында. Ал қазақ әдебиетіндегі алғашқы фантастикалық шығарма – А. Машанидің 1957 жылы жарық көрген «Жер асты саяхаты» кітабы [3]. Әрине, жерасты мен аспан адамдар үшін құпия. Жер қыртысының, беткі қабатының, жұқа қабығының және терең қабатының құрамы жаңа туған нәресте сияқты қызығушылық танытқан адамзатқа белгісіз. Ақжан Машанидің «Жер астындағы саяхат кітабы» оқырмандарды қызықтырып, қазақ әдебиетіндегі фантастикаға жол ашқан геология

бойынша алғашқы кітап. Аты айтып тұрғандай, кітап оқиғаларды басынан аяғына дейін сипаттайды. Автордың өзі даланың адамы бола отырып, мантия мен ядро туралы әңгімелейді. Бұл жерасты саяхаттарының көрінісін ғылыми фантастикалық тәсілмен әдемі жеткізеді. Қазақ фантаст жазушыларын айтқанда Медеу Сәрсекені айтып кетпеу мүмкін емес. Медеу Сәрсекені – қазақ әдебиетіндегі фантастикалық жанрдың дамуына зор үлес қосқан жазушы. 1959-65 жж. «Ғажайып сәуле», «Көрінбестің көлеңкесі», «От және атом» және «Жетінші толқын» аталған ғылыми-фантастикалық хикаяттары жарық көріп, жазушының соңғы шығармасы 1964 жылдан беріде мол таралыммен бірнеше мәрте басылып, 100 мың дана таралыммен орыс тілінде жарияланып, күллі Одаққа мәлім болды. БСЭ-нің 11-томында «М. Сәрсекені – ғылыми-фантастикалық туындыларымен Қазақ кеңес әдебиетіне ғылыми-қиял жанрының бастаушы пионері аталды...» – делінген. 1959 жылы «Ғажайып сәуле» повесі жарық көрді [4]. Оқиға арнайы сюжетте өрбиді. Көзге көрінбейтін адамның шығу тегі және ғажайып сәуле, тірі заттардың ядросындағы химиялық және физикалық қосылыстардың немесе нейтрондар мен протондардың адам ағзасына келтірген зияны және роман неге «Ғажайып сәуле» деп аталады. Бұл фантастикалық хикаяны оқымас бұрын, автордың «От пен атом» әңгімесіне көз жүгірткен пайдалы болар еді. Себебі автордың фантастикалық әңгімелері бір жүйеде жазылған. Бір оқиға – екіншісінің жалғасы. Қазақстанда алғашқы сериялы ғылыми-фантастикалық романдар жазған фантаст жазушылардың бірі-Жүніс Сахиев. Олар «Кеңістік көшпенділері», «Көктен келген көшпенділер», «Марстан шыққан жаңғырық». Оның осы сипатта жазылған қызықты шығармасының бірі – «Айдағы жасырынбақ». Оның қысқаша мазмұнына тоқталсақ, мектеп балалары жазғы демалыстан соң қайтадан оқу жылында мектепте кездеседі. Мұғалім оқушылардан жазғы демалыстарын қалай және қайда өткізгендерін сұрайды. Сол сәтте Жантемір орнынан атып тұрып, « – Апай, Мерген платетолог әкесімен және досы Сартаймен бірге жазда айға ұшып барып келіпті», – дейді. Мұғалім балалардан айда не көргендерін сұрайды. Сонда Сартай жасырынбақ ойнағанын айтады, ал оқушылар болса бұл жауапқа сылқ-сылқ күледі. Сонда Мерген айда көрген қаранғылық пен қою көленкелікті суреттейді, ойық шұңқырлармен жасырынбақ ойнағанын айтады. Олар көленкеде бір бірін көрмей қалатыны туралы әкесі ондағы атмосфераның жоқтығы, сонымен қатар бұрын айда тіршілік болып, сол кездегі тұрған адамдар ауаны ластағанын

айтады. Сол себептен қоршаған ортаны қорғау адамзаттың өз қолында. Бұл шығарма оқыған әр баланың бір сәтте айда шынымен де тіршілік бар екеніне сендіреді. Тек қана біз өмір сүріп жатқан жер планетасында ғана емес, басқа жерлерде де басқа тіршілік иелерінің болуы мүмкін деген ой келтіреді. Бұл кезде баланың қиялы, ойлау шеңберінің көкжиегі, шығармашылық түрде ойлағанын көз алдына елестету қабілеті дамиды. Бала осы шығармадағы басты кейіпкерлердің орнына өзін қойып, оқиғаны өзі қалағандай өрби алады. Фантастикалық әдебиет жасөспірімдерде абстрактілі және қиялдық ойлауды керемет дамытады, өйткені оқығанда кітапта суреттер көз алдына өздігінен пайда болады. Мұндай шығармаларды оқу әлемге жаңаша көзқараспен қарауға, таныс заттарды басқа қырынан көруге, бұрын көзден таса болған нәрсені қарастыруға итермелейді. Көркем әдебиет оқитын жасөспірімдер өз құрдастарына қарағанда шығармашылық қабілеттері артады. Кейінірек көрнекті ғалым немесе өнертапқыш болған балалық және жасөспірімдік кезеңдерде көптеген адамдар фантастикалық жұмыстарға үлкен қызығушылық танытқаны дәлелденген. Өнер табыстардың көпшілігі дәл сол немесе басқа фантастикалық романдарда немесе әңгімелерде сипатталған құрылғылармен немесе механизмдермен шабыттанған.

Сондай-ақ, көркем әдебиетті оқу жасөспірімге сыртқы әлемнің проблемалары мен қақтығыстарынан құтылуға мүмкіндік береді, былайша айтқанда күнделікті күйбеңдер мен уайым-қайғыдан дем алып, кітаптың өзіндік әлеміне еніп, өзін жұмбақ планеталардың ізашары немесе жұмбақ жерлерді зерттеуші сезінеді. Осылайша, көркем әдебиеттерді оқу сіздің балаңыздың одан әрі дамып, шығармашыл болуына, күнделікті күйзелістермен оңай күресуге, сонымен қатар өз қиялдары арқылы көптеген фантастикалық саяхаттарға баруға көмектеседі. Қазіргі кезде қазақ әдебиетінде фантастика басқа елдерге қарағанда баяу дамуда. Балалардың қиялын бала кезден дұрыс дамыту үшін мектеп бағдарламасына қазақ фантаст жазушыларына көп сағат бөлінуі дұрыс деп ойлаймын. Балада қиял ерте оянады. Балаға дүнедегі бар заттың бәрі жанды сықылды көрінеді. Баланың түсінуінше дүниеде мүмкін емес нәрсе жоқ. Бәрі мүмкін, бәрі болатындай. Бала ертегінің бәрін шын деп ұғады. Балалардың қиялы – бұл ойлау жұмысының нәтижесі, ал бұл психикалық процесс адам үшін өте маңызды. Альберт Эйнштейннің «Білуден гөрі қиял маңызды. Ақыр соңында, білім қиял бүкіл әлемді қамтитын сәтте біз түсінетін және білетін нәрселермен шектеледі»

деп бекер айтпаған. Фантастика жанрында жазылған шығармаларсыз даму болмас еді, өйткені біз оқу арқылы ойлау жүйесін дамыта аламыз. Баланың өмірінде қиял шешуші рөл атқарады. Балалардың ойыны толығымен қиялға құрылған және бұл мектеп жасына дейінгі баланың іс-әрекетінің жетекші түрі екенін айтсақ та жеткілікті. Ойында бала үйренеді, ойын арқылы өзара әрекеттесу негіздерін алады, қоршаған әлемді біледі. Фантастикаға үндеу-қазіргі қазақ әдебиетінде кең тараған құбылыс. Тіпті реалист жазушы болып саналатын М. Мағауин осы жанрдың кейбір қағидаларын басшылыққа ала отырып, «Мисс Қыпшақ» повесінде постмодерндік шығарма жазады. Кеңестік кезеңде, қазақ социалистік реализмінің идеологиялық жүйесі құлай бастаған кезде, ұлттық фантастиканың алғашқы символы танымал жазушылар М. Дүйсенов, Б. Соқпақбаев, Р. Тоқтаров, Т. Рымжанов және т.б. шығармаларында пайда бола бастады, ғылыми фантастика Кеңес өкіметіне қызмет еткен кезде, қиялға берілмеді. Себебі сана мен логикаға емес, сезімдер мен армандарға сүйене отырып, ол бейсаналық болады және кез-келген идеологияның азғырылуына жол бермейді. Сондықтан, бұл жанрда ескі назар белгілері басылып, билеуші таптың қарттары болған жазушылар басылып шықты. Постмодернизм элементтерінің әдебиетімізге сыни енуі осы жанрдың бағын ашты. Мысал ретінде Т. Рымжанов пен Р. Тоқтаровтың жұмыстарын келтіруге болады. Бұрын қазақ фантазиясы балалар әдебиеті мен ғылыми фантастика маскасын киген. Жұмыс жас балаларға емес, ақыл-есі кем жасөспірімдерге арналған. Сондықтан біз жазушыны балалар жазушысы деп атаған кезде, ертегілер мен ертегілердің жас айырмашылықтарын ескеруіміз керек. Жазушы мен батыс пен орыс қиялының айырмашылығы-ол бүкіл халыққа ортақ коммерциялық үлгілерді пайдаланбайды, тек Қазақстанға түсінікті өзінің ұлттық уәждері туралы ой жүгіртеді. Процесс соңында таза қиял, мәңгіге кетпей, қазақ постмодернизмінің дәстүрлі элементі ретінде қайта пайдаланылады. Ғылыми фантаст жазушыларды не қызықтырады? Бұл автордың қиялының кең жол ашатындығына және адамға қол жетімді емес элементтер баяндаудың өзегіне айналатындығына байланысты. Бірақ, біз мұны теориялық тұрғыдан айтсақ та, қазақстандық және әлемдік авторлар үшін мұның өз шектері мен ережелері бар екенін ұмытпаймыз.

Қорытындылай келе, фантастика – шығармашылықтың қайнар көзі. Шығармашылық процесс стандартты емес ойлауға, өзіндік белсенділікке, өзін-өзі тыңдай білуге негізделген. Қиялдың

көмегімен бала өзін ашады. Сондықтан балалардың қиялын дамыту өте маңызды. Егер бала күнделікті өмір тұрмысын көруден шаршаса, ол фантастикалық шығармалар арқылы сикыр, айдаһар, ханшайым, эльф және сикырлы тастармен әлемді таба алады. Бұған дәлел ретінде, кезінде әжеміздің ұйықтар алдында айтатын қызықы ертегілерін айта аламыз. Қай бала болмасын ерте десе ішкен асын жерге қойып, қызыға тындайды. Қазіргі 21 ғасырда бала қиялын теледидар, компьютерлік ойындар, ұялы телефондар арқылы дамықанша, әртүрлі фантастикалық шығармалар арқылы дамытқан өте пайдалы. Себебі кітап оқу ешқашан да сәннен шықпайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна» ЖШС, 2010. – 573 б.
- 2 Қазақстан: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 719 б.
- 3 Машани А. Жер асты саяхаты. – Алматы, 1957. – 55 б.
- 4 Сәрсекке М. Ғажайып сәуле. – Алматы, 1959. – 56 б.

ШӘКӘРІМНІҢ ЛИРИКАЛЫҚ ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ МАХАББАТ МӘСЕЛЕСІ

ЖАНАТ Е.

студент, Есік гуманитарлық-экономикалық колледжі, Есік қ.
АЛИМТАЕВА Е. К.

оқытушы, Есік гуманитарлық-экономикалық колледжі, Есік қ.

Қазақ әдебиетінің классигі, ұлы Абайдың бас шәкірті, әрі немере інісі Шәкәрім Құдайбердіұлының махаббат тақырыбына арналған туындылары тақырыптық-идеялық тұрғыдан талданды. Сонымен қатар, ақынның махаббат тақырыбына арналған туындыларының идеялық негізі арқылы өзім қатарлас оқушыларды адамгершілікке, бүкіл адамзат баласын сыйлауға, қазақтың ұлы тұлғаларын құрмет етуге шақыруды мақсат еттік.

Шәкәрім Құдайбердіұлының қазақ әдебиетінің тарихындағы маңызы аса зор туындыларының маңызы зор екендігі, әрбір келер буынның мұны жадыда тұтуы қажет екендігі жөнінде тұжырым жасалды.

Ұстаздың ұлы жолын ұлағат қылған ақын шәкірттер арасында шөқтығы биік тұғырлысы, Абайдың ерекше туған інісі... Шәкәрім

еді. ...қазақ поэзиясында Абайдан соңғы ең танымал есім. Абайдан соңғы ең көрнекті тұлға» [1, 265 б.].

Біртуар іні, бірегей шәкірттің жеке өмір жолында да, шығармашылық бағытында да Абай ізінің соқпағы жатқаны белгілі. Ақын бұны өз сөзінде де растап: «әкеміздің бір шешесінен туған – Ибраһим мырза, қазақ ішінде Абай деп атайды. Сол кісі мұсылманша һәм орысша ғылымға жүйрік, һәм алланың берген ақылы да бұл қазақтан бөлек дана кісі еді. Ер жеткен соң сол кісіден тәлім алып, әр түрлі кітаптарын оқып, насихатын тындап, аз ғана ғылымның сәулесін сездім» [2, 46 б.], – дейді.

Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығында махаббат тақырыбы ерекше орын алады. Ұстазы Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп», -дегеніндей, Шәкәрім шығармашылығындағы махаббат мәселесі де өзгеше сипатта деуге болады.

Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығымен таныса келе, ақын туындыларындағы махаббат тақырыбын бірнеше топқа бөліп қарастырдық:

1 Шәкәрімнің Жаратушыға деген махаббаты жырланған өлендері;

2 Ақынның бүкіл адамзат баласына деген махаббаты көрініс беретін шығармалары;

3 Екі жастың арасындағы махаббатты суреттейтін оқиғаға құрылған сюжетті поэмалары.

Бұл шығармалардың әрқайсысының өзіндік мән-маңызы айрықша, тағылымдық, танымдық, тәрбиелік мәні зор туындылар екендігіне көз жеткізуге болады.

Шәкәрім өлендерінің бір саласы Жаратушыға, жаратылыстың тылсым құбылыстарына арналады. Өзінің жар туралы жазған өлендерінің бірінде:

Менің жарым – қыз емес,

Хақиқаттың шын нұры.

Оны сезер сіз емес,

Көзден таса бұл сыры, – дейді де, ойын әрі қарай төмендегідей өрбіткен:

Жарға ғашық болғаным,

Танданатын түк те жоқ.

Жер жаралмай тұрғанында,

Менде асықтың нұры бар.

Шәкәрімнің өлендерінде кездесетін Жар ұғымы Алла, Жаратушы деген мағынада қолданылады.

Абай мен Шәкәрім шығармашылығында адамгершілік мәселесі бастапқы орында тұрады. «Бірінді, қазақ, бірін дос, көрмесен істің бәрі бос», – дейтін ұстазының ұстамын ұстанған Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығында адам баласына деген сүйіспеншілік айқын байқалады. Ол жер жүзіндегі халықты ешбір ұлтқа бөлмейді. Өзі бірнеше шығармасын аударып, көзі тірісінде хат жазысқан Л.Толстойға тіл тигізгендерге араша түседі:

Танбаймын, шәкіртімін Толстойдың,

Алдампаз, арам сопы кәпір қойдың.

Жанымен сүйді әділет ардың жолын,

Сондықтан ол иесі терең ойдың.

Толстой кәпір емес, кәпір өзің,

Дін емес, бәрі алдау айтқан сөзің.

Шәкәрім Құдайбердіұлы – дін жолын жетік білген қажы адам. Ел ішіндегі молдалардың дініне қарап әлемдегі барша адамды сансаққа бөліп тастағанын қаламайды.

Бұл кездегі діндердің бәрі – нашар,

Ешбірі түзу емес көңіл ашар.

Өңкей алдау, жалғанды дінім дейді,

Тексерсең, ойың түгіл жаның сасар

Әлемдегі діндердің түп мақсұты

Үш нәрседе бұлжымай құшақтасар:

Құдай – бір, ұждан – дұрыс, қиямет – шын,

Еш діннің мақсұты жоқ мұнан асар.

Дін адамды бір бауыр қылмақ еді,

Оны бөліп, дұспандық қару жасар.

Інжіл, Құран – бәрі айтып тұрса-дағы,

Мағынасынан адасып қара басар.

Сүйтіп бұзып, бүлдіріп есіл дінді,

Дін десе білімділер тұра қашар.

Ешбір дін үйтіп дұспан бол демейді,

Қанеки, бұл сөзіме кім таласар?

Осы өлеңнің мазмұнында жоғарыдағы Абай айтқан «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп», – деген ойы толықтай шығады. Шәкәрім дінге алаламай, ұлтқа бөлмей барша адам баласын сүюді дұрыс көреді. Ол үшін адамгершілік пен ақыл-білім ғана адамдардың арасындағы таразы болмақ.

Шәкәрім өлендерінде сынау бар, тіпті әжуа мен сатираға да жол береді. Бірақ оның мағынасы біреудің мінін бетіне басып келекелеу, мазақ қылу немесе ел алдындағы беделін түсіру емес. Ақынның

мақсаты біреудің бойынан көрген мінді өлең жолына өрнектей отырып, сол қылықтан, мінез-құлықтан арылту. Ақынның осындай мақсаттағы «Қалжыңшыл қылжақпас», «Еріншек», «Құмарлық», «Ызақорлар», «Сәнқойлар» т.б. әжуаға құрылған арнауларының өзі зор махаббатпен жазылған деуге болады. Адам бойындағы жағымсыз әрекетті сынға ала отырып, түзетуді мақсұт етеді. Бұл ойымызды Шәкәрімнің мына бір өлең жолдары дәлелдей түседі:

Жаман әдет тастауға ұнасалық!

Мына мінез қалай деп сынасалық!

Түп-тура бетімізге айтысалық!

Ашуланбай, ақылмен шыдасалық!

Шәкәрім Құдайбердіұлы – қазақ әдебиетінің классигі, ұлы гуманист, ойшыл, ірі ақын. Абайдың бас шәкірті Шәкәрім шығармашылығы ұстазының ұстанымымен толық сәйкеседі. Шәкәрім де өзінің барлық шығармаларында адамгершілік, махаббат мәселесін негізгі өзек ете білді. Шәкәрімнің «қыз, қызық, батырды айтар кезім емес» деп отырғандай, махаббат жайлы шығармаларының өзінде Шәкәрімнің гуманистік, адамгершілік идеяларын-адал еңбекті, әділеттілікті, мейірімділікті жақтауы, зорлық-зомбылықты, қиянатшылықты әшкерелеуі прогресшіл, жаңашыл қоғамдық күштердің озат ой-санасының жарқын көрінісі болғаны және халықтың түпкі түбегейлі арман-мүделерін терең түсінуден туғаны анық. Шәкәрімнің дүниетанымы, қоғамдық ой-пікірлері, философиялық, эстетиялық көзқарастары ХІХ ғасырдың екінші жартысында негізінен қалыптасты. ХХ ғасырдың бас кезіндегі әдебиетпен мәдениет қайраткерлері ішінде Шәкәрім ойшыл, ақын-жазушы ретінде жұртшылыққа кеңінен танылған, Абай заманына өзгелерден бір табан жақын тұрған, екі ғасыр арасын жалғастырушы ірі тұлға болды.

Шәкәрім Құдайбердіұлының махаббат тақырыбына арналған өлеңдері, «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Нартайлақ пен Айсұлу» сияқты оқиғалы дастандар, «Әділ-Мәрия романы сияқты прозалық туындылар туды. Бұлардың барлығында негізгі тақырып махаббат болды.

Ақын поэмаларындағы тақырыптық жүйенің, ақынның көркемдік шешімі мен ақын позициясының зерттеу нысанына алынып отырған барлық поэмаларында ортақ болып келетіндігі осындай тұжырым жасауға басты мұрындық болды. Мәселен, ақын тарихи оқиғаның ізімен жазған, не болмаса нәзира дәстүрімен сюжетін өзге жұрттан алып жырлаған поэмаларының қай-

қайсысында да сезім қылын селт еткізбей қоймайтын махаббат атты күдіретті, мәңгілік қуатты тақырыпты таңдап алады. Сүйіскен жастардың трагедиялы тағдыры ешкімді де бей-жай қалдырмасы анық. Шәкәрім жастар махаббатының қанды оқиғаға ұласу себебін немесе олардың тағдырларының бір арнаға тоғыспауының, дәм-тұздарының қосылмауының себебін қоғамдағы сан алуан жағдаяттардың құрбаны болуынан деп көрсетеді. «Қалқаман-Мамыр» поэмасында екі жастың құрбанға шалынуына жеті атаға дейін қыз алыспайтын ата салттың бұзылуын желеу еткендігін, «Еңлік-Кебек» поэмасында «дегенше жесір кетті өлген артықты» медеу тұтқан ру адамдарының адам өлімін әділетті деп тапқан кеудемсоқ әрекеттерін бейнелейді. Махаббат мәселесін тірек ете отырып, соның негізінде өрбіген оқиғалар арқылы өткеннің озығын үлгі етіп, тозығын тәркі қылуға үндейді. Бір ортақ тақырып төңірегінде сан алуан ой өрбіту шеберлігі ақын шығармаларының құндылығын еселей түскен.

Шәкәрім Құдайбердіұлы қоғамда орын алып отырған өзекті мәселелердің барлығын махаббат тақырыбындағы эпикалық шығармаларына енгізе білген шебер суреткер. Сонымен қатар, өзінің бүкіл шығармашылығында Жаратушыны, бүкіл адамзат баласын сүйе білуді уағыздаған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мағауин М. Шәкәрімнің шеберлігі // Жұлдыз. – 1988. №10, 178–185 б.

2 Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы: Қазақстан; «Сана», 1991. – 80 б.

3 Құдайбердіұлы Ш. Үш анық. – Алматы: Қазақстан: Ғақлия ғылыми-әдеби орталығы, 1991. – 80 б.

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ ТОПОНИМДЕРІНІҢ ТҮСКЕ ҚАТЫСТЫ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АТАУЛАРЫ

КАЗКАНОВА А. Е.

студент, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

ЕРҒАЛИЕВ Қ. С.

ф.ғ.к., қауымд. профессор, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Топонимика – ономастиканың өзіндік ерекшеліктері мол, негізгі саласының бірі. Ономастика – заттарды жекелеп айтатын

жалқы есімді зерттейтін тіл білімі саласы. Ономаст ғалымдар, оның ішінде Т. Жанұзақов «Географиялық атауларда халықтың тарихы, тілі және тарихи география жөніндегі қыруар бай материал, құнды деректер сақталған», – деп бағалайды [1, 7 б.]. Т. Жанұзақовтың, Ә. Әбдірахмановтың, О. Сұлтаньяевтың зерттеулерінде қазақ ономастикасы халықтың тарихы мен мәдениеті, этнографиялық байланыста қарастырылса, Е. Қойшыбаевтың зерттеулерінде қазақ топонимикасына, теориялық, әдістемелік жетістіктері едәуір болғаны байқалады. Ал Павлодар облысының топонимиясы тілдік тұрғыдан арнайы зерттелгенімен (В. Н. Попова, «Гидронимы Павлодарской области». –Томск, 1966), осы аумаққа қатысты арнайы топонимдер жайлы географиялық тұрғыдан ғылыми ізденістер жүргізілген жоқ деуге болады [1, 7 б.].

Дүние жүзі тілдерінде не көп десек, жалқы есімдер көп, оның ішінде жер-су аттары (топонимдер) көп, біздің Қазақстан да одан кем емес. Қазақ жерінің ойы, қыры, тауы, даласы, көлі, өзен-бұлақтары, қысқасы, сан-салалы табиғат көрінісінің әрбір аттамы атсыз емес. Меншіктен берілген өз аттары бар, атсыз адам болмайтыны сияқты атаусыз өңір жоқ. Сәйкесінше, оның ішінде Павлодар облысы да бар [2, 3 б.].


Павлодар облысының топонимдерінің пайда болуы, жалғасуы және қалыптасу тарихы, тілдік кабаттарының құрамы және олардың мағыналық топтары тілдік тұрғыдан қарастырылып, оның тарихы мен қалыптасу заңдылықтары, жергілікті халықтың өткен өмірімен, тіршілік болмысы және қазіргі кездегі ономастикалық мәселелері жан-жақты баяндалады [1, 9 б.].

Павлодар облысында түр-түске қатысты географиялық атаулар жиі кездеседі. Оны В. Н. Попованың «Словарь географических названий Казахстана. Павлодарская область» атты сөздігінен кездестіруге болады. Бұл сөздікте 5000 мыңға жуық қала, аудан, ауыл, тау, өзен, көлшіктер атаулары берілген. Оның ішінде ақ, қара, сары, қызыл, көк, қоңыр, боз, жасыл түстерімен байланысты атауларды көре аламыз.

Әр өңірдің жер-су аттарында түр-түске байланысты компоненттер көп кездеседі және олардың барлығы түр-түстік мағына беріп тұр деп үзілді-кесілі айту қиын. Бұл саладағы зерттеулерге (Е. Қойшыбаев, Ә. Әбдірахманов т.б.) қарағанда құрамында *ақ, қара, қызыл, көк, сары, боз, ала* т.б. түр-түс атаулары кездесетін топонимдер түстік мағынадан алыстап, бағыт-бағдарды

және неше түрлі заттық түсініктерді білдіретін геосимволика, космогония дәрежесіне көтерілгендігін аңғарамыз.

Павлодар облысы бойынша түр-түске қатысты қала, аудан, ауыл атауларының сызбасы



«Ақ» компонентті жер-су аттары қазақ топонимикасында өте жиі және топоним түрлерінің (жер, су, тау, қала, мекен, дала) бәрінде де кездесе береді. Мысалы: Ақсу, Ақтоғай, Ақсай, Ақбұлақ, Ақжар, Ақтерек, Аққобы, Ақшеңгел, Ақмола т. б.

Енді осының ақ сөзі біздің түсінігіміздегі «ақ» түсті білдіріп тұр ма, әлде басқа мағынада да қолданылып тұр ма? Шынында да, мәңгі қар басып, мұз қаптап жатқан таулардан нәр алып, оның жылғалы қойнауларымен етекке қарай құлай ағып жатқан асау сулардың көп жерде «ақсу» атануы кездейсоқ болмаса керек. А. Н. Кононовтың пікірі бойынша, бұл жердегі *ақ* су түсінің ақтығын көрсетіп тұрған жоқ, керісінше, ол «ағынды, ағыны қатты тау суы» дегенді аңғартады.

Әрине, *ақ* түстің гидронимге қатысты мағынасы тек осымен ғана шектелмесе керек. Ол Ақбұлақ, Ақжылға, Ақтұма, Аққайнар, Ақбастау сияқты атауларда «таза, мөлдір, қар суы» деген ұғымдарды беруі де даусыз [3, 110 б.].

«Сары» сөзінің ономалық мәнін ғылыми тұрғыдан сарапқа салу үшін *Сарыарқа* атауының құрамындағы *арқа* және *сары*

сынарларының төркінін бағдарлайық. Халық этимологиясы бұл атаудағы «сары» сөзінің түсінігін жер бетінің қуаң тартып, сарғайған түсіне балайтын да, «арқа» сөзінің түсінігін мүлде айтпаған. Бұл тым жұтан ұғым, өйткені жаздың ыстық тамызынан соң дала атаулы түгел сарғаяды да, бірақ олардың бәріне *сары* сөзі қаз-қатарымен қолданыла бермейді, тек бірен-саран Сарыжылға, Сарыөзек дегендегі тіліміздің төл сөздерінен жасалғандарында ғана «сары» сөзі түстік бір объектінің бетінің сарылығы үшін қолданылады. Ал «Сары» қарды теуіп жайылған, Сары аязда жусаған, Сары арқаны қыстаған, Жылқының жайы болмас па?» деп келетін аллитерациялық тіркестерде «сары» сөздері «сүр» (қар) және «қақаған» (аяз) мәндерінде қолданылса, өзге де сондай «сарыгідір» (жасамыс), «сарытоқым» (аты-шулы) т.б. тұлғалармен келетін алуан түрлі мәнде қолданылатын кезектері көп. «Сары» сөзінің тіркесімен келетін (Сарыарқа жүйелес) Сарыадыр, Сарыбел, Сарыдала, Сарыжайлау, Сарыжал, Сарытау, Сарысу, Сарыбұлақ, Сарықұм, Сарықопа, Сарыой т.б. осы топтағы атауларға зер салсақ, бұлардың қай-қайсысының болсын түспен (сары түспен) байланысты мәні байқалмайды. Керісінше, Сарыжайлау, Сарыбел, Сарыдала тіркестерінің әлденендей бір фразалық немесе жартылай фразалық, тұрақтылық функциясы барын, сондай бір көтеріңкі сезіммен айтылатын әлеуметтік күйі барын байқаймыз [2, 20 б.].

Біз *сарыарқа* тұлғасын «кен жон, жалпақ үстірт, шексіз қырқа» мәніндегі атау деп түсінеміз. Сол ынғаймен осы туыстас *Сарысу*, *Сарытау* т.б. атауларындағы сар сөзінің мәнін үнді-араб тілдері төркіндес, «кен байтақ» деп ұғамыз. *Саржайлау* атауы – сарғайып кеткен даланың сиқы емес, – «кенжайлау», *Сардала* – кең дала, *Сарозен* – «кен арналы өзен-су» ұғымын беретін атаулар. Өзге де ақ, кара, көк, жирен, шұбар т.б. «түстік сын есімдері» топонимикалық атаулар құрамында көбіне сол объектілердің түсін емес, өзге қасиеттерін көрсететін компоненттер екендігі түркі ономастикасы әлемінде анықталған үстіне анықтала түсуде. Бұл кешегі күнге дейін ғалымдарға да, өзгелерге де жұмбақ еді. *Ақ* сөзі (*Ақтау*, *Ақтам*) т.б. сол сияқты тікелей ақ түспен байланысты атаулардан өзге де «ағын» (*Ақсу*, *Ақбұлақ*, *Ақкөл* т.б. сол үлгілес атауларда), «ақпа, сусымалы» (*Аққұм*, *Ақеспе* т.б. атауларда), «от, пәйек» (*Ақтөбе*, *Ақдала*, *Ақжон* т.б. сол туыстас атауларда) мағыналарын береді. Түстік сын есімдердің осындай сырларын бұдан ондаған жыл бұрын белгілі түрколог А. Н. Кононов ашып еді. Бұл сөздікте оларды өз

реестері тұсында ғана сөз етеміз. Тек «кара» сөзінің топоэлементтік мәндері сан қилы болып келеді [2, 21 б.].

Қара: 1) «жердің астынан, тегіс жерден шығып жатқан су»: Қарабұлақ, Қарагем, Қаракешу, Қарасу, Қаракөл; 2) «шөп өспейтін, қуаң жер»: Қарадала (көп жердің аты), Қарасай («шөбі құнарсыз сай»), 3) «жер, жермен тектес», «қалың»: Қарақұм (көп жерде бар), Қараөткел («топырақты өткел»), Қарасаз («топырақты саз»), 4) «қалың, қою, жиі»: Қаратұрық, Қарашалғын («шөбі мол, шалғынды жер»); 5) «төбелі, жоталы ойпат»: Қараой, Қаратөбе және т.б. [3, 110 б.].

Сонымен, тіліміздегі түр-түстер өздерінің символикалық қасиеттері арқылы түр-түске мүлдем қатысы жоқ, не одан бүгінде тым алыстап кеткен ұғым-түсініктерді, мән-мағыналарды білдіреді. Осы саладағы зерттеулерді негізге ала отырып, құрамында ақ, кара, қызыл, көк, сары т.б. түр-түс атаулары кездесетін күрделі топонимдердің түстік мағынадан алшақтап бағыт-бағдарды, басқа заттық түсініктердің белгісі бола алатынын аңғаруға болады.

Қорыта келгенде, Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының атқаратын қызметі мен аңғартатын мағынасы және мәні сан алуан. Түр-түс атауларының бұл маңыздылығы – жай уақытта байқала бермейтін, бірақ тілдің ұзақ даму тарихында қалыптасып қолданысқа енген, оның күші мен күдіретін, әсерлілігі мен әсемдігін танытатын қасиет. Түр-түстердің бұл тілдің ішкі заңдылығына, табиғатына сүйене отырып қарастырғанда, түр-түс атауларының түстік мағынасынан тыс ауыспалы мағынасының өзі бірдей емес екендігін байқадық. Түр-түстердің қоғамда, ондағы әдет-ғұрыптарда, дәстүрлерде, белгілі бір ұлтта, кейде жеке тұлғаның түсінігінде өзіндік орны болады. Ақ пен қараның, көк пен жасылдың, сары мен қызылдың түстік номинативтік мағыналары бірте-бірте дерексізденіп, олардың заттық, материалдық ауыс мағыналары даму негізінде қолдану шегі бірте-бірте кеңейе түседі. Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі географиялық атаулардың, оған қатысты түр-түстердің де қатысын, мағынасын көптеген ғалымдар зерттеп берді. Ал оны ары қарай дамытып, зерттеу, мағынасын ашу – болашақ жас ғалымдардың қолында.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Сапаров Қ.Т. Павлодар облысының ономастикалық атауларының көрсеткіш анықтамалығы. –Павлодар: «Политон» ЖШС, 2009. – 256 б.

2 Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. – Алматы, 1985. – 256 б.

3 Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З., Өмірбеков Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы: «Ана тілі», 1992. – 160 б.

Д. АМАНТАЙ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ИНТЕРМӘТІНДІЛІК

ҚҰДАЙҚҰЛОВА Д. Қ.

студент, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

ҚҰРАЛҚАНОВА Б. Ш.

ф.ғ.к., доцент, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Соңғы жылдары қазақ әдебиеті жаңашылдыққа қадам басып, қазіргі қоғам талабына сай шығармалардың саны артып келе жатыр. Жалпы әдебиет пен адам өмірі бағзы замандардан бері ұштасып келеді. Әдебиетте орын алатын құбылыстардың түпкі мәні қоғамдық санада болып жатқан өзгерістермен тікелей байланысты. Бүгінгі адамның жан дүниесіне рухани нәр бере алмайтын туындылардың орнына басқа сарында бой көтерген шығармалардың жазыла бастауы замандастың талабына сай деп түсінген жөн. Модернизм және постмодернизм сынды бағыттың қарқынды дамып, жаңа деңгейге көтеріліп келе жатқанын байқамауға болмайды. Батыста пайда болған бұл бағыттардың қазақ әдебиетіне біртіндеп енуі де шығармаларға деген көзқарастың өзгергенінің дәлелі. Осындай сарындағы шығармаларды басқа бағытта жазылған туындылардан айырып тұратын негізгі белгісі – интермәтінділік теориясы. Постмодернистік шығармаларды дәстүрлі шығармалардан айырып тұратын интермәтіннің басты ерекшелігі – шығарма құрылымында әртүрлі жанр, стильдердегі әдебиет үлгілерінің, сондай-ақ әртүрлі тарихи уақыт бөліктерінің бір арнада келуі.

Г. Р. Сәулембек өзінің «Қазіргі прозадағы постмодернизм» атты диссертациясында әдебиетте болып жатқан құбылыстар жайлы айта келіп, былай дейді: «Отандық әдебиетте постмодернистік дүние қабылдау Д. Амантай, А. Жақсылықов, Д. Нақыпов, Т. Әсемқұлов, Ж. Қорғасбек, Ә. Байбол, М. Қосын, т.б. авторлардың шығармашылығында көрініс тапты. Аталған авторлардың шығармалары қазіргі әлемдік тарихи-мәдени үдерістегі жаңа үрдістер (тенденциялар) мен бағыттар мәнмәтінде жиі талқыланады» [1, 12 б.]. Осы жазушылар туындыларының басты ерекшелігі болып саналатын интермәтінділік концепциясына мынадай анықтама беруге болады:

«Интертекстуалдылық – 1967 жылы постструктурализм теоретигі, француз зерттеушісі Юлия Кристева енгізген постмодернизмнің «автордың өлімі» (Р. Барт) аталған тұжырымдамасымен байланысты, яғни жеке, белгілі бір автордың жасаған мәтінінің айқын және жасырын дәйексөздер, реминисценциялар, аллюзиялар, мәдени және әдеби байланыстар, сілтемелер арқылы таралып кетуі. Осылайша жекелеген мәтіндер үнемі «диалогқа түсіп», бір-біріне «сілтеме жасайды» және бұл мәтіндердің барлығы өз кезегінде мәдениетпен, тарихпен, шындықпен қарым-қатынасқа түсетін, әрі өзі де мәтін саналатын жалпы мәтіннің бір бөлігін құрайды. Осының нәтижесінде «өзімнің-өзгенің» сөзі қарым-қатынасы бұзылып, кез келген мәтін аз-кем танымал алдыңғы мәтіндерге жауап ретінде бағаланады. Интертекст prizмасынан қарағанда, әлем өзіне дейін айтылып қойған, тек оларды басқаша қиыстырып, араластыруға ғана болатын үлкен мәтін ретінде қарастырылады» [1, 4 б.].

Д. Амантай – қазіргі қазақ прозасында постмодернистік шығамаларымен көзге түсіп жүрген жазушы. Сондықтан да бүгінгі күнде Д. Амантайдың туындыларына екі түрлі, бір-біріне қарама-қайшы келетін көзқарас қалыптасқан: бірінші көзқарас – оның тілі қасаң, шығармаларының көркемдігі төмен, мағынасы ауыр, кірме эпизодтар мол, түсіну қиын десе, екінші көзқарас – туындылары астарлы, алыстан орағытады, философиясы терең, көп қабатты, ойы күрделі деген баға.

Д. Амантайдың көлемді шығармаларының бірі – «Гүлдер мен кітаптар» романы. Жалпы алғанда роман қазақ прозасындағы постмодернистік бағытта жазылған алғашқы туындылардың бірі болғандықтан романның жазылуына тіреу, түрткі болған әлемдік әдебиеттегі постмодернизм бағытының өкілдерінің ықпалын байқаймыз. Романда сөз болған қаламгерлер мен кітаптар жайлы жазушының философиялық пайымдары Р.Барттың «автордың өлімі» тұжырымы мен «интермәтінділік» теориясына сәйкес келеді. «Гүлдер мен кітаптар» романында интермәтіндер көптеп кездеседі. Бұл интермәтіндерді түрлерге бөліп, шығармада атқарып тұрған қызметтерін анықтауға болады. Романда интертекстің аллюзия, цитата, референция, реминисценция түрлері қолданылған. Шығармада көрсетілген сілтемелер арқылы интермәтінді үш топқа бөліп қарастыра аламыз: 1) теориялық еңбектер мен әдеби мәтіндерден алынған интермәтіндер; 2) түркі тарихын зерттеуге арналған еңбектер мен мифтерге негізделген интермәтіндер; 3) теологиялық еңбектер мен діни мәтіндерге негізделген интермәтіндер.

Жазушы Д. Амантай өзінің «Гүлдер мен кітаптар» туындысында интермәтінділік жайлы теориялық тұжырымдармен бөліседі: «Қай тақырыпта қаламыңызды сілтесеңіз де қазір, алайда, ешкімді таңқалдыра алмайсыз. Барша алабөтен озық шыққан кітап оқырманға тек басқа кітаптар жайында ғана әңгіме қозғайтын секілді және сол ізденімпаз қаламынан туған кез келген кітаптың мазмұны басқа кітаптардың мазмұнынан құралатын тәрізді» [2, 46 б.]. Автор дәл осы мәтінді У.Эконның «Заметки на полях «Имени розы»» еңбегінен алған: «Во всех книгах говорится о других книгах, что всякая история пересказывает историю уже рассказанную/каждая книга говорит только о других книгах и состоит только из других книг» [3, 53 б.]. Жазушының бұл туындысына алған эпиграфы (дәйексөзі) «Тәңірдің кітабынан» келтірілген «Қайсы әлсіз – жарықтан қашқан қара түнек пе, әлде қараңғылық басқан жарық па...», – деп келетін эпиллог.

Д. Амантай романындағы «Әлішер» тарауында сипатталған кітаптардың құрылымына Х. Л. Борхестің «Вавилон кітапханасы» шығармасында кітапхананы сипаттаған мәтінге аллюзия (аллюзия – көпшілікке таныс әлеуметтік-мәдени фактімен орай сол көркем шығарма семантикасына қосымша хабар, мағына қосатын элемент/мәтінде еркін түрде вербалданатын экстралингвистикалық фактор [4, 112 б.]) жасаған. Жалпы осы екі туындымен таныса келе жазушы «Вавилон кітапханасындағы» кейбір мәтіндердің идеясын реминисценция (реминисценция – басқа бір әдеби шығарманы еске түсіреді/басқа бір мәтінге цитация қағидатымен дәл, еш өзгеріссіз немесе трансформацияланып енгізіледі [4, 112 б.]) арқылы өз романына көшіргенін байқаймыз. Реминисценция басым болып келетін «Заратуштра» тарауында автор Заратуштраның дүниеге келуін, зороастризм ілімінің қалай пайда болғаны турасындағы аңыздарға сілтеме жасайды, бірақ Заратуштра есімі мүлдем аталмайды. «Молда» тарауындағы Әлішер мен молданың диалогында Абайдың «Жақсылық ұзақ тұрмайды», «Қайғы шығар ілімнен», «Осы қымыз қазаққа», «Бөтен елде бар болса», «Қарашада өмір тұр», «Кейде есер көңіл құрғырың», «Сегіз аяқ» өлеңдері арқылы сол тұстағы қоғамның жан-дүниесі мен көңіл күйін Әлішер арқылы жеткізеді. Автор Абайдың цитаталарына (дәйексөз) сілтеме жасаған.

Д. Амантай романда референция ретінде «жерұйық» мотивін қолданады. Әлемдік әдеби мұраларда бұл атау «Інжіл» кітабында, «Ергене-көң», «Өтукен» мифтерінде, Асан қайғы туралы аңыздарда кездеседі.

«Сағыныш» тарауында адамзат тарихы туралы мифтерді пайдаланған. Мирча Элиаденің «Священные тексты народов мира» еңбегінен кей мәтіндерді, дәйексөздерді тырнақшасыз береді, мифтер толықтай алынбай, үзінділерін қазақшаға аударып тізбектейді. Мысалы, «Бала Беракты бір күні нағашы ағасы Кангун қамыс күркеден сыртқа алып шығып, қолындағы шашақты найзасымен түнгі аспанда алабөтен жарқырап жанып тұрған Әлтайыр жұлдызын нұсқап: – Қараңыз! Бұл – Бунджиль. Сіз оны көріп тұрсыз, ол да сізді көріп тұр» [2, 123 б.] – дәйексөзін М. Элиаде еңбегінде «...когда Берак был еще ребенком (у него еще не было бороды), кангун (дадя по матери) вывел его ночью из стана и, указав копьем на звезду Альтаир, сказал: Смотри! Это – Бунджиль. Ты видишь его, а он видит тебя» [5, 11 б.] – мәтінінен аударып жазған. Мұндағы мәтіндер ешқандай тырнақшасыз меншіктеліп алынған. Бірден плагиат деуге әбден болады, алайда автор өз шығармасында Барттың теориясын ұстанғанын айта келе былай дейді: «Асқақ мәтін өз бетінше дербес өмір сүреді. Тіпті кітап авторы жоғалып кетсе де, кітап ешқашан жетім қалмайтыны рас. Өйткені мәтін оны үнемі өбектеп отыратын қожайынға бәрібір зәрулік танытпайды» [2, 59 б.].

Сонымен, Д. Амантайдың «Гүлдер мен кітаптар» романы – батыс пен шығыс әдебиетін бойына сіңірген, ежелгі және заманауи туындылардың ұштасып, түрлі жанрларымен интермәтіндік байланыс орнатқан шығарма. Автор шығармасында постмодернизмнің басты тұжырымдамасы болып саналатын «әлем – мәтін» теориясын ұстанып, әртүрлі дәуірлер мен стильдердің қатпарларынан құралған өзгеше әлем тудырады.

Постмодернистік туындылардың көлемі көбінесе шағын болып келеді. Авторлар осындай шағын шығармаларға бірден бірнеше әлеуметтік, психологиялық, діни, моральдық т.б. өзекті мәселелерді сыйдыруға, оқырмандарға ой салуға тырысады. Д. Амантай прозаларының бірі «Мен сізді сағынып жүрмін» повесінде де интермәтінділік көрініс табады. Постмодернистік бағытта жазылған бұл туынды өзінің стилистикалық жағынан да, дүниетанымдық астары бойынша да ерекше шығарма. Автор он беттен тұратын повеске қазіргі таңдағы адамзат мәселесі және оның рухани күйреуі, діни проблемаларды арқау етеді. Түрлі шығармалардан үзіп алған мәтіндерден құрастырылғандай әсер беретін бұл туындының біртұтас сюжеті жоқтың қасы. Жазушы бүгінде адамдардың санасында жүрген көкейкесті сұрақтарға кейіпкерлер арқылы жауап іздейді.

Д. Амантай өзінің кейбір туындыларына эпиграфтарды (дәйексөз) басқа тілдегі шығармалардан алады. «Мен сізді сағынып жүрмін» повесіне лайықтап алғаны – Олжас Сүлейменовтің «Кто-то медленно скачет и скачет во сне, издалека, на светлом усталом коне» өлең жолдары. Жазушы оқиғаны осы өлең жолдарының аясында өрбітеді.

Повесть «Мұқтар жұма күні атылып өлді» [6, 112 б.], – деп басталады да, «Құдайды іздеген ол жазғытұрым көкек айында Медеу шатқалы аңғарында жұма күні атылып өлді» [6, 122 б.], – деп аяқталады. Бас кейіпкер рухани дағдарысқа ұшырап, өзін өзі атып өлтіреді. Ол осылайша Ислам іліміне қайшы әрекет жасайды. Өзіне қол жұмсау мұсылман қауымға тән қасиет емес, ең ауыр күнәнің бірі саналады. Мына диалогқа назар аударыңыз:

- Дүние сыртында не бар? – деп кері бұрылды.
- Ештеңе.

Автор бұл диалог арқылы «нигилизм» түсінігіне сілтеме жасайды. Оған анықтама берсек: нигилизм (лат. nihil – ештеңе деген мағынаны береді) – қоғамда қалыптасқан мәдени құндылықтар мен мұраларды, діни, моральдық нормалар мен түсініктерді қайта қарауды, жоққа шығаруды білдіретін ұғым. Бұл ұғымды повестің басқа да жерлерінде байқауға болады: «Ұйқы дегеніміз өмірдің жалғасы. Ғұмырдан кейін ұйқы жоқ, қаза – жарық сәуледен көз жазып қалатын су қараңғы өткел. Өлім артынан із басатын – топырақ иісті ештеңе. Ештеңеде ұйқы болмайды.

Ажал кірпік ілмейді. Тіршілікке қарсы, қара жерге туыс, бірақ ойы – сор, сорлының ойы - ештеңе» [6, 119 б.]. «Ештеңе» теориясы автордың «Гүлдер мен кітаптар» романында да кездеседі: «...кім біледі, ажалдан соң ештеңе жоқ шығар» [2, 81 б.]. Сонымен қатар, шығармада «Ұят өлімнен күшті» деген дәйексөзге жасалған сілтемені көруге болады. Ол бұрмаланып, теріс мағынада берілген: «Тіршілік ұяттан дербес, сондықтан ұят өлімнен күшті де, әлсіз де емес» [6, 118 б.].

Осылайша шығармада, діни нигилизм мәселесі бой көтереді. Құдай мен ақылдан теріс айналған рухани құлдырауға бастайтын интеллектуалды сарын қазақ прозасында жиі кездесе бермегенмен, тәңіршілдік, ежелгі рухани тамырларға бастайтын наным-сенімге негізделген тақырыптарды ұшырастыруға болады. Постмодернизмнің «әркімнің не жасаса еркі бар» деген моральдік-этикалық ұстанымдардың әр тараптылығын қолдайтын ерекшелігі діндерге де қатысты болып отыр.

Д. Амантайдың тағы бір көркем прозасы – «Ібіліспен сүйісу» повесі. Мұнда автордың алып отырған дәйексөздері ерекше. Шетел әдебиетінің көркем туындыларынан таңдап алғаны мынау: Талмуд, Сангедрин, IV, 5 «...ибо человек чеканит много монет, и все они схожи между собой, а Святой чеканит всех людей печатью Адама Первого, но все они отличаются друг от друга.

Поэтому каждый человек обязан сказать: ради меня создан мир» және Элиас Канеттидің «Как долго еще будет прятаться Бог». Осы сілтемелер арқылы жазушы оқырман қауымға шығарманың негізгі идеясы жайлы ой тастайды, оқиға осы дәйексөздердің мағынасы шеңберінде дамиды. Бұл нағыз постмодернистік белгі. Тіпті повесть атауының өзі көңілге үрей ұялатады, оқырманды өзіне баурап алады.

Қазіргі таңда кітап оқылмай, қоғамның рухани дағдарысқа ұшырауына телевидениенің әсері зор. Дегенмен, бейнеклиптік нұсқадағы оқиға қызықты болғанмен, оқырманға кітап беретін рухани нәрді бере алмайды. Сол үшін де қаламгерлер мәселені бейнеклиптік элементтерді кітапқа енгізу арқылы шешуге тырысты. Ол аз көлемді шығармаға бірнеше қабат оқиға, ойды сыйдыра білу керек деген тұжырым. Нәтижеде, әлемдік әдеби шығармалармен, теориялық бағыт-бағдармен, әлемдік пәлсапашылардың еңбектерімен таныс жазушылар, Батыс әдебиетінде пайда болған бағыт постмодернизмнің қазақ әдебиетіндегі үлгісін жасады. Әлемдік мәдениетте күш алған постмодернизм құбылысы қазақ әдебиетінде біртіндеп көріне бастады. Трагедиялық сарын, қоғамды жатсыну, сөзге сараңдық, астарлап ишарамен сөйлеу, үкім айтудан, соңғы түйінді айтудан қашу – постмодернистік сипаттағы бүгінгі қазақ прозасына тән белгілердің бірі.

Қорыта айтқанда, интермәтінділік сипатымен ерекшеленетін Д. Амантай шығармаларының жазылуына посткеңестік кезеңде мемлекеттегі қоғамдық, әлеуметтік, саяси, рухани дағдарыс әсері болды. Шығармалары батыстық жазушы-философтар шығармаларынан үлгі алу әсерінен туындады. Жазушы туындыларында интермәтінділік теориясын қолданудың мақсаты ерекше болды. Өйткені тоқырай бастаған әдебиетке жаңа серпін беретін және оқырманды селт еткізетін бір күш керектігін сезді. Интермәтіннің түрлерін өз шығармаларында сауатты, әрі ұтымды пайдалана білді. Осылайша қаламгер қазақ прозасындағы постмодернистік бағытты интермәтінділік теориясы арқасында дамыта түсті.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Сәулембек Г. Р. Қазіргі прозадағы постмодернизм: Филология докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2017 ж. – 136 б.
- 2 Амантай Д. Қарқаралы басында. // Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Полиграфкомбинат, 2010. Т.1. – 396 б.
- 3 Эко У. Заметки на полях «Имени розы» / пер. с итальянского языка Е. Костюкович. – СПб.: Симпозиум, 2007. – 92 с.
- 4 Құралқанова Б.Ш. Филологиялық талдау: оқу құралы / Б.Ш.Құралқанова. – Павлодар: ПМПУ, 2019. – 141 б.
- 5 Элиаде М. Священные тексты народов мира / пер. С англ. В.Федорина. – М.: Крон-Пресс, 1998. – 624 с.
6. Амантай Д. Күзгі рандеву. Роман, повестер, әңгімелер – Астана; Елорда, 2004. – 200 б.

ЮМОРДЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ АСПЕКТІСІ

МАЖИНОВА Э. Ж.

студент, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

ЕРҒАЛИЕВ Қ. С.

ф.ғ.к., профессор, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Тілдің жеке адам мен тұтастай қоғам мәдениетіне әсері, сондай-ақ тілдегі мәдениеттің көрінісі туралы мәселелер зерттеушілерді қызықтыратыны сөзсіз. Юмор мәдениеттің көрсеткіші және ойлау процесінің актуализаторы бола отырып, осы әрекеттесуде маңызды рөл атқарады. Юмордың лингвомәдени аспектілерін А. А. Зализняк (2007), Л. П. Иванова (2007), В. И. Карасик (2002) т.б. зерттеу жүргізгені белгілі. А. А. Зализняк өзінің «Юмор и остроумие в европейской культурной перспективе» атты мақаласында «юмор», «тапқырлық», «күлкілі» сынды ұғымдарды талдап, оларды жалпы еуропалық құндылықтарды көрсететін «мәдени тұжырымдамалар санына» жатқызады. Ғалым «юмор» сөзі (әдебиеттануда және мәдениеттануда) терминге айналып, оның синонимі жуықтап алғанда «күлдіргі» сөзіне сәйкес және оның мағынасы көптеген еуропалық тілдерде бірдей келетінін айтады (тек француз тіліндегі *humour* сөзі өзінің англосаксондық ізін сақтайды, оның орнына тиісті термин ретінде *comique*, *comisme* қолданылады) [1, 554 б.]. Күлдіргі әңгіме – бұл американдық жанр, ал анекдот – француз жанры. Өзіл әңгімесінің әсері оның қалай айтылатынына байланысты, ал күлкілі

әңгіме мен анекдоттың әсері онда не туралы айтылғандығына байланысты [7, 10 б.]. Юмор күлдіргінің бір формасы ретінде, соның ішінде тапқырлық, сатира, ирония және сарказмды қарастырады. Кең диапазондағы күлдіргінің әртүрлі формалары сатира мен юмор болып табылады. Қолданыстағы зерттеулерде коммуникативті стратегияның мақсаты, қолдану саласы, қолданудағы негізгі құрал және аудитория сияқты параметрлері өзіл және онымен байланысты ұғымдарды сипаттауға енгізілген. Бұл параметрлерге Кулинич М. А. мыналарды қосуға болады деп санайды: вербалды/вербалды емес сипат; идентификация/антагонизм; авторлық/анонимділік; тікелей/жанама бағалау.

В. И. Карасик «Языковой круг: личность, концепты, дискурс» атты еңбегінде юморды мәдени ұғымдар қатарына жатқызады: «Юмор мәдени ұғым бола отырып, құнды сипаттамаларға ие, яғни негізгі өмірлік бағдарлармен тығыз байланысты. Шын мәнінде, юмор – адамды өзгеретін жағдайларға бейімдейтін ең ыңғайлы тәсілдердің бірі, ол – оқиғалардың күтпеген дамуына реакция, белгілі бір дәрежеде шындықпен татуласу және адам денсаулығын нығайтуға ықпал ететін жағымды эмоция. Осылайша, юмор – бұл адам психикасының органикалық қорғаныс сипаты, адамның түр ретінде өмір сүруімен байланысты өте нәзік және күрделі эмоционалды құбылыс, яғни юмор адамның өмірлік құндылықтарымен байланысты. Өмірлік құндылықтар тұрғысынан (өмір сүру және психологиялық өзін-өзі қорғау құралы ретінде) күлкі қорқынышпен байланысты, бірақ қорқыныш қауіпті оқиғаға дейін теріс эмоционалды шоғырлану тәсілі, ал күлкі қауіпті оқиғадан кейін оң негізде эмоционалды релаксация әдісі болып табылады» [2, 156 б.].

Л. П. Иванованың «Лингвокультурологические аспекты комического (к постановке проблемы)» атты мақаласында күлдіргіні (комическое) лингвомәдениеттанудың объектісі ретінде қарастырады. Алайда автордың пікірінше, бұл проблема жеткілікті түрде дамымаған, дегенмен ол қазіргі антропоцентристік парадигмаға сәйкес шешілуі керек [3, 561 б.]. Оның айтуынша, күлдіргінің көп жағдайда ұлттық ерекшелігі бар. Күлкілі жағдайды тікелей бақылап, ол туралы айтуға болады. Егер жағдайды күлкілі деп қабылдау автордың белгілі бір мәдениеттану саласына байланысты болса, онда күлкілі оқиға туралы әңгіме лингвомәдениеттануға жатады, өйткені тілдің өзі мәдени ақпаратты алып жүреді [3, 562 б.].

Тіл мәдениетті ғылыми тұрғыдан зерттеудегі маңыздылығын арттырып келеді. Кезкелген өркениеттің мәдени стереотиптер жүйесі тілдің көмегімен реттелген. Қандай да бір мәдениеттің негізгі қағидаларын сілтеме жасамай түсінуге болады деп ойлау қиынсыз, бұл принциптерді қоғам үшін маңызды және оған түсінікті ететін лингвистикалық символизм.

Мәдениеттің ұлттық құндылық-семантикалық кеңістігінің шектері белгілі бір ұлтты қолдану процесінде маңызы жоғарылаған мәртебеге ие этномәдени жәдігерлер жиынтығымен көрсетілген. Тілдің ұлттық құндылық-семантикалық кеңістігінің шектері сыртқы немесе мәдени таным субстраттарының ішкі немесе тілдік сананың белгілеріне ену процесінің жиілігі және сапа индикаторымен көрсетіледі.

Әлемнің ұлттық мәдени моделі рәміздер, ұлттық дәстүрлер және ұлттық стереотиптер арқылы ұсынылатын бастапқы номинацияның объектілері мен олардың мәнін жүйелеу арқылы өзектендіріледі. Әлемнің ұлттық лингвистикалық моделі – негізгі номинацияның сөз мағыналарының ішкі формаларынан мағынаны бөліп алу нәтижесінде алынған екінші номинацияның мағыналары арқылы вербалдау. Екінші номинацияның мәндері – бұл екінші лингвосемиоз жүйесінің коды ретінде қызмет ететін тілдің лингвистикалық белгілерін немесе стилистикалық құралдарын аударушылар. Әлемнің ұлттық лингвистикалық суретін ұлттың лингвистикалық санасын сипаттайтын статикалық лингвосемиотикалық құбылысқа жатқызу көзделеді. Әлемнің ұлттық комикстік лингвистикалық суретін әлемнің статикалық ұлттық лингвистикалық картасын өзгертетін және әлемнің жаңа ұлттық лингвистикалық картасын жасауға жағдай жасайтын динамикалық лингвосемиотикалық құбылысқа жатқызу қажет сияқты.

Зерттелетін лингвомәдени аспектінің терминологиялық аппаратына «ұлттық юмордың мәдени моделі» және «ұлттық юмордың тілдік моделі» сияқты тәуелсіз ұғымдарды енгізу орынды болып көрінеді. «Ұлттық юмордың мәдени моделі» мен «ұлттық юмордың лингвистикалық моделі» ұғымдарының аражігін ажырату қажет. Ұлттық юмордың мәдени моделі шындықтың логикалық нақты категорияларынан, адам қолданатын және оның тікелей ортасында орналасқан заттар мен объектілерден алынған. Ұлттық юмордың тілдік моделі ұлттық юмордың тұжырымдамаларын, шенберлерін, сценарийлерін тудыратын тілдегі шындықтың бір-бірімен сәйкес келмейтін категорияларының ерекше қатынастарын

көрсетеді. Ұлттық лингвистикалық юмордың сценарийлері комикс бейнесін жасайтын тілдік белгілер арқылы туады. Мұндай тілдік белгілер санатына тілдің бейнелі стилистикалық құралдары жатады, мысалы, антономазия, окказионализм, салыстыру, метафора, әсірелеу, эпитеттер т.б. Шындықтың күлкілі актуализациясымен тілдік құралдарда жүзеге асырылатын ұлттық-мәдени ерекшеліктер көрінеді.

Юмордың тілдік бейнесі әртүрлі ұлттар менталитетінің және халықтардың ойлау өзгешеліктерінен, белгілі бір өмірлік құбылыстарға көзқарастардағы айырмашылықтардан тұрады. Юмордың тарихи өзгергіштігі негізінен юмордың ұлттық ерекшеліктерінде көрінеді. Кезкелген ұлттың өзін белгілерін байқау оңай, бірақ оларға нақты сипаттама беру өте қиын. Ю.Б.Борев «Комическое» деген кітабында Э. Обуенің пікірін келтіреді. Ол француздарға агрессивті мінезді, ашуланшақтықты, өркөкіректік көзқарасқа ие тапқырлықты жатқызса, ал ағылшындарға қарапайым және жағымды юмор тән екендігін айтады [4, 62 б.]. Уақыт өте келе әр ұлт өмірлік және тарихи тәжірибе негізінде құрылған өзінің ерекше юмор формасын алады. В. Г. Белинский былай деп жазды: «Әр халықтың ұлттық құпиясы оның киімі мен асханасында емес, заттарды түсіну тәсілінде» [5, 294 б.]. Бұл «заттарды түсіну тәсілі» өзін тапқырлықпен және ұлттық бояудағы өзінмен көрсетеді.

Қорыта келгенде, ұлттық өзіндік ерекшеліктері туралы мәселе өте қызықты. Юмордың ерекшелігі ұлттық мінездің құрамдас бөлігі ретінде этнопсихологтердің назарын аударуға лайықты [6, 50 б.]. Тіл – мәдениеттің иесі және мәдениеттің объективті көрінісі. Өзі философия бірлігінің жасанды құралы ретінде адамның ақыл-ойының тілдік көрінісі және қарым-қатынастың маңызды құралы болып табылады. Өзіміз біз өмір сүру ортасын, өмір салтын, әлеуметтік қатынастарды, жеке кейіпкерлерді және өз халқының психологиялық сипаттамаларын көреміз. Қазақ мәдениетінде өзіндік орны ерекше. Мұнда біз өзін арқылы күнделікті өмірдегі, мысалы, саясатта, жұмыста, отбасында қазақ мәдениетінің коннотациясын түсіндіруге, әсіресе қазақ құндылықтарының тұжырымдамасын, адамгершілік түсініктері мен мінез-құлық нормаларын білуге тырысамыз. Өзіміз – ұғымдардан тұратын тұжырымдамалық категория және соның бірі ұлттық юмор. Өзіміздің ұлттық ерекшелігі тілде әртүрлі лингвистикалық құралдардың көмегімен кодталады, олар белгілі бір ұлттың комикстік лингвомәдени кодының тұжырымдамаларын білдіреді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Зализняк А.А. Лингвокультурологические аспекты комического (к постановке проблемы) / А.А. Зализняк // Логический анализ языка: языковые механизмы комизма / Российская акад. наук, Ин-т языкознания; отв. ред. Н.Д.Арутюнова. – М.: Индрик, 2007. – 554-557 с.
- 2 Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс / В.И.Карасик. – Волгоград: Перемена, 2002. – 477 с.
- 3 Иванова Л.П. Лингвокультурологические аспекты комического (к постановке проблемы) / Л. П. Иванова // Логический анализ языка: языковые механизмы комизма / Российская акад. наук, Ин-т языкознания; отв. ред. Н. Д. Арутюнова. – М.: Индрик, 2007. – 560-569 с.
- 4 Боров Ю.Б. Комическое / Ю.Б. Боров. – М.: Искусство, 1970. – 272 с.
- 5 Белинский В.Г. Разделение поэзии на роды и виды / В.Г. Белинский // Собрание соч. в 9 т. Т. 3. – М.: Худож лит., 1978. – 294-412 с.
- 6 Лук А.Н. Юмор, остроумие, творчество / А.Н. Лук. – М.: Искусство, 1977. – 183 с.
- 7 Твен М. Об искусстве рассказа [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://royallib.com/book/tven_mark/ob_iskusstve_rasskaza.html

ЗЕЙНЕП АХМЕТОВА ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АТА МЕН КЕЛІН КОНЦЕПЦИЯСЫ

НҰРБОЛАТҚЫЗЫ А.

студент, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

ҚҰРАЛҚАНОВА Б. Ш.

ф.ғ.к., доцент, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Концепция латынның «conceptio» деген сөзінен шығып, ғылымға енген. «Концепция (лат. conceptio - түсіну, бірыңғай ой, тұтас ой) қайсыбір нәрселердің, құбылыстардың, көрудің (көзқарас), түсінудің, түсіндірудің (трактовка) белгілі тәсілін білдіретін көзқарастар жүйесі. Пәндік білімнің (дисциплинарное знание) жасалуының, ұйымдастырылуының және өрістетілуінің бастапқы тәсілі. Қағида бойынша, ашық (анық) білдірілген тұлғалық бастамасы бар, негіздеушінің (немесе негіздеушілердің реалды болмаса мифтік) фигурасымен белгіленген, яғни концепцияның авторы немесе авторлары бар» [1, 112 б.].

Сонымен, концепция дегеніміз не? Ғылыми зерттеулердің нәтижесі болып теориялар, заңдар, модельдер, гипотезалар, эмпирикалық тұжырымдар болатындығы белгілі. Әрқайсысының өз мәні, мағынасы бар, бірақ бұл түсініктерді бір ғана «концепция» сөзімен ақ біріктіруге болады. Яғни «концепция» термині – кез келген табиғаттың мінсіз нысандарын құра алатын ұғымдар мен көзқарастардың орамды жиынтығы, белгілі бір көзқарастардың жүйесі, белгілі бір құбылыстардың, процестердің түсінігі, белгілі бір туындының басты ойы ретінде қарастырсақ қате болмас. Концепция бүкіл адамзат мәдениетінің теориялық бөлігін құрайды.

Концептуалдық форманың өзіне ең барабар философиясы болады, яғни кең мағынада концепцияның түріне философияның өзін жатқызуға болады. Классикалық дәстүрде «концепция» ұғымын «тұжырымдама» ұғымымен теңестіру тенденциясы күшті болмақ. Тұжырымдама ұғымына жалпы сипаттама беріп өткеннен кейін Зейнеп Ахметованың шығармашылығындағы ата мен келін арасындағы концепцияны сөз қылайық.

Жалпы жұртқа белгілі дерек бойынша Зейнеп Ахметова - соғыс жауынгері, қазіргі тәуелсіз заман үшін маңдай терін төккен батыр және «Ұшқан ұя» сынды құнды көркем шығармасымен әдебиетке өз үлесін қосып кеткен Бауыржан Момышұлының келіні екені айғақ. Өзінің берген сұхбаттарындағы, салт-дәстүрлер сөз болған кітаптарындағы айтуы бойынша «Шайын қайнатып, қолына

суын құйып» отырған жалғыз келіні. Бұл екі жазушы қоғамда өзіндік орындары бар, «мен қазақпын» деген адамның санасында образдары бар екі тұлға арасын байланыстыратын қатынас - ата мен келін арасындағы байланыс. Бұл байланыс түрі тек Бауыржан Момышұлы мен Зейнеп Ахметоваға ғана қатысты қатынас түрі емес. Бүкіл «қазақ, өзбек, орыс т.б.» деп аталатын жұртшылықтың өткен тарихында болған және келер болашақта болатын да, бола беретін де қатынас. Көптеген мақалаларда, газет беттерінде, журналдарда, көгілдір экрандарда көріп, естіп жүргендей «ене мен келін» арасындағы байланыс көп сөз етіледі. Қазір қозғалынатын «ата мен келіні» арасындағы қатынас көз үйренген, құлақ жауыр болған байланыс емес, ерекшелік, еректеу.

Зейнеп Ахметова өзінің кітаптарында «қайын ата» бейнесін жақсы сақтап, көрсете білген. Ұлттық құндылықтардың шежірешідей білгірі қайын атасының аузынан шыққан әрбір ғибрат сөздері мен нақыл сөздерін санасына қорғалжындай құйып, тәлімін бойына сіңіріп, сол кісінің көрігінде шыңдалып, қорытып, бізге, болашақ бастаушы, өкшебасар ұрпаққа азды-көпті өсиет, ғибрат ретінде бірнеше кітап басып шығарды. Зейнеп Ахметова осы тұрғыда «Бұл күнде өзімнен кейінгі буынға айтарым болса сол ардақты кісілердің бойыма сіңіргені. Олар маған қазақ халқының ортақ қазынасы болған ұлттық қасиеттерді қадірлеп, қастерлеуге, отбасым, ошақ қасымда сақтап отыруыма баулыды», – дейді [2, 5 б.]. Нақты дерек келтіретін болсақ, «Күретамыр», «Бабалар аманаты» сынды кітаптарында қайын атаның тәпшітеп айтқан, өмірден түйген, алуан түрлі тәрбиелік мәні бар, салт-дәстүрге, жөн-жоралғыға байланысты айтылған, бойына дарыған ата сөздерін түсірген. Бұл кітаптарда халқымыздың салт-дәстүрлері, салт-санасы, ырым-тыйымдарының астарында жатқан жақсы ізгі-ниетін, мәнін, мағынасын жас ұрпаққа кеңінен ашып түсіндіріледі. Осы арқылы бұрынғы жақсы мен бүгінгі жаңамен ұштастырып, ұлттық болмыстан тайып кетпей, қазақы тәлім-тәрбиенің мәнін, түбіндегі ойын ұғындырады. Шет мемлекеттердің ағымына еліктеп бара жатқан, салт-дәстүрден мақұрым бола бастаған жаңа заманауи жастарға қайталап, саналарында жаңғырту мақсатында шығарылған.

Кітаптардың бастауы Бауыржан Момышұлының 1973 жылы қараша айының он тоғызыншы жұлдызы, аптаның бастауы дүйсенбі күні жазып қалдырған «Халықтың ана тілі мен салт-санасын, ұлттық жан дүниесін, тұрмыс-тіршілігін көрсететін төл белгілері» атты қолжазбасынан бастау алады және 1974 жылдың желтоқсан айының

жиырма бесінші күнінде жазып қалдырған пікірімен аяқталады. Тек пікірлер ғана емес, жауынгер, ержүрек батыр жазушының айтқан ырым-тыйымдары, ұмытылып бара жатқан салт-дәстүрлерін кітапқа басып шыққан. Мысал келтіретін болсақ: «Жолашар», «Бесік жыры», «Балаға ат қою», «Мүшел жас» және тағысын тағы тақырыптарда Зейнеп Ахметова ата сөзін кітапқа жазып түсірген. Бұл салт-дәстүрлерге тоқталмауды жөн санаймыз. Өйткені, әр үтір, нүктесіне дейін атаның келініне айтқан бұл жоралғылар кітап беттерінде жазылып тұр.

Бауыржан Момышұлы Зейнеп Ахметованың өмірінде тек қайын ата ролінде ғана емес, білгенін үйретуші, бағыт беріп бағдарлаушы, ұлағатты ұстаз және кітап жазып шығаруға негізгі тірек болған. Біздің қазақ халқының қанына сіңіп, ана сүтімен бойға тараған тәлім-тәрбие бойынша келін бала қайын атасын сыйлай біліп, құрметпен қарап, өз әкесіндей қадірлеп, жатсынбауы қажет. Қазақ жұртында ата-енеге «қайын ата», «қайын ене» дейді. Қарап отырсақ, «қайын» сөзі тілімізге дін арқылы енген екен. Араб тілінде «қайым» сөзі, біреудің орнында тұрған, біреудің орнын басқан деген мағынаны білдіреді екен. Араб тіліндегі көптеген сөздер біздің тілге кіріккен, біз ол сөздерді өзіміздің фонетикамызға сай қылып алғанбыз. Демек, «Қайын ата» мен «Қайын ана» қыздың өз анасы мен әкесінің орнын басқан, оның екінші анасы мен әкесі деген мағынаны білдіреді. Фикһ (терең түсіну мен жан-жақты ұғыну) үкімдері бойынша, әйел үшін ең жақын туыстарының қатарына қайын ата мен қайын ене жатады. Олай болса келін осы жағын толық меңгеріп сыйлай білгені жөн. Әрі үлкенді сыйлау баршамызға ортақ парыз. «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» деп жатамыз, осы тұрғыдан алған да да келін «қайын» деп аталатын ел-жұртты қолдан келгенше сыйлап отыруы керек. Осы аталған үлкендердің батасы мен разылығын алса көсегесі көгере береді.

Халқымыздың бұл заңдылығы әкеден балаға беріліп, ананың сүтімен бойына тарап өскен Зейнеп Ахметованың тал бойынан байқалатын қасиет. Жазушы Зейнеп Ахметова жүрген жерінде де, берген сұхбаттарында да, жазған кітаптарында да Бауыржан Момышұлы атамызды «Қайын ата» деп емес «ата» деп және осы сөзінен таймай, сыйластық жібін үзбеген. Бұған дәлел керек етсеңіз, ол өз сөзінде «... ата сөзінен естіген-ұққандарымды, көңілге түйгендерімді кітапқа арқау етіп шығардым. Мен тек баяндаушымын», - дейді. Зейнеп Ахметова қайын атасына туған әкесіндей қарап, Бауыржан Момышұлының жауынгершілік мінезін

шыдай біліп, бір жағынан әкесіндей қараса, екінші жағынан ұзтаздай қараған. Өйткені, қаншама ақыл, қаншама ғибратты әңгімелерді алдынан үміт күттіретін, нәтиже көрсете алатын адамға ғана айтылады. Ойлана білетін, санасына тоқи алатын ми болмаса, тыңдай алатын екі құлақтың әркімде барын, естігенді саралайтын сана болмаса, айтылған сөздің текке кетіп, тасқа түскен дәнмен тең екенін жауынгер жазушы Бауыржан Момышұлы жақсы білді. Зейнеп Ахметованың «Бабалар аманаты» кітабын оқып, қарастырсақ Бауыржан Момышұлы келіні Зейнеп Ахметованың ибалалығына шүбә келтірмей, күмәнсіз қараған болса керек. «Ата сонау сәлемнің әрқилысын айтқанмен, келін сәлеміне тоқталған жоқ. Оны мен айтпасам да білесің», – деді. Жай ғана сырғыта айтып өткен жоқ. Маған сеніммен қарағаны дауыс ырғағынан байқалды», – дейді [2, 14 б.].

Жас қыз отбасылы болғаннан кейін, өзі өсіп-жетілген ұясын тастап, өз жұрты, әке-шешесін алмастырып, бойы үйренбеген, көзқарастары басқа отбасыға барып сіңісу барысында «қазақ» деп аталар халқымыздың салықалы ақсақалдары уыздай жас келінге, өзінің бауыр еті баласы, кішкентай қыздарындай қарап, жатсынбаған. Дәл осы көрініс, табиғатымызға сай бауырмалдық жауынгер жазушы мен келіні арасында да бар. Зейнеп Ахметованың атадан алған салт-дәстүрлік сананы қазір өз келініне түсіндіріп, үйретіп бағуда. Бұл жайлы «Күретамыр» деп аталатын кітабының бір беттерінде қозғап қалады.

Қазақ халқында келінді ұрпақ тәрбиелеуші ана ретінде қабылдаған. «Мен – Бауыржан Момышқұлының келінімін. Бұл менің төлқұжатым», – дейді Зейнеп Азметова [3, 6 б.].

Қорытындылай келсек, қазақ халқының біртуар қаһарман ұлы Бауыржан Момышұлы мен келіні Зейнеп Ахметованың арасындағы байланыстан ата салтымыздан қалған, алдын орап өтпейтін, сөзін бұзбай тыңдайтын көріністі байқаймыз. «Атаның тіке қараған отты жанарына бала түгілі ересек адамдардың өзі төтеп беруі екі талай. Атамның күрт өзгеріп сала беретін мінезіне төселген жанмын», – деп сыйластық пен құрметтей білумен ұштасқан, үлгі берер кісі мен шәкірт сықылды бұл ара қатынас «ене мен келін» арасындағы байланыс түрінен асып түспесе кем бола қоймас. Келіннің көрегендігін көптің құлағы, көптің көзі болған баспасөз қызметіне бергенінен байқалады. Салт-сананы өз келініне ұғындырғаны ұрпағына үйреткенімен пара-пар болған атаның қасиеттілігі мен ақылдылығына тамсанбасқа болмас.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Философиялық терминдердің сөздігі. – Павлодар: ПМПИ, 2011. – 138 б.
- 2 Ахметова З. Күретамыр / З. Ахметова. – Алматы, 2019. – 208 б.
- 3 Ахметова З. Бабалар аманаты: Естелік-эссе. – Алматы, 2017. – 416 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТҮЙДЕКТІ ТІРКЕСТЕРДІҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

РАМАЗАНОВ Ә. К.

студент, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

САҒЫНДЫҚҰЛЫ Б.

ф.ғ.д., профессор, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Тілдік бірліктердің құрамын анықтау қазақ тіл білімінде әбден орныққан талап. Тіпті, жеке сөздің құрамын анықтап, жалаң сөз және күрделі сөз деп бөліп, жалаң сөздің өзін екіге (негізгі, туынды), күрделі сөздің өзін беске (біріккен сөз, кіріккен сөз, қос сөз, қысқарған сөз, тіркесті сөз) ажыратып қарайды. Мұндай талғам сөз тіркесіне де қатысты жүргізіледі. Жалаң сөз тіркесі және күрделі сөз тіркесі деген бөлістер осыған дәлел. Әсіресе, ғалым Т. Сайрамбаевтың сөз тіркесінің күрделенуіне қатысты тұжырымдары барынша қадағалауды қалайды [1, 32-53]. Соңғы уақытта күрделі сөз тіркесінің құрамын түйдекті тіркес, салаласқан тіркес, тұрақты тіркес, түйіспелі тіркестердің селбесе жұмсалуды толықтырды.

Осы тұрғыдан келгенде, түйдекті тіркестерді құрамдық жағынан саралау ең алғаш рет қолға алынып отыр. Бір қарағанда, түйдекті тіркестер кемі екі сөздік тұлғаның (түбір мен көмекші мағыналы сөздің) тіркесімінен болғандықтан, жеке сөзге қатысты тұрғыдан қарасаң, күрделі бірлік болып танылатындай да, жеке тіркесімдік тұрғыдан қарасаң, жалаң бірлік болып танылатындай. Біз осы екеуін бөле жара қарауды анықтау мақсатында, кәдімгі сөз тіркесінде болатындай құрамдық екішеуді бағдар етіп алдық. Бұған салсақ, жалаң түйдекті тіркес дегенімізге құрамындағы сөздік тұлғалардың тек қана жеке тұлғада келіп, байланысуынан болған тіркесімдер жатады. Жеке тұлға сипатын әрі алғашқы сыңардың, әрі екінші сыңардың бір-бірден ғана болатынын атау парыз. Бұл ең жиі қолданыста жүрген түйдекті тіркестер болып табылады. Әрі түйдекті тіркестің барлық жасалу жолдарында кездесе береді. *Абай*

ең алдымен селт етіп, Әйгерімге қарап, ес жия бере өзі де күліп жіберді. Бірақ оңи құп-қу болған // Ол төрдегі сый қонақтардың қатарында отыр еді // Сол Әмірді Біржанға құр шақырушы етіп жібермеген-ді // Ондай сынды серт еткен Базаралы жоқ болатын // Бұл саналы қоңілдің шер-шемені еді.

Мысалдық деректерге (Мақалада тек М. Әуезовтің «Абай жолы» шығармасы пайдаланылды) тартқан сөйлемдердің әрқайсысында түйдекті тіркестер кездеседі. Көбі көмекші етістіктік тіркесімде келген. Тек соңғы екі сөйлем әр қилы: алғашқысы модаль мәнді сөзбен тіркескен де, соңғысы есім мәнді сөзбен тіркескен. Сонымен, бұл сөйлемдердегі *селт етіп, ес жия бере, құп-қу болған, отыр еді, шақырушы етіп, серт еткен, жоқ болатын, шер-шемені еді* тіркесімдері жалаң құрамды түйдекті тіркеске жатады. Себебі бұлар тек қана екі тілдік тұлғадан тұрады: алдыңғысы толық мағыналы да, соңғысы көмекші мағыналы. Ескеретін бір жайт, біз күрделі сөз түрлерімен келетін түйдекті тіркестерді де жалаң құрамды деп танытамыз. Себебі оларда ұғымды күрделендіретіндей қауқар жоқ деп білеміз.

Сонымен бірге түйдекті тіркес деп танылған тілдік бірлік ішіне демеулік мәнді шылаулардың кірігуі оларды күрделендіре алмайды: *Біржан Әмірге ғана емес, Абайға да ерекше ұнады.* Осындағы түйдекті тіркес *Әмірге ғана емес*, бірақ оның құрамында үш тілдік бірлік бар деп, күрделілікке жатқызуға болмайды. Себебі *ғана* демеулігінсіз қолдану да тіркес мағынасына нұқсан келтірмейді. Тағы бір мысал: *Қанаты қайырылды гой!* – деді. Сөйлемдегі түйдекті тіркесті жасайтын қайырылды мен деді сөздерінің тіркесімі. Ал олардың ортасында келген *гой* шылауының сөз санын ұлғайтқаны болмаса, мағынаға тигізер ешқандай әсері жоқ. *Үлкен үйдің көші келе ме екен* сөйлемінде де түйдекті тіркесті *келу* мен *екен* құрайды. Ал ортанғы бөліктегі ма сұраулық шылауының сұрау мәнін үстеудегі қызметі болмаса, түйдекті тіркесті бұзу қызметіне ие емес. Мұны ғалым С. Аманжоловтың мына пікірі де қуаттайды: «ау, ақ, мыс, ғой, да сияқты шылаулар қосыла айтылған сөз күрделі деп саналмайды» [2, 66 б.].

Жоғарыдағы мысалдарға көз жүгіртсек, жалаң құрамды түйдекті тіркестер басқа сөз таптары мен көмекші етістік тұлғаларының байланысынан түзіледі. Олар зат есім мен көмекші етістік (*ес жия бере, серт еткен, шер-шемені еді, шақырушы етіп*), еліктеуіш сөз бен көмекші етістік (*селт етіп, құп-қу болған*) және модаль сөз бен көмекші етістік (*жоқ болатын*) арқылы жасалған.

Бұлардың басқадай да жасалу жолдарына бағынатыны сөзсіз. Шағын мысалдық деректемелердің өзінен жалаң құрамды түйдекті тіркестердің өзін екіге бөліп қарастыруға болатынын түсінеміз. Алғашқысы есім сөз табымен қиюласа келетін тіркестер де, екіншісі – алдыңғы сынардың етістік тұлғалы сөздермен келетіндері.

Есім сөз таптары мен көмекші есімдердің тіркесуінен болған түйдекті тіркестің алдыңғы сыңарын, әрине, көбіне-көп зат есім құрайды. Басқа есім сөз таптары заттанған уақытта көмекші есімдерді қабылдайды. Төмендегі мысалдарда зат есім мен көмекші есім тіркесінен басқа, есімдік пен көмекші есімдердің байланысуынан болған тіркестерді қамтыдық: *Абайдың қасында отырған – інісі, жас бозбала Әмір, Құдайбердінің баласы // Өзі білетін сыбысы, сыры бар Нұрғаным алдында жігітті жер қылмақ боп, бір сұм қулық ойлады // Ал Әмір болса сол балалар ішіндегі әңшиі, өнерлісі болып келеді // Айғыздар Абай сыртынан осылай әрекет еткен-ді // Әмір Біржанмен ел шетінде кездесіп... // Жаулық астынан көрінген самай шашы бұл күнде аппақ болған Ұлжан қазір кәрілікке жеңгізгендей // Талай жүздеген ауылдар үстінен «шимандай» ел арасымен өтіп бара жатып, еркін, әсем ән шырқады // Осы балалар қойдың ішін аралаған боп, күзетшімен сөйлесіп, бөгеліп, түн ортасына дейін шұбалып жүріп алды // Әр ауылдың тұсында қой-қозысы, сиыр-түйесі, мол жылқылары шұбыртады // Қорық бойында тек шұбыртқан нөпір, қалың мал көрінгені болмаса... // Оның үстіне Базаралы мен Оралбайдың тоқтамасын көрген...// Мұның алдында да Сүгір құдасына хабар салған еді.*

Есім сөз таптарының қай-қайсысы болмасын, көмекшілік мағынада жұмсалған етістік сөздермен қиюласады. Олардың өзі әр алуан сөз табына бағынады. Қараңыз: а) Зат есім мен нақтылы көмекші етістіктің байланысы: *Сәні бар, нағыз тамыр бойлар ән еді // Тәубе! Тәубе! Күбірлік екен айтқаным.. тұф, тұф, тұф - деп, түкірген белгі етті // Ендігі бір топ – Балбаланың тобы еді.*

Басқа етістіктер көмекшілік мағынаға ауысқанда да алдыңғы қатарда зат есім тұрады. Қараңыз: *Сүгірдің ұзатпай сақтауына мұның осы ерекше мінезділігі де себеп болған // Кәрі әкең сапар шеккелі талай болды // Бірнеше ауыз ән салды.*

Көмекшілік мағынада тұратын кез келген етістікпен есімдіктер де жиі байланысқа түседі: *Есіл Біржан, қадірің қандай еді! // Біржанның бұл ел жасының бір алуанына әкеліп берген жүрек тілі, сезім нұры осы еді // Бұл жолда орыс болсам дұрыс болады, не*

қыласың? // *Майбасар не дерін білмей, сұмдық естігендей, бір нәрсе дейін деп еді // Әнді сүйген мен екем зой! Менің ауылымда Оралбай мен Керімбала ән салыпты, содан екен зой! // Тұр, аттан сен де! – деп, Әбділда Абылғазыға бұйрық берген // Ендеше, шаттық молы сізде екен // Сын мен есеп сонда емес пе?*

Екінші сынарда орын тепкен көмекші етістіктер алдыңғы сынарда сындық, сандық мағынадағы сөздің, сол сияқты тұйық етістік тұлғалы сөзден де болады: *Қазірде шаруа жайын сөйлескенде, Абай үлкен емес, Оспан соғұрлым тәжірибелі сияқты көрінді // Абай осы бүгінгідей етіп өз ауылына Тобықтының әнші, күйші жасынан жігіт-желең, қыз-келіншегін талай рет жинаған // Сол сөз әмір бұйырықтай болды // Бірақ Әйгерімнің қазіргі көңіл-күйі, өзінің сында отырған әншілігін қысылып сезінуде емес.*

Модаль мәнді сөздердің түйдекті тіркес жасаудағы қызметі жоғары. Мұндайда модаль сөз әр алуан сөз таптарымен тіркесе алады: *Үмітей сұлу Айғыздың сіңілісі есенді // Әйгерім әнді үзген жоқ // Біржан сияқты шет қонақтарға Базаралының мына жайын бұл ауыл білдірмеуге тырысты // Әйгерім, Үмітейлер бұл сияқты кесек қалжаққа өте қысылып тұрып, қатты күлді // Түн жігіті әнмен таласып, өзі де әндей боп келген сияқты // Оралбай мен Керімбаладан аянып қалғанымыз ұят, бар көмегіне жарару керек // Бұл талмайтын табандылықты керек етеді.*

Септеулік шылау – түйдекті тіркес жасаушы ең белсенді тілдік бірлік. Олар атау септікті сөзбен тіркесіп келіп отырады: *Ол ел бірлігі үшін Керімбала мен Оралбайдан ұялды // Бар Жігітекке Бөкеніі туралы ең деректі сөзді алып келген Абылғазы үлкен ептілік жасады // Соны ұққан сайын, Абайға, әсіресе, жан тартады // Ол туралы Дәркембай қысқа айтты.* Бұл мысалдар «Үшін, сайын, арқылы, жөнінде, туралы, бойынша, сияқты, тәрізді деген демеулер де өздерінен бұрын тұрған атау септіктегі сөздермен тұтасып бір түйдек болады» деген М. Балақаевтың тұжырымын қуаттай түседі [3, 335].

Барыс септікті сөзді меңгеретін де септеулік шылаулар бар: *Жиренше мен Базар кеше түнге дейін Абаймен бірге еді // Бірақ еттен кейін, таңға шейін созылған Біржан, Абай мәжілісі де ұзақ болды // Абай қонақ үйлерге қарай кетті // Енді бүгін түстіктен кейін, кешке қарсы көп қонақ атқа қонбақшы боп отыр // Оралбай мен Керімбаланы кешке жақын бір үш-төрт үйлі кішкене кедей ауылға әкелісіп еді.*

Шығыс септікті сөзді меңгеретін септеулік шылаулар да жиі кездеседі: *Абай үйге кірместен бұрын тыста жүрген Оспаннан Базаралының сабалғанын естіп, қынжылып келген // Осы күн түс ауған соң, Біржан Құнанбайдың үлкен ауылынан аттанған еді // Осы сөзден соң Жігітек берік байлау жасамаса да, таңертеңнен бергі екі ұдайылықтан, былық-сылықтан арылып, сөзді бір араға түйген-ді // Кеш жатқан қонақтар түске жақын тұрып, шай ішін болған соң, тез жүруді талап етті.*

Көмектес септікті сөзді меңгеруге септеулік шылаулардың қатысы бар: *Сөзін де әнімен бірге қызыға сүйсініп, Біржаннан ұққан // Ауылдар қалың шоғыр қоштерімен қатар көшіп, қатар жеткен болу керек.*

Жоғарыда айтқанымыздай, алдыңғы сынардың еліктеуіш сөзді болуы жиі: *Ауылыма келіп, мұндағы үлкен аға, кіші ініні өнеріңе қарқ қылып барасың // Ол Бөкеніінің шарасынан асып, бұрқ-сарқ етіп жатқан хабарын да есітті // Үнемі жауапсыз сұрағын қайталай қадалтып, сұңқ-сұңқ етеді // Ат үстіндегі денесі дір-дір етіп, үзеңгілері табанына тұрмайды.*

Етістіктердің өзара байланысынан түйдекті тіркес туындайды. Мұндайда етістік құрамы нақтылы көмекшілік қызмет атқаратын етістіктермен (е, ет, де, қыл, жазда) толығуы керек, әрі олар етістіктің әр түрлі категорияларында тұр алады: *Кезіккеннің қолында өлгелі тұр екен // Бірақ қайда кете қалушы еді // Біралай күн өткен еді // Бұлар өзен жағасына тақап қалып еді.*

Міне, жалаң түйдекті тіркес деп аталатын бірліктің құрамы жоғарыда келтірілген сөз таптары мен көмекші мағыналы сөздің тұтаса келіп, бір синтаксистік қызметте тұруы болып табылады.

Күрделі түйдекті тіркес деп сараланған топ та жіті қарауға итермелейді. Бұлардың да көркем шығарма сөйлемдерінде кездесуі аз емес. Мұндайда сөздік тұлғалар болып саналатын ішкі бөліктерге өзгеріс енеді. Енді олар бір-бір сөздік тұлға емес, кемі екі, кей уақытта үш сынарлы сөздік тұлғадан болып жатады. Мысалы: *Үн түзеген бір әнші болушы еді. Кім көрінгеннің қосшысы. Әр кез әр мырзаның қосалқысы. Ән қадірін түсіріп, бір атым насыбайдай арзан етіп еді.* Осы сөйлемдердегі күрделі түйдекті тіркес деп алғанымыз – *әнші болушы еді* мен *арзан етіп еді* тіркесімдері. Себебі бұлар *әнші болды, арзан етті* болып та түйдекті тіркес бола алады. Ал оларға тағы да *е* көмекші етістігінің үстемеленуі басқаша қарауды қалайды. Демек, кемі екі көмекшілік мағынадағы етістік сөздердің қатарласа келуі бұларды күрделі түйдекті тіркес

деп тануға жетелейді. Және бұлар күрделілікті тудырушы белсенді амалдар. Төмендегі ерекшеленген тіркесімдерге назар аударыңыз: *Айдос ішінен Бөкеншіге кеткен алғашқы сәлем бұл емес екен // «Жетіскендей көресің, қарқ боп жүрген Біржан қайсы екен?» дегендей, Абай Біржанға жаны ашып қарады // Аты қалған деген сол емес пе, осы мына отырған өңшең әниі болам деген жалынды жас екі айдан бері еріп жүріп, Біржан әнін үйренген екен // Сонымен ілес өз сөзіне дәлел болсын дегендей, Әмірге қарап: – Міне, мынау Әмірдің Біржаннан артық дейтін өнерлісі бар ма екен? – деді // Құдайберді өлерде, Абай оған «Балаларыңды әке орнына бағу қарызым болар» деп, «жетімдік көрсетпесің» деп ант еткендей болатын // Абайжан, менің әнім саған жақсы қозғау салды деуші ең // Тым құрмаса сауығын Ділдәнің үйіне құрғанда орынды болмас па еді дейді екен. Ол қошемет болар деп, сыртына сыр шығарған жоқ // Ана, «аз күндік қонағымсың» деуші едің гой // Қыз «жаным сенімен бірге шықсашы!» деп еді // Келіні жаққа сол қолымен ишарат жасап, «тоқтат» дегендей етті.*

Енді бірде нақтылы көмекші етістіктер бірінші орналасып, басқа етістік тұлғалары оған көмекшілік атқаратыны кездесіп отырады: *Абайдың сөзі Біржан өнерін сонша зор көтеріп, өз елінің бар жасына «бізден бұл артық» деп отыр // Үмітей бұл әниің сөзін арманды күдікпен, аса бір құпия сыр етіп айтады // Оспан өз ағасы Абайдың шаруа шебері емес екенін білетін-ді // Анасының үнсіз жүзінің өзі Абайға «кінәлісің, кінәлаймын» деп тұрғандай // «Мен жер құдайымын дейтін» шығар // Қаршығамның өнерін сіздерге көрсетейін деп келдім.*

Толық мағыналы болып келетін етістік тұлғалы сөз нақтылы көмекшілік мағынада келетін етістік сөздердің ортасына да түсіп кетеді: *«Мынаның мінгені менікі емес пе?» деп айтады дейтін.*

Түйдекті тіркестің күрделенуінің бір жолы етістік тұлғалардың ортасына, немесе соңына басқа сөз таптарының сөздік тұлғаларын қосу/ерту болып саналады. Мәселен, төмендегі сөйлемнің түйдекті тіркесінің өзі одағай сөз табымен тіптен күрделене түскен: *Әуелі өзің пәлеге бата түс, өртенге түс» дейді екенсіз, ә? - деді // Көптен бұндай қуанған да емес сияқты // Сыртқы ажарымен софьяна, мүләйім, нұшайман жан болған тәрізді // Қажыған кәрілікті күлкі етейін деген ойы жоқ еді.* Соңғы үш сөйлем түйдекті тіркестің модаль мәнді сөздердің қабаттаса келуімен күрделенген. Ал төмендегі сөйлемде атау тұлғалы сөзден кейін келетін үшін шылауы толық мағыналы сөз (қызық) бен емес көмекші етістігінің ортасына

түскен: *Қаршыға қызығы үшін емес, Абайдың жеңілдігін, балаша қуанғанын мазақ етіп, мысқылдап келе жатыр.*

Тілде түйдекті тіркестің күрделенуіне бірден-бір әсер ететін тілдік бірліктер мол кездесіп отырады. Олар түйдекті тіркесті тұлғаның жасалуындағы тілдік бірліктердің (көмекшілік қызметтегі тұлғалар) тіркесуіне байланып, бастапқы мағынасынан ажырайды. Мәселен, Үні жіңішке, таза, сәнді екен сөйлемінде бір жеке сөздік тұлға (үні), бір түйдекті тіркес (қалғандары) бар. сол түйдекті тіркес деп танылған тұлғалардың өзі екі тілдік тіркестен тұрған: біріншісі – салаласқан тіркес (жіңішке, таза, сәнді) те, екіншісі екен деп аталатын түйдекті тіркесті жасаушы тұлға. Бірақ мұндайда салаласқан тіркес деп аталатын тілдік тұлға өзінің бастапқы қызметінен айырылып, басқа тілдік тіркестің заңдылығына бағынады. Демек, енді ол салаласқан тіркес емес, керісінше, түйдекті тіркестік құбылыс. Бұған әкелген аталған тіркесімнің бір ғана бірлік болып саналатындығы және екен көмекші етістігінің шылауына бағынғандығы. Сонымен, күрделі түйдекті тіркесті жасаудағы келесі бір жол төмендегідей (Біз ерекшеленген тұлғаларды басқа тіркестердің қызметіндегі бірліктер деп санаймыз):

а) Салаласқан тіркес пен түйдекті тіркес жасаушы тұлғаның қызметі: *Әр түнде «алып кетті», тиіп кетті» деп, ел іші даурығып тұр // «Жұр, жүр» десіп ап, тебінің жіберіп, ойдан төмен ағыза жөнелісті // Сөйтіп, көшіп келе жатқан ауылдар қаралы, жылаулы екен // Ол өзінің келісімен-ақ, «Әйгерім аңғарар, қояр» деп еді.*

ә) Атаулық тіркес пен түйдекті тіркес жасаушы тұлғаның қызметі: *Ол ақырын тыңқылдаттып, өз домбырасына Біржан үйреткен «Жиырма бес» дейтін әнді салып отырған // Аса бір кең жарастық құрмет кеші боп еді.*

б) Фразеологиялық тіркес пен түйдекті тіркес жасаушы тұлғаның қызметі: *Ел бауырга түсіп келе жатқан кез болған еді // Ақшоқыдан осы ауылдар қонып жатқан қоныс құнан шаптырымдай жер еді // Осы ауылдың үстіне бір емес, екі емес, қамшы үйіре бермеңіз! - деді // Абайды шешелер үйіне шақыртқанда, кей қонақтарға кісі салған болатын.*

в) Түйіспелі тіркес пен түйдекті тіркес жасаушы тұлғаның қызметі: *Олар Біржанды бұл жолы гана көрген емес.*

Міне, түйіспелі тіркестің күрделі түрі құрамында жеке сөздік тұлғалы көмекшілердің алдыңғы сыңарында әр алуан тілдік тіркесімдердің болуын қалайды. Сонымен қатар көмеші мағыналы түйдекті сынарларының қабаттаса жұмсалуды нәтижесінен құралады

екен. Қорыта келгенде, түйдекті тіркес дегеніміз құрамындағы кемі екі сөз тұлғаның бір-бірімен түрлі грамматикалық амал-тәсілдер арқылы байланысуынан өткен және бір синтаксистік бірлік ретінде жұмсалы мүмкіндігі бар тілдік тұлғалар болып саналады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Сайрамбаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Сөз тіркесі. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2010. – 640 б.
- 2 Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы: «Санат» баспасы, 1994. – 320 б.
- 3 Балақаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 592 б.

ТҰРҒАЗЫ НҰҚАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ-ИДЕЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

РАХИМБАЕВА Г. Қ.

ф.ғ.к, доцент, «Тұран-Астана» университеті, Нұр-Сұлтан қ.

НИЯЗБЕКОВА Б.

студент, «Тұран-Астана» университеті, Нұр-Сұлтан қ.

«Тұрғазы Нұқайұлы Нұқаев Ұлан ауданының Егінеу ауылдық кеңесіне қарасты Тұяқ ауылында 1937 жылы 27-ші маусымда туған. Ол көпшілікке қаламы ұшталған тәжірибелі журналист-публицист, ақын-жазушы ретінде танымал. Ол «Тұңғыш» (1977), «Ұлы даланың ұлымын» (1995), «Әз ағамыз Әдекең» (1996), «Ана арманы» (1997), «Жарқыраған қос жұлдыз» (1999) атты кітаптардың авторы. Ақын Жазушылар одағының мүшесі. Ақын жырлары байсалды, өлеңдерінде бекзаттық, азаматтық әуен басым. 1978 жылы «Жалын» баспасынан «Тұңғыш» атты жыр кітабы жарық көрді. Кітапқа Кенді Алтайдың келісті келбеті, замандастарының жарқын бейнесі, ой – арманы мен жан сезімі арқау болған. «Туған жермен сырласу» атты жырында халқы алдындағы азаматтық абзал ісін өтеу мақсаты айқын аңғарылады. «Марқакөлдін ажары», «Рахман жаңбыры», «Қаба» деген өлеңдерінен ел деп соққан жүректі, ел үмітін ақтап шықсам деген өршіл тілек пен туған жерге деген махаббатты сезінеміз. Т. Нұқайұлының көптеген шығармаларында ел бірлігі, өзара ынтымақ мәселері айқын, анық айтылып, береке бірлік, ынтымақты нығайтуға шақырады. Тұрғазы Нұқайұлы 3. Баянов

атындағы облыстық журналистер жүлдесінің иегері. Ақын 2001 жылы қайтыс болды» [1, 25 б.].

Жазушының туған жер тақырыбын арқау еткен шығармасы – «Алтайым – ардағым менің» (Туған жер туралы толғауы). Бұл шығарманың жалпы идеясы, кең байтақ Қазақстанымыздың шығыс бөлігіндегі, ерекше әсемдігімен сөзбен жеткізе алмайтындай, өзіне ғана төн қайталанбас сұлулық әлемімен елді таң қалдырған, Алтай өңірінің сыр-сипатын бейнелеу болып табылады. «Алтайым – ардағым менің» шығармасы көптеген сипаттау түрлеріне көмкерілген. Шығармада тек өңірдің ерекше сыр-сипаты ғана бейнеленіп қоймай, үлкен тарихтан сыр шертіліп, географиялық ерекшеліктер де сөз етілген. Оны мына бір үзінділер арқылы байқауға болады. Жазушы Алтай өңірінің табиғатын былайша береді: «Осы бір әсем тау алқаптарынан сыңғырлап ағып, ілгеріге асыққан тұнық та таза сулы тентек бұлақтар мен жойқын тасқынды өзендер бастау алады. Маңайды сөнге бөлеген қылқанды жапырақты ормандар, жидек бұталары, сан алуан өсімдіктер, қараған, тобылғылар тынысы көусар ауаға қосылып адамның жаңын жадыратады, бойын сергітерлік жұпар иісін шашады» [2, 3 б.]. Үзіндіде бұлақты – әсем, тұнық, сыңғырлаған таза суға теңеу арқылы, сан алуан өсімдіктердің жұпар иісін көусар ауа іспеттес екенін көрсету арқылы талай оқырманның көз алдына әсем табиғат бейнесін елестете алғаны анық. Аталмыш шығарма тарихтың терең қойнауына бойлайды. Кең байтақ қазақ даласының бір бөлшегі саналатын Алтай өңірінің әр төбесі, әр тау-тасы, әр қойнауы халық тарихының бірден бір куәгері іспеттес. Оған нақты дәлел түрінде қаламгер, дала Ромеосы мен Джульетталары – Қозы Көрпеш-Баян сұлу сияқты теңдессіз махаббат символдарының осы бір дала төсінде өмір кешкендігін келтіреді. Қанша уақыт өткеніне қарамастан, таза махаббат күдіретіне тағзым ескертіші Аягөз жағасында әлі де болсын сақталған. Ал, бұл үзінді өңірдің географиялық ерекшеліктеріне мысал бола алады: «Кербез де сылқым, салмақты да сабырлы, жойқын күш иесі осы дарияның арнасын тасқынды толқындарымен толтыруға асыққан Бұқтырма, Тұрғысын, Қалжыр, Күршім, Нарын, Үлбі, Уба, Шульба, Қызылсу, Ұлан, Сібе, Мұқыр, Шаған сияқты жүздеген үлкенді-кішілі тау өзендері де бұл өңірді аймалап өтеді» [2, 4 б.].

Жалпы, шығарма желісімен танысу барысында қаламгердің әр кез оқырманмен байланыс орнатуын байқауға болады. Қазақ даласының кең байтақ әсем жерлерін әңгіме түрінде оқырманға

барынша жеткізіп, таныстыру қаламгердің басты мақсатының бірі болғанын көре аламыз. Әңгіменің соңғы бөлімінде Тұрғазы Нұқаев: «Құрметті оқырман, сен де осы мақала арқылы қасиетті атамекеннің тарихына бізбен бірге саяхат жасай отырып, кербез Алтай ғажайыптарын тамашала, одан бойыңа нәзік сезім мен өршіл куат ал, олардың қайталанбас сұлулық күдіретін жан сарайыңа сақтай біл» деп қорытындылайды [2, 7 б.].

Тұрғазы Нұқаевтың қолынан шыққан таңдаулы, ерекше материалдарының бірі «Ел зердесінде сақталған» мақаласы болып табылады. Тақырыптың өзінен-ақ шығарманың қазақ зиялыларына қатысты екенін байқауға болады. Идеясы – қазақ жұрты үшін әлі де беймәлім қалған зиялы қауым өкілдерімен таныстыру болып табылады. Қазіргі таңда халқымыз үшін құрметтеліп келе жатқан тұлғалардан бөлек, өзге де аяулы тұлғаларды ардақтайтын сөт туғанын жеткізу. Бұл материалдың жазылуына арқау болған, «Семей қаласы, 1915 жылғы 10 наурыз» деген жазуы сақталған сурет. Суреттің өзі 75 жыл бұрынғы қазақ халық зиялыларының Семей қаласында бас қосуының куәгері. «Суретте бірінші қатарда отырғандар: (солдан оңға қарай) Әдіктің Жаңабайы (қазіргі Ұлан ауданы), Тұрағұл Абайұлы (Ибраһимұлы) Құнанбаев, Көкбай ақын, Жәкежанның Мұқаны (қазіргі Ұлан ауданы), Ахмет Байтұрсынов; екінші қатарда тұрғандар: Сейтрахым Кәдірбаев, Елдес Омарханов (Қостанай), атақты палуан Қажымұқан Мұңайтпасов, ақын Міржақып Дулатов, Жұбандық Болғанбаев (қазіргі Самар ауданынан)» [2, 19 б.], – деп бірімізге жақсы таныс, бірімізге жаңа есім болып табылатын зиялыларды көрсетеді. Дәл осы бір мақалада ол кезде біз әлі де біле қоймаған қазақ зиялылары жөнінде тың ақпарат берілген. Кезінде көнекөз қариялардың айтуы бойынша қалған деректерге сүйене отырып, Тұрғазы Нұқаев қазіргі Ұлан ауданының елді басқарған болыстары Әдіктің Жаңабайы мен Жәкежанның Мұқаны және де Жұбандық Болғанбаев жөнінде мәлімет береді. Қаламгер осы бір жайға акцент қоюды жөн көреді. Ол Жәкежанның Мұқаны мен Міржақып ақын екеуінің айырылмас жолдас болғандығы. Бұл жағдайдың өзі талай тарихи оқиғалардың ашылуына себепкер болды. Жалпылай келгенде, Тұрғазы Нұқаев осы бір мақаласы арқылы өскелең ұрпаққа үлгі бола алатындай тұлғаларды, елеңбей қалған есімдерді таныстыруды мақсат еткен. Осы бір суреттің арқауында қазақ тарихы жаңа бір оқиғаларға толықтырылды, жазушының да жеткізгісі келгені тарих шежіресінен

сыр шертетін осы сияқты қымбатты суреттердің қаншасы сақтаулы екендігі және де әлі жарияланбауы болатын.

Қаламгердің қолынан шыққан тағы бір шығармалардың бірі – «Атадан жеткен асыл сөз» әңгімесі. Егерде жоғарыда талдап өткен шығармаларымен салыстыра қарасақ, ортақ дүниені байқауға болады. Себебі «Атадан жеткен асыл сөз» әңгімесінің жалпы идеясы – туған жер топырағының ізгілік қасиетін түсініп бас ию, құрметтеу және де жас ұрпақты ел тарихымен таныстыру болып табылады. Жоғарыда талданған шығармалармен салыстыратын болсақ, «Алтайым – ардағым менің» әңгімесімен тығыз байланысты болып келеді. Екі шығарма желісінде де өсіп-өнген туған өлкенің табиғат ерешеліктері, тарихи оқиғалары, географиялық-танымдық дүниелер қозғалады. Ал, «Ел зердесінде сақталған» мақаласымен байланысына тоқталсақ, бұл еңбектің де жариялануына осы бір «Атадан жеткен асыл сөз» әңгімесіндегідей, кезінде көнекөз қариялардың айтуы бойынша қалған деректер арқау болған. Тұрғазы Нұқаевтың осы бір еңбектерінің арқасында қазақ тарихының тарауларына тың деректер қосылып, қазақ зиялыларының есімімен, беймәлім тарихи оқиғалармен танысамыз.

Қаламгер туындылары туған жер табиғатына, күдіреттілігіне, өзі айтып өткендей «Ел тарихы – жер тарихы, жер тарихы – ел шежіресі» тақырыбында жазылғанын байқауға болады. Әрбір кеште тыңдаған шежіре сырларын оқырмандарына көркемдеп жеткізе білген. Тұрғазы Нұқаев осы туған жер, оның тарихы, шежіресін өскелең ұрпаққа мұра қылып қалдыруды көздеп, осындай еңбектерін артынан қалдырып кеткен.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 <https://ru.calameo.com/read/002950357eb14a28c41be>
- 2 Ұлы даланың ұлы. Өлкетану құралы. Құрастырушы: Жұмағұлова Г. –Өскемен, 2012.

М. ӘУЕЗОВТЫҢ ФОЛЬКЛОРТАНУДАҒЫ ОРНЫ

РАШИТОВА А. А.

студент, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

ӘМІРЕНОВ А. Д.

ф.ғ.д., доцент, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Халық ауыз әдебиеті – кез келген халықтың мәдени-тұрмыстық өмірінен хабар беретін, әрі сонау ерте замандардан бері жалғасып келе жатқан күрделі синкреттік ғылым саласы. Қазақ фольклорының зерттелу тарихы XVIII ғасырдан бастау алады. Бұл қазақ хандығының Ресей империясының қол астына кіруіне байланысты орын алған жағдай еді.

Қазақ фольклорын жинақтау және оны ғылыми тұрғыда зерттеу ісі XIX ғасырдың II жартысында бүтіндей жолға қойыла бастады. Дәл осы кезеңдегі қазақ фольклорының жай-күйі белгілі еңбекте: «Қазақ фольклорын, тілін, этнографиясын таза ғылыми мақсатта, академиялық түрде зерттегендер де болды. Бұл топтағы адамдар фольклорлық және әдеби шығармаларды барынша дұрыс жазып алуға, сұрыптап, жүйеге келтіруге және соларды жарыққа шығаруға, ғылыми түрде талдап, зерттеуге күш салды. Сөйтіп, 80-жылдардан бастап, әсіресе 1890-1900 жылдар аралығында қазақ ауыз әдебиеті жөнінде ғылыми еңбектер мен библиографиялық көрсеткіштер жиірек шыға бастады» [1, 92 б.], – деп сипатталған.

Қазақ ауыз әдебиетінің филология ғылымының бір саласы ретінде өсуі, зерттелуі, таралу деңгейі әсіресе оның тарихымен тығыз байланысты болып келеді. Біз жоғарыда қазақ фольклорының ғылыми жолға қойылу тарихы, оны алғашқы зерттеушілер, жинақ ретінде көшіріп алушы қазақ оқымыстылары туралы бекер айтып отырған жоқпыз. Заман өз уақытымен алға қарай жылжыған сайын ондағы тарихи-мәдени процесстер де соған сай бейімделе бермек. Демек, біз сөз еткелі отырған, қазақ әдебиетінің жұлдызы, көркем ойдың алыбы, қазақ руханиятының нары, заңғар зерттеуші, қазақ фольклорының зерттелуі мен ғылыми айналымына теңдессіз үлес қосқан Мұхтар Омарханұлы Әуезов те өзінен алдыңғы зерттеушілерді айналып өте алмаса керек.

«Мен өз өмірімде үш түрлі қоғамдық формацияны бастан кешірдім. Олар: феодализм, капитализм, социализм. Кейбір ретте мен өзімше жастық шағы мен бүгінгісінің арасында ғасырлар жатқан шежіре адам бола алар едім деймін. Көргенім, бастан кешіргенім, байқағаным жөнінен XX ғасырдың орта шенінен, тіпті

сонау Еуропаның да емес, одан әрмен Азияның орта ғасырынан келген адам сияқтымын» [2]. Бұл М. Әуезовтің қазақ даласында болған күрделі тарихи оқиғалардың шиеленіскен кезеңінде дүниеге келгендігін айғақтайтын құжаттамалық анықтама еді.

Алдымен М. Әуезовтің білім жолына келуін бір шолып көрелік. Болашақ ғалым бес-алты жасында туған әкесінен түркіше сауат ашады. 9-10 жас шамасында Семейдегі Камали қазіреттің медресесінен мұсылманша оқып үйреніп, артынан орыс оқуына түсуге дайындалады. Бұл туралы М. Әуезов өз естелігінде: «Қалаға барып оқи бастағанға шейін ауылда өткен балалық уақытында әкелерімнің оқытатыны Абай өлеңдері болатын. Ол кезде Абай – жазба. Бірақ елдің басты адамдары балаларына оқыту үшін Абай кітабын, белгілі кітап көшіргіш молдаларға ақша беріп жазғызып алатын» [3, 69 б.], – деп еске алады.

Демек, ғалым бала күнінде қазақ жазба әдебиетінің алғашқы кезеңін көзімен көреді, қала берді ауыз әдебиетінің соңғы көшіне де ілесіп үлгереді. Осылайша Омарханның бала Мұхтарды ауыз әдебиетімен тәрбиелеуі болашақ ғалымның қазақ ауыз әдебиетін зерттеуіне зор мүмкіндік ашады.

М. Әуезовтің қаламалды туындылары «сырлы әдебиетке» (М. Әуезов *«көркем әдебиетті» осылай атаған – мақала авторы*) емес, ғылыми мақалаларға арналуы тегін емес. Оның ең алғашқы баспа бетін көрген мақаласы – «Адамдық негізі – әйел» еді (Тұрағұл Абайұлымен бірлесіп жазған). Ал кейінгі мақалалары мен баспасөз бетіндегі шығармашылық өмірбаяны 1918 жылы «Абай» журналының шығуымен байланысты болды. Кейінгі он жыл ғалымның әдебиет жанрының әңгіме, повесть, драмалық туындыларына негізделді. Және М. Әуезовтің қазақ фольклорын зерттей бастауы да дәл осы уақытпен тұспа-тұс келеді.

М. Әуезовтің ауыз әдебиеті үлгілерін жинастырып, бастыру ісі 1922 жылдан басталады. Мәселен оның «Абайдың кейбір өсиет сөздері», «Бұхар жыраудың Керейге айтқан сөзі. Көкбай ақсақалдан», «Бұхар жырау сөздері. Көкбай ақсақал айтуынша», «Сыбан Сабырбай ақынның төреге айтқан сөзі», «Айтаңсықтың қоштасқаны», және т.б. көптеген фольклорлық шығармаларды баспаға ұсыну ісімен өмірінің соңына дейін айналысады. Сондай-ақ ол «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырының кітап болып шығуына (1936), «Үміт қыздың өлімі», «Байжұман» секілді поэмаларды халық аузынан жазып қалдырады.

Қазақ фольклорын жинақтап, зерттеу ісін шарты түрде Қазан төңкерісіне дейін және Қазан төңкерісінен кейін деп бөлушілік бар. М. Әуезовтің фольклорға қатысты зерттеу еңбектері Қазан төңкерісінен кейінгі кезеңде баспа бетін көре бастады. Оның «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» атты көлемді мақаласы 1922 жылы Ташкентте шығып тұрған «Шолпан» журналының 3-4 сандарында жарияланған. Бұл мақаласында ғалым кез келген халықтың әдебиетінде ауыз әдебиеті болғандығын және оның мәдениетке ықпалының зор екендігін ескерте келе ол фольклорда сақталған типтік образдар мен шынайы психологизмдердің тұнығы жатқандығын баса есерттеді. Көне жырлардың ішінде «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Едіге», «Ер Тарғын», «Қобыланды батыр» секілді дастандарды, Абылай хан туралы аңыз-әңгімелерді, айтыс өнерінің халық өміріндегі орнына тоқтала келе халық әдебиетін зерттеусіз жаңа әдебиеттің, яки орыс әдебиеті секілді бірнеше ғасыр алға кеткен жазба әдебиеттің басталуы қисынсыз екендігін ашып айтады [4, 75–86 б.].

М. Әуезовтің 1925 жылы «Қазақ тілі» газетінде жарық көрген «Әдебиет ескілігін жинаушыларға» атты мақаласы Қазан төңкерісінен кейінгі қазақ әдебиетінің ілгерілеу процесінің бір ғана тірі дәлелі. Бұл мақаладан аңғарғанымыздай: «Өткен заманның қадірлілері талайдан келе жатқан көрі қазақтың бұл күнге шейін көмескі болып келген ақыл, сезім жолындағы бітімін айқын көрсетеді. Талайдан қалыптанған ой тұлғасын көзге елестетеді. Қазақтың өткен күндегі тұлғасы айқындалмай, келешегінің беті ашылмайды. Өткен күннің ұғымы мен наным, әдеби мен салты анықталып екшелмесе, алдыңғыға бет түзелмейді. Ирегі мен бұраны көбейеді. Қай жұрттың қай түрдегі өнерін алсақ та, артындағы қоры жиналмай, алдына қарай заулап кеткен емес» [4, 95 б.], – өзі және замандастарының барлығына ортақ міндет – қазақ тарихын екшелей зерттеп, ғылым жолына қойып беру. М. Әуезов бұл мақаласын өзінен кейінгі зерттеушілерге нұсқаулық ретінде ғана емес, сол күнде тілге қызмет етіп жүрген әрқандай азаматқа да арнай жазғаны байқалады. Бұл мақалада жас ғалым әдебиет жайынан жазып алатындары (фольклор) деп 11 түрлі ауыз әдебиеті үлгілерін ажыратады. Олар: эпостық жырлар, айтыс өлендер, билік сөздер, тарихи өлендер, ғұрыптық өлендер, салт өлендер, ерлік әңгімелері, топонимикалық ертегі әңгімелер, ақындар жөніндегі әңгімелер (автобиография), бақсы-балгерге, жын-шайтанға қатысты діни сарындағы әңгімелер және ру-рудың шежіресі туралы өлендер мен әңгімелер. Бұл жердегі назар аударатын жайт – М. Әуезов

сол кездің өзінде ауыз әдебиетінің үлгілерін жіктеп, оларды топтастыра бастаған. Осыдан аңғарғанымыздай, бұл мақала тек қана публицистикалық мәнді емес, сонымен қоса ғылыми-зерттеу еңбек те болып табылады.

М. Әуезов Семейде оқып жүрген жылдары «Таң» журналына «Қобыланды батыр» жырын зерттеп жазған мақаласын жариялайды (1925). Бұл мақалада автор эпостық жырлардың қазақ тарихын зерттеуде аса қажетті материал екендігін атап көрсеткен: «...батырлар әңгімелерін басынан аяғына шейін анықтап тексеріп қарағанда, бізге тіпті анық қылып тарих бетін ашып береді демесек те, сол ескі тарих көлемінде болған ірі мезгілдердің барлығының да ұлы суретін нобаймен, түспалмен көрсеткендей болады» [4, 88 б.], – дейді. Ғалымның дәл осы мақаласы көлемді жырлардың жанрлық ерекшелігі мен оларға келтірген классификациялық топтастыруға үлкен септігін тигізеді.

Кейіннен бұл жырдың кітап болып жарыққа шығуына тікелей М. Әуезов басшылық жасайды (1936). Жырдың жазылып алу уақытына келсек, ол ертеректе, М. Әуезовтің шамамен жиырмаға толыр кезінде жүзеге асқан деген деректер бар Айта кететін жайт, М. Әуезов бұл мақаланы «Семей техникумы» деген атпен жариялайды. Ал бұл мақаланың шынайы авторы М. Әуезов болғандығын Қ. Мұхамедханов 1971 жылы «Қазақ әдебиеті» газетіне жариялаған мақаласында архив деректері арқылы дәлелдеп жазған еді [5, 131 б.].

1924 жылы Ташкентте ғалымның «Халық әдебиеті туралы» мақаласы «Жас қайрат» журналында жария көреді. Бұл мақалада ескі әдебиет пен жаңа әдебиеттің (*тіпті әдебиет деуге келмейді деген ишара келтірілген – мақала авторы*) аражігі көрсетіліп, нағыз әдебиеттің тууы үшін ескі әдебиетті білу қажет, жеңіл сөз, шала-шарпылықпен мәдениет жасай алмаймыз деген сынайдағы сыни көзқарасы айтылады. Және осы мақаласында автор кеудесінде жаны бар азаматтың барлығына фольклорды жинақтау ісі міндет екендігін баса ескерттеді.

Ғалымның жоғарыда аталған мақалалары кейінгі тиянақты зерттеулердің басы ғана еді. Ол фольклорды зерттеуге тыңғылықты түрде 1925 жылдан кейін кіріскен. Осы ретте ғалымның шоқтығы биік ғылыми мұрасы ретінде 1927 жылы жарияланған «Әдебиет тарихы» атты еңбегін атап көрсетуіміз керек. Бұл еңбегінде қазақ фольклорының біраз жүйеленіп, оқулыққа татитын деңгейге

көтерілгенін байқау қиын емес. Мәселен, ғалым ауыз әдебиетін 4 түрге бөліп, оларға:

- 1) сыршылдық салт өлеңдері;
- 2) әңгімелі өлеңдер;
- 3) айтыс-тақпақ;
- 4) ертегі, мақал, мәтел, жұмбақ деп категориялық түсініктер қалыптастырған.

Ғалымның бұл еңбегі қазақ халық ауыз әдебиетінде еш ескерусіз қала алмайды. Мәселен, М. Әуезовтің ғылыми мұраларын, оның фольклорды зерттеу тарихын екшелей зерттеген Ә. Молдаханов: «Қазақ эпосы мен фольклорын тұтас түрде зерттеудегі тұңғыш тәжірибе, автордың осы саладағы алғашқы ізденістері ғана емес, болашақтағы қазақ фольклортану ғылымындағы іргелі зерттеулерінің іргетасы деп атауға толық тұрарлық еңбек» [6, 13 б.], – деп жоғары бағалайды. Ал Б. Әзірбаева бұл еңбек туралы мынадай қорытынды жасайды: «Әдебиет тарихы» – қоғамдық ой-сананы сілкінітіп, қалың ұйқыдан оятатын, ғылымның саналуан салаларына бағыт-бағдар беретін, мәдениетіміз үшін аса маңызды, қазақ фольклоры мен ақын, жыраулар поэзиясын зерттеуге арналған алғашқы монографиялық еңбек. Бұл зерттеуінде автор қазақ халқының өткен тарихы мен мәдениеті хақында, ұлттық фольклорымыздың жанрлық жүйесі туралы ойларын білдіріп қана қоймай, халық сөз өнерінің кейбір үлгілері мен біршама репрезентативті жанрларына анықтама беріп, терең талдаулар жасайды. Сондай-ақ, ақын, жыраулардың ауызша шығармашылығын қазіргі жазба әдебиеттің бастауы деп білген автор «зар заман» поэзиясын алғаш болып әдебиет тарихына енгізіп зерттейді» [7, 27 б.].

Қорытындылай келе, М. Әуезов қазақ ғылымында алғаш болып фольклордың табиғатын саралап, тектік параметрлерін анықтады, оның жазба әдебиеттен айырмаларын, өзгешелігін көрсетіп берді, кейінгі барлық дерлік жіктеулерге негіз болған классификациясын ұсынды; фольклордың репрезентативті жанрларын зерттеп, жанрлық ерекшеліктерін анықтады, генезисі мен шығу уақытын мөлшерледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақ фольклористикасының тарихы: (революцияға дейінгі кезең). – Алматы: Ғылым, 1988. – 432 б.

2 Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы», 2014. 3-том: Мақалалар, әңгімелер, аудармалар, пьесалар. 1921-1929. – 424 б.

3 Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы», 2014. 2-том: Мақалалар, әңгімелер, аудармалар, пьесалар. 1921-1929. – 480 б.

4 Мұхамедханов Қ. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы, «Ел-шежіре», 2007. 5-том. – 344 бет.

5 Молдаханов Ә. Мұхтар Әуезов және фольклортану проблемалары (ғылыми зерттеулері мен көркем шығармалары негізінде). Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 1998. – 51 бет.

6 XV ӘУЕЗОВ ОҚУЛАРЫ: XV халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы, 2018. – 354 бет.

7 Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы», 2014. 4-том: Мақалалар, әңгімелер, аудармалар, пьесалар. 1921-1929. – 456 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТӘТТІ ТАҒАМ АТАУЛАРЫ

ТОҚТАС Ә.

студент, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ҚАДЫРОВА Б. М.

профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Ертеректе мейрамханаларда дәл бүгінгідей тәтті тағамдар көп болған жоқ. Қазіргі уақытта тұтынушының назарын аударатын тағамдардың көптеген түрлері және соған сай атаулары бар. Дүкен сөрелері әртүрлі аспаздық кітаптармен де толы. Олардан біз кез-келген рецепті қалауымызша таңдапөз қолымызбен даярлай аламыз. Тіпті болмаса, белгілі бір елдің тағамдарын дайындайтын мамандандырылған мейрамханаларға барамыз. Қазір елімізде ұйғыр, өзбек, түрік сияқты түркі халықтарының асханасымен қатар испан, итальян, мексика, куба, корей, қытай сияқты басқа халықтардың мейрамханаларын әр көшеден көруге болады. Қалауымыз бойынша күнделікті әр елдің ұлттық тағамынан дәм тата аламыз. Әркім өз талғамына қарай бір нәрсе таба алады, қызықты атаулары бар экзотикалық тағамдардың дәмін татып көре алады.

«Неліктен тағам осылай аталады?» – бұл сұрақ әркімде туындауы әбден мүмкін. Ол туралы пікірталастар да болуы ықтимал. Біз зерттеу жұмысымызда осы мәселелерді көтеріп, лингвистикалық тұрғыдан қарастырмақпыз. Тәтті тағам атауларын нысанға алып зерттеуіміздің өзектілігі бірнеше себептерге байланысты:

Біріншіден, қазақ тіл білімінде осы уақытқа дейін тәтті тағам атаулары бойынша арнайы зерттеу нысаны болмаған.

Екіншіден, алынған қазақ және орыс тілдеріндегі тәтті тағам атауларының тақырыптық, мағыналық және құрылымдық ерекшеліктерін зерттеу – уақыт талабы.

Үшіншіден, тәтті тағам атауларының ономастикадағы өзіне лайық маңызын айқындау, олардың ортақ заңдылыққа бағынатын біртұтас құбылыс екендігін дәлелдеудің тіл білімі ғылымы, әсіресе ономастика үшін маңызы зор.

Төртіншіден, қазір тәтті тағам түрлерінің саны қауырт өсіп келеді. Бұлардың әрқайсысына атау беріп, айдар тағуының өзіндік ерекшеліктері бар.

Бесіншіден, онимдер ұлттық келбетіміздің айнасы десек, тағам атаулары да белгілі бір кезеңдегі халықтың ұлттық бейнесін көрсетеді әрі сол кезеңнің қоғамдық, экономикалық жағдайынан белгілі бір дәрежеде хабар береді. Өзімізде өндірілетін тәтті тағам атаулары тәуелсіздігімізге отыз жылдың жүзі болса да, ұлттық сипат ала алмай келе жатыр. Тіл білімінің қазіргі даму дәрежесінде ономастикаға қатысты шешілмей жатқан мәселелер көп десек, оның тәтті тағам атауларына да тікелей қатыстылығы сөзсіз.

Тәтті тағамдар атаулары прагматонимге жатады. Прагматоним грек тілінен аударғанда, прагма – зат, тауар дегенді білдіреді. Прагматонимге барлық тауарлардың атаулары мен сол тауарларды шығаратын кәсіпорындардың тауарлық белгілері жатады. Тәтті тағамның атаулары осы лингвистикадағы прагматонимнің бір бөлігі болып табылады. Қазақ тілі біліміндегі ономастикаға байланысты шыққан зерттеулерге шолу жасап шыққанымызда прагматонимдердің ішіндегі тәтті тағам атауларына қатысты бірде-бір еңбек (қазақ тіл білімінде) жарық көрмегендігіне көз жеткіздік. Сондықтан тәтті тағам атауларын зерттеп, оның ономастика саласындағы ерекшелігін айқындау – тақырыптың өзектілігін танытады. Өйткені еліміз тәуелсіздік алып, өз өнімдерін шығара бастағанына да отыз жыл болды. Осы уақыт аралығында тәтті тағамдар түрлері көбейе түсті. Бұл өз кезегінде олардың атауларын лингвистикалық тұрғыдан саралауға негіз болады.

Жаңа тиісті атаулардың пайда болуы біздің заманымызда сөзсіз құбылысқа айналады, өйткені заттар әлемінің әртүрлілігі сырттан берілген немесе адам жасаған негізгі атауларды белгілеу үшін қажет. Атау тіл заңдарына сәйкес дамып келе жатқан сөз болуы керек. Жеке заттарды ерекшелейтін жеке атаулар ерекше назар аудартады. Ежелгі уақытта да тиісті атаулардың тілдегі орны және олардың жалпы есімдерден айырмашылығы байқалды. М. Фоякова тиісті атау «зат есімдердің әмбебап функционалды-семантикалық категориясы, халықтың тілі мен мәдениетіндегі осы объектілер туралы жеке ұғымдар мен жалпы түсініктерді білдіретін жеке объектілерді (тірі және жансыз) анықтауға және белгілеуге арналған ауызша белгілердің ерекше түрі» деп жазады [1, 21 б.].

Атаулар ономастиканың зерттеу нысаны болып табылады. Бұл пән атаулардың «тағдырын», дәлірек айтқанда даму тарихы мен олардың қызмет ету заңдылықтарын білумен айналысады. Қазіргі ономастикалық жүйе өте бай және тармақталған. «Орыс ономастикалық терминологиясының сөздігінде «ономастикалық кеңістік» белгілі бір кезеңде нақты, гипотетикалық және фантастикалық объектілерді атау үшін белгілі бір халықтың тілінде қолданылатын барлық кластардың тиісті атауларының жиынтығын білдіреді және онимдік кеңістік көптеген онимдік өрістерден тұрады (белгілі бір таптың онимдерін қамтитын онимдік кеңістіктің бөліктері) [2].

В. Н. Топоров өз жұмысында ол дәуірге, елдерге, мәдениеттерге байланысты әр түрлі толтырылатындығы туралы жазды. Ономастикалық кеңістік әрқашан бұрынғы дәуірлердің элементтерін сақтайды, бірақ сонымен бірге белгілі бір уақытта белгілі бір адамдарда болатын әлем моделіне негізделген. Ол ерекше бөлімдерге бөлінеді, мұның бәрі қажет, өйткені бүкіл ономастикалық кеңістікті көру қиын. Ол: антропонимия, топонимия, зоонимия, фитонимия, космонимия, астротонимия, хоронимия, хрематонимия, мифонимия және т.б. [3].

А. В. Суперанская ономастикалық кеңістікті объектілерді атау үшін қолданылатын тиісті атаулардың қосындысы ретінде анықтайды. Мұнда ол аттары жекелеген тірі жаратылыстар, ұғымдардың, жансыз заттардың орындарын, жер бетінде, жер астында және одан тысқары жерлерге, дыбыс, қозғалыс, идеяларды жатқызады [4].

А. Бах белгіленген нысанға байланысты тиісті атауларды бөлуді ұсынады:

1) тірі деп саналатын тіршілік иелерінің немесе тіршілік иелерінің есімдері

2) жергілікті жер, үй, жүріп-тұру құралдары, бейнелеу өнері туындылары, астрографиялық және ғарыштық объектілердің атаулары жататын заттардың атаулары

3) мекемелердің, қоғамдардың атауы

4) іс-әрекеттерді атау: би, ойындар

5) белгілі бір ойларды, идеяларды атау: әдеби шығармалар, әскери және т. б. жоспарлар

6) музыкалық мотивтер мен туындыларды атау [5].

Адам ар ежелден бері өз өнімдеріне арнайы белгілер қойып келеді, бұл өнімді өндірушіні көрсетіп, сапа кепілі болды. Мұның бәрі жарнама атауын жасауға қызмет етті. Номинацияның жаңа нысандары мен өз есімдерін айтуға болады. Бұл атаулар жарнаманың бір бөлігіне айналады, сондықтан олар «жарнама атауы» деген бір терминге біріктіріледі. Бұл өнім мен қызметтің бірегейлігін құруда маңызды рөл атқарады. Жарнамалық атауды басқа тиісті атаулармен жақындастыратын және ономастикалық өрістің бөлігі болуға мүмкіндік беретін басты белгі – даралау. Алайда, бұл белгілер абстрактілі субъектілердің даралануында және қабылдануында, атап айтқанда кәсіпорынның түрі, салтанатты шараның негізгі идеясы және т. б. нақты көрінеді.

Әр халықтың ғасырлар бойы дамыған тағам атаулары өзгеріссіз қалуы керек және дәстүрлі мазмұны мен ұлттық ерекшелігіне байланысты технологиясына қатаң сәйкес келуі керек. Бүгін Астана мен Алматының дүкендері мен кофеханаларында рахат лукум мен халвадан бастап чизкейк пен веналық штрудельге дейінгі тәттілердің дәмін татуға болады. Бірақ десерттердің қайсысы шын мәнінде отандық өнім?

Қазақтардың тағамдары салт-дәстүрлермен, ұлттық ойындарымен, ауқымды мәдени бағдарламамен және мерекемен байланысты болып келеді. Сонымен қатар белгілі бір оқиғалармен, мерекелермен байланысты. Атап айтқанда, үйлену тойы, баланың тууы, Наурыз (қазақтың жаңа жылы), Ораза айт пен Құрбан айт дастарханы тәттілерсіз өтпейді. Қазақ дастарханында жиі көрінетін тағам түрлері ретінде чак-чак, жент, бауырсақ, ірімшік, тәтті тоқаштар тағы басқа тағамдарды айтуымызға болады.

Тәтті тағам атауларына талдау жасау барысында Алматы қаласындағы «Рахат» кондитерлік фабрикасы, Қарағанды және Қостанайдың «Баян сұлу» кондитерлік фабрикасында шығаратын

өнімдердің атауларын шолып шықтық. Онда шығатын көптеген өнімдерде сол нысанның орналасқан орны туралы ешқандай хабар бермейтін тәтті тағам атаулары да бар. Мысалы, «Рахат» кондитерлік фабрикасы «Алатау», «Жетісу» деген атпен печенье түрлерін, «Астана», «Отырар», «Алтын құм» деген атаумен кәмпит түрлерін өндіреді. «Қарағанды кәмпиттері» кондитерлік фабрикасы өндіретін тәтті тағам түрлерінің ішінен «Полярный» (вафли), «Каракум», «Мишка на севере» (шоколады) тәтті тағам түрлеріне қойылған атауларды кездестіруге болады. «Баян сұлу» кондитерлік фабрикасы «Балтика» (мармелад), «Кара кум» (карамель), «Кызыл-кум» (карамель) деген атаумен бірнеше тәтті тағам түрлерін өндіреді екен. Келтірілген атаулардың ішінде «Рахат» кондитерлік фабрикасының «Алатау» печеньесі мен «Қарағанды кәмпиттері» кондитерлік фабрикасының «Мишка на севере» шығарылатын жеріне жақындау берілген. Олай дейтініміз, «Рахат» кондитерлік фабрикасы Алматыда орналасқан. Ал Алатаудың Алматыда екендігі белгілі. Сол сияқты Қарағанды қаласы солтүстік қазақстанға жататыны белгілі. Сондықтан шоколадтың атауына негіз болып тұрған аюы солтүстіктен («Мишка на севере»).

Тәтті тағам түрлеріне атау қойғанда, тауардың өтімділігі көзделеді. Соны мақсат еткен басшылық құлаққа жағымды және тез жатталатын атауларды таңдайды. Осы жағдайда тәтті тағам атауы жарнамалық қызмет атқарып тұрады. Мәселен, қонаққа немесе туған күнмен құттықтауға барарда тәтті апарамыз. Апаратын тәттінің сапасы және дәмділігімен қатар атауына да мән береміз. Жоғарыда аталған «Каракум», «Кызылқум», «Полярныйдан» гөрі неғұрлым тақырыпқа сай келетін «Для тебя!», «Желаем счастья!», «Құттықтаймыз!», «От всей души!», «Поздравляю» деген атаулары бар тәттілерді таңдаймыз.

Біз жоғарыда бөлгендерді негізге ала отырып, елімізде өндіріліп жатқан тәтті тағам атауларын төмендегідей лексика-семантикалық жағынан топтастыруды жөн көрдік.

Зооморфтық тәтті тағам атаулары. «Балапан», «Ласточка», «Золотой фазан» – «Рахат» кондитерлік фабрикасы өндіретін кәмпит түрлері.

«Бұлбұл» – «Рахат» кондитерлік фабрикасы өндіретін карамель түрі. Сондай-ақ «Баян сұлу» кондитерлік фабрикасы «Зубренок» секілді карамель түрлерін шығаруда.

Өнер, музыкаға байланысты қойылған тәтті тағам атаулары. «Рахат» кондитерлік фабрикасы «Блюз», «Лири»,

«Танго», «Гармония», «Романс» деген атпен кәмпит түрлерін, «Ивушка» карамель түрін, «Ноктюрн» деген атаумен диабеттік өнімдерін халыққа ұсынууда.

Мерекелік тәтті тағам атаулары. Тәтті тағамдар, әсіресе торт, шоколад, шоколад жиынтығы көбінесе сый ретінде ұсынылатындықтан және түрлі мейрам, туған күн кештерінде дастарқанға қойылатындықтан, олардың атаулары да соған сай болып келеді. Мысалы: «Для тебя!», «Тойбастар», «Желаем счастья», «Құттықтаймыз!», «Поздравляю!», «Жаңа жылыңызбен», «Мереке құтты болсын» т.б.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Фоякова, О. И. Имя Собственное в художественном тексте / О. И. Фоякова. – Л.: ЛГУ, 1990. – 103 с.

2 Подольская, Н. В. Словарь русской ономастической терминологии [Текст]. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Наука, 1998. – 192 с.

3 Топоров В. Н. О палийской топономастике // Ономастика Востока: исследования и материалы. – М. 1969. – 31-50 с.

4 Суперанская А. В. Общая теория имени собственного / А. В. Суперанская. – М.: Наука, 1973. – 365 с.

5 Витгенштейн Л. Философские исследования. – Философские работы. Ч. 1. – М.: 1994. <http://filosof.historic.ru/books/item/f00/s00/z0000273/index.shtml>

М. ӘУЕЗОВ – ӘҢГІМЕ ЖАНРЫНЫҢ ШЕБЕРІ

ТҮЗЕЛБАЕВА Г. Т.

студент, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

СҮТЖАНОВ С. Н.

ф.ғ.д., профессор, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Мақалада қазақтың классик жазушысы Мұхтар Әуезовтің балалар шығармашылығына қосқан үлесі, суреткерлік шеберлігі сол тұстағы қазақ қауымының саяси-әлеуметтік және рухани өмірімен тығыз байланыста көрініс тапқаны нақты мысалдар арқылы зерделенген. Нақтылай айтқанда, «Қорғансыздың күні», «Жетім», «Кім кінәлі», «Ескілік көлеңкесінде», «Сөніп-жану», «Қаралы сұлу», «Жуандық», т.б., әңгімелерінде сол тұстағы қазақ елінің тіршілік тынысы, түрлі қыры мен сырлары айрықша

реалистік тұрғыда шеберлік деңгейінде суреттелетіні сөз болады. Сондай-ақ, көрнекті қалам иесінің 1920-жылдардағы әңгімелерінде кейіпкерлердің тартысы, жалпы адамгершілік мәселелері кең тыныста, көркем бейнеленгені де көрсетілген.

Аса көрнекті қазақ жазушысы Мұхтар Әуезовтің шығармашылық әлемі – дүниежүзі халықтары әдебиетінде өзіндік ерекшелігі бар құбылыс. Қаламгердің қазақ қауымы атты елдің әлеуметтік және рухани өмірін, күресін, әдет-ғұрпын мен тұрмыс-тіршілігін суреттейтін «Абай жолы» тарихи роман-эпопеясы осыған дәлел.

«Қорғансыздың күні», «Кім кінәлі», «Ескілік көлеңкесі», «Сөніп-жану», «Қаралы сұлу», «Жуандық», т. б., әңгімелерінде ол осы роман-эпопеяға апаратын жолды барлағандай көрінеді. Әсіресе «Қорғансыздың күні» тынысы кең әңгіме. Онда адам бақытына, еркіне тұсау болатын ескі ауылдың сіреспе, артта қалған әдет-ғұрыптары әшкереленеді.

Уақыт бір орында тұрмайды. Мұхтар Әуезовтің 20-жылдардағы әңгімелерінде кейіпкерлер тартысы жалпы адамгершілік мәселелерінен туындағаны көрсетілген. Он жыл өткен соң, ел 1930 жылдардың табалдырығын аттаған кезде, қазақ проза сыны көбінесе әлеуметтік-саяси мәселелерге бағытталды. Бай мен кедей арасындағы қақтығыс әдеби климатты да бұзды. Саясат пен солақай арсыздық басым болды. Жазушы кеңес кезіндегі осы сияқты келеңсіздіктерді сынайтын «Үш күн», «Іздер», «Құм мен асқар биік», «Білекке-білек», «Шатқалаң», «Қасеннің құбылыстары», «Бүркітші», т.б. әңгімелерін жазды. Бұл шығармаларда қазақ жеріндегі алғашқы совхоздың құрылысы және осымен байланысты туған дау-дамайлар төңірегіндегі мәселелер суреттелді.

Егер қазақ прозасының дамуы мен өсуіне назар аударатын болсақ, XX ғасырдың басында М. Әуезовтің әңгімелері өзінің көркем полотносымен және реалистік перспективасымен ерекшеленетіндігін көреміз. Сонымен қатар, оның әңгімелерінің танымал платформасы өз оқырманымен мақтан тұтады.

Заңғар жазушы әңгімелеріндегі көркемдік және реалистік талабымен ашылатын халықтық идеяны айқындау үшін әлем әдебиеті полотносында қарастырудың маңызы қашанда зор. Әуезов әңгімелері ұлттық ауыз әдебиетімен тамырлас. Бұл асыл негіз – әдеби дәстүр мен шындықты жеткізуде болсын шынайы шеберлігінің кілті.

Әуезов әңгімелерінің ішкі мазмұн мен пішін үйлестігі биік талғамға құрылса да, ондағы өмір шындығы осындай

тақырыптық-мазмұндық астарды сәулелендіріп тұрады. Суреткер туындыларында өмір шындығы мен көркемдік егіз ұғым, ерекше бірлікте танылады. Заман тартысы, дәуір тынысы, уақыт өрнегі әңгімелерінде реалистік ракурста суреттеліп, қоғам шындығын анық айнадай көрсету жазушының асыл мүддесі екені байқалады.

Қаламгер өз туындыларында қоғам тағдырын адам тағдырымен астастыруды өмір шындығы етіп алады. Ол дәуірі мен заманының өмірлік шындығын көркемдікпен өре білген. XX ғасыр басында қаламгер қаламынан туған әңгімелердің басты тақырыбы – ел тағдыры, қоғамдағы тартыс пен қайшылықтар, әлеуметтік теңсіздіктер. Көркем әдебиет шығармаларына өз өмірін тақырып ету, автобиографиялық этюдтарын толықтай қолдану әлем әдебиетінде бар тәжірибе [1, 196 б.].

Енді бірде шығарма жазушының өмірінен тыс басқа шытырман оқиғаларға арналып жасалады. Мұндай құбылыстардың XX ғасырдың басындағы Әуезовтің әңгімелерінде жазылуы кездейсоқ емес. Басқа қарым-қатынас шеңберінен алынған әңгіме негізінде жатқан фабула немесе лейтмотив, трагедиялық бояуға қанық тағдырлар тоғысы «Қаралы сұлу», «Қорғансыздың күні», «Жуандық», «Қайғылы жетім» әңгімелерінде шебер өрілген. Ал автобиографиялық оқиғаларға құрылған «Үйлену», «Кінәмшіл бойжеткен», «Сөніп-жану», «Оқыған азамат» сынды бірқатар әңгімелері де көркем шындықтың бейнесі ашылған. XX ғасырдың басындағы оның әңгімелерінің басқадан айырмашылығы - адамзаттың нәзіктігі мен оның ішкі әлеміне тереңірек еніп, психологизм мен сыршылдыққа құрылуы. Ұлттың биік арманы мен адамдардың еркі сол дәуірдің тыныс ырғағына бейімделген өмірді бейнелеу объектісіне негіз болды.

Қазақ халқының мәдени даму тарихында жазушы, драматург, публицист, зерттеуші, аудармашы Мұхтар Әуезовтің алатын орны ерекше. Әдебиеттің әр жанрын биік кемелдікке көтерген, қазақ әдебиетінің профессионалдық мүмкіндігін кеңейтіп, бойын өсірген, оның әлемдік даңқын асырған санлақ суреткер – М. Әуезовтың өнерпаздық жолы халқымыздың советтік дәуірде өсіп-өрлегендігінің көркемдік куәсі, анық айғағы.

Ұлы жазушының творчествосы туралы дуалы ауыздардан шыққан лебіздер жұртшылыққа мәлім. Бір кезде академик Қ. Сәтбаев «Абай» романын сөз ете келіп, оны қазақ халқының өткендегі өмірінің энциклопедиясы деп атаған еді. Ал қырғыз жазушысы Ш. Айтматов Мұхтар Әуезовтың Орта Азия халықтарының

мәдениетіне тигізген әсерін Пушкиннің кейінгі орыс мәдениетіне жасаған ықпалымен теңеді. Орыс драматургі Н. Погодин М. Әуезовті «Шығыстың Шолоховы» деді. Бұл пікірлер қазақ қаламгерінің Қазақстандық, Орта Азиялық, Бүкіл одақтық көлемдегі орнын әдемі тұжырымдайды. Көрнекті француз жазушылары және т.б. М. Әуезов шығармаларының әлемдік маңызын биік бағалай келіп, «Абай» романын XX ғасырдағы әдебиеттің ең тандаулыларының қатарына қосты. Осы іспеттес бағаны жер жүзіне аты мәлім өзге де көп қайраткерлер қайталап айтты. М. Әуезовтың шығармалары жер жүзінің отыздан астам тіліне миллиондаған тиражбен аударылып басылды [1, 93 б.]

М. Әуезовтің творчестволық сапарын ой көзімен шолсақ, тамаша үлгілі, терең мағыналы өнер жолын көреміз. Сонау жиырмасыншы жылдардың басында жазылған «Қорғансыздың күнінен», «Абай жолы» эпопеясына, отызыншы жылдардағы «Білекке – Білектен», «Өскен өркен.» романына, «Еңлік – Кебек» трагедиясынан «Дос, Бедел Дос», эпос, әдебиет тарихы туралы мақалаларынан әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдық, жаңа қаһарман жайындағы теориялық тексерулеріне дейінгі аралық тұтас көркем, ізденіс пен табыстың титандық сорабы, сөз зергерлерінің жетілудің, өмір диалектикасын зерттеудің, азаматтық, отаншылдық борышты өтеудің өнегесі. Суреткердің үздіксіз еңбегін, орасан тәжірибесін, көркемдік есею эволюциясын еске алмай, оның теңдесі жоқ туындыларының, озық зерттеулерінің жазылу сырына көз жеткізе алмаймыз.

20-жылдар Әуезовтің өте өнімді жазған, суреткерлік «тынын», көптеген ізденістер мен тәжірибелер жинақтаған кезеңі болды. Бұған дейін автор жүйелі білім алып, әдебиетпен жақсы танысып, дала өмірінің шежіресін жасауға кіріседі. Ол халықты тәрбиелеудің орасан көп дерттерін көрсетіп, әшкерелеу, «әлеуметтік өмір докторы» болу қажет деп санайды. Мәселен, жазушының «Қорғансыздың күні», «Оқыған азамат», «Қыр суреттері», «Қыр әңгімелері», «Үйлену», «Сөніп-жану», «Кім кінәлі», «Ескілік көлеңкесінде», «Жетім», «Барымта», «Кінәмшіл бойжеткен», «Қаралы сұлу», «Жуандық», «Қараш-Қараш оқиғасы», «Көксерек» сияқты әңгімелері мен повестерінде сол тұстағы қазақ елі тіршілігінің түрлі қыры мен сырлары елестейді.

Әуезовтің әдебиеттік сапарын осындай үлгіде бастауына орыстың классикалық әдебиетінің айрықша әсері болғанын есте тұту керек. Орыстың майталман суреткерлері: И. Тургенев,

Ф. Достоевский, Л. Толстой шығармаларының, үлгісінде жазуды күтіп тұрғандай, бірақ атқарылмаған міндет қазақ әдебиетінде көп еді. Осындай тарихи көркем-міндетті М. Әуезовтің орындап шығуы ешқашан мәнін жоймас, ұмытылмас еңбек, қаламгерлік ерлік деп қарау қажет.

1921 жылы жазылған «Қорғансыздың күнін» алып қарасақ, мұнда панасыз, ғарып жетім Ғазиза деген қыздың адам айтқысыз озбырлық, қорлыққа шыдамай, боранға тоңып, үсіп өлгені әңгімеленген. Әлеуметтік теңсіздік туралы «Қорғансыздың күнінен» бұрын да жазылып келгенін білеміз. Ы. Алтынсариннің, С. Көбеевтің, С. Торайғыровтың әңгіме, повестерінде таптық қайшылықтар сөз болғаны белгілі. М. Әуезов әңгімесінде сол қайшылық соншалық терең, сенімді әшкереленеді. Оқушы мұнда Ақан сияқты тиюсыз өскен әкімнің тағылық қылықтарына жиреніп қана қоймайды, адамдар арасындағы осыншама аңғарылған әділетсіздік жойылуға тиіс деген берік шешімге де барады. Теңсіздікке негізделген ескі өмір қалпының тығырыққа тірелгенін, рухани дағдарысқа ұшырағанын көрсете алуы бір әңгімеге аз сыбаға емес.

Сол тұста жазылған «Қорғансыздың күні» көркемдік бітімі жағынан да, көтерген мәселесі тұрғыдан да әдебиетке тың серпіліс әкелді. Бұнда адам айтқысыз озбырлық пен қорлыққа шыдай алмаған, үйсіз, кедей жетім Ғазиза есімді қыз бала дауылда тоңып өлген. Біз әлеуметтік теңсіздіктің қорғансыздар күнінен бұрын жазылғанын білеміз. С. Мұқанов бұл шығарманы Европа әңгімесінің дәрежесіне көтерілген алғашқы қазақ әңгімесі деп бағалады. Кейіннен М. Әуезовтің күллі прозасына тән болып қалыптасқан кейбір нышандар осы әңгімеден де анық бой көрсеткен. Соның бірі – адам мінезінің қайталанбас, дара ерекшелігін ашу.

«Қорғансыздың күні» әдебиет өнеріне жаңа серпін әкелді. Бұл әңгімеде М. Әуезов прозасының кейбір ерекшеліктері айқын көрінеді. Солардың бірі – кейіпкер образын шынайы тұрғыда ашуы. «Қорғансыздың күнінде» Ақан болыс, оның серігі Қалтай, жазықсыз қыз Ғазиза және егде жастағы әжесі бейнеленген. Олардың келбеттері мен сөздері анық байқалады. Мысалы, Ақанның зорлық-зомбылық формасы былай көрінеді: «Бұл жігіт шамамен отыз жаста, орташа бойлы, денесі дөңгелек, қысқа мұртты, шошқа сақалы, сұр жүзді дөңгелек тұлға. Кішкентай өткір көздердегі және қабақтары салқын қисықтардағы ерекше қатыгездікті байқатады... Бұл адамның күлімсіреу формасы құмарлыққа толы екенін білдіреді» [3, 32]. Сары даланы еркін кезіп, көптеген жазықсыз адамдардың

көз жасын төккен жыртқыш Ақанның кейінгі әрекеттері – бұл жиіркенішті бейнені растау, табиғи талдау.

Енді бір кезде автор не ойлағанын түсіндіреді. «Ақан күні бойы жолда көп сөйлемеді, тек бір нәрсеге қарады. Бірақ ол күрделі мәселені шеше алмайтын адам кейпінде болса да, Ақанның ойлары қайда бара жатқанын білді. Ол санасында әдемі әйелдің суретін жиі тауып, оны өзін-қалжыңдарын айтып, құшақтап, сүйіп отырып мазак еткен» [3, 32]. Ақанның нәпсіқұмарлық мінезі жазықсыз Ғазизаға жиіркенішті. Автор кейіпкерлер ерекшелігін психологиялық дәл штрихтармен нанымды жүйелейді.

Табиғат құбылыстарын адам көңіліне лайық суреттеп отыру да «Қорғансыздың күнінде» елеулі орын алады. Бұл да автордың кездейсоқ қадамы емес, әбден өзі ұнатқан, оңтайына келетін әдемі тәсілдің бірі. Жазушының қай-қай шығармасында да табиғат суреттері көрнекті орын иеленгенін білеміз. «Қорғансыздың күнінде» Сарыарқаның қатал қысының бір кезеңі көрсетілген. Осы суреттер тек табиғат құбылысы болып қалмай, кейіпкерлердің алда көретін қорлығы мен бейнетінің де нышанындай әсер қалдырады.

«... Қызғылт сәулесін дүниеге жайып тұрған күн шарасымен тұтас көрініп тұр. Аспан ашық. Берірек тұрған аз ғана ала шұбар тар кең жаһанның жүзіне перде болған жоқ. Күні бойы тыныш болған жел Күшікпайдың баурында ғана ызғырықтап, жаңада жауған көбік қарды жаяу борасындатып тұр. Күннің қызыл сәулесі даланы да, тауды да өз өңіне кіргізген. Күнбатыс жақтан бораған ұсақ қар да күн астынан қызғылттанып көрінеді» [3, 31–32 б.]. Осылайша өз шығармасында М. Әуезов қазақ өмірінің әр беткейін, жаңа байланыстарды сөз етеді.

«Жетім» деген әңгімесінде Қасым атты баланың қасіретті балалық шағы, «Барымтада» ертеде ел арасында кең тараған әдет өзара ұласып, мал барымталасып, қуғын-сүргінге түсушілік, шабыс, оның салмағы ең алдымен, кедей, жалқы-жалғыз адамдарға түсетіні – ақиқат айқыны айтылады. Ғасырлар бойында қалыптасып, бойға сіңген жарамсыз салттарды сынау да әбден қажет еді.

М. Әуезовтің жиырмасыншы жылдардағы шығармалары көбіне бұрын ешкім көтермеген, көрсетпеген шындықтарға құрылған. Соның бірі – «Оқыған азамат». Жазушы бұл әңгімесінде қазақ жастарының оқығандары ішінен дүниеқор, заңқор болып шыққандарды мінейді. Өзінің қайтыс болған жолдасының әйеліне үйленуімен тынбай, жолдасының кәрі шешесінің қолындағы дүние-мүлікті «заңын» тауып, зорлықпен алатын Жұмағұл сияқтының

оқумен тапқан білімі арам байлық, тақыстық жолына жұмсалғанын көрсетеді. Жұмағұл да, оның жылтырақ жиһазға құмартқыш әйелі Қадияша да салдарлы, көрнекті жинақтаулар. Бұлар бұқарашыл жолдағы емес, байшыл, буржуазияшыл ниеттегі адамдар. Жұмағұл мен Қадияшаның баюдан басқа тілегі жоқ, олар бұл жолда қандай киянат, қарау істен де шімірікпейді. Бұл жалпы жекеменшікшіл мүддені бас нысанасы еткен буржуазия өкілдеріне тән сипаттар. Автор Жұмағұлдар ісін мақұл көрмейді, олардың малқор, мейрімсіз тұлғасын сынады. Қадияшаның бұрынғы күйеуінің жолдастарының бірі Мейірхан Жұмағұлдың қылығын «Байдың баласысың, бай жесірге, бай қайынға күйеусің... Оқығаныңа емес, тоқығаныңа бақтың ба? Жыланға түк біткен сайын қалтырайды деп, байыған сайын араның ашылып, жұтпақсың ба зарлыны? Қақаларсың әлі-ақ?!» [2, 68 б.] деп әшкерелейді. Қысқасы, «Оқыған азаматтан» қазақ зиялыларының белгілі бір бөлегіне тән салт-сананы көруге болады.

Енді бір әңгімеде («Жуандық») ескі рушылдық қатынастар дәстүрінің шылауынан шыға алмай, өз правосын сезінбей жүрген Жақсылық сынды кедей бейнесі көрінеді. Ал «Ескілік көлеңкесінде» деген шығармада да қазақ аулы адамының өзгеше мінездері мен түсініктері сөз болады. Енді бір шығармадан («Қыр суреттері») әменгерлік салтымен еріксіз әйел етпек болған шалдан қыстың көзі қырауда қашып шығып, боранға килігіп азап шеккен жас келіншек Рабиғаны ұшыратамыз. Тән сұлулығына, қаланың жалтылдақ мәдениетін үстірт үйренгеніне малданып, жігіттен жігіт таңдаймын деп жүріп, ақырында күйеусіз қартай бастаған Ғайша қылықтары да («Кінәмшіл бойжеткен») суреткер қаламынан қағыс қалмайды. Күйеуі өліп, жесір қалып, жылдар бойы өз сезімімен арпалысып күрескен Қаракөз («Қаралы сұлу») тағдыры да ерекше есте қаларлық. Асырағанға, баққанға көнбей, ұяластарына қайта қосылып, ақырында адамдарға жау боп тиген бөлтіріктің («Көксерек») дүлей жыртқыштығы да ерекше білгірлікпен әңгімеленген.

М. Әуезовтің ақиқат пен көркемдікке толы әңгімелері қазақ әдебиетінің профессионалдык жаңа биікке шығуына, реалистік дәстүр қалыптастыруына, жүздеген жылдық жазба проза үрдісі бар еуропа елдері әдебиетін «қуып жетуіне» қажет көпір, жаңадан алынған шұрайлы шеп іспетті еді. Бұл шығармаларда революциялық пафос, күрес этикасы онша сезілмегенімен, реалистік қуат пен тереңдік мол. Жазушының жиырмасыншы жылдардағы шығамаларының принциптік, эстетикалық мәні осында.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жұманазаров М. М.Әуезов әңгімелеріндегі авторлық баяндау мен кейіпкер тілінің кейбір ерекшеліктері. //Ізденіс. 1997. №4. – 196 б.
- 2 Иманғалиев М. Әуезов шығармаларындағы әйелдер бейнесі. // Абай. 1997. №2, 3. –93 б.
- 3 Әуезов М. Шығармалар, 1 том, 1967. – 192 б.

Қ. ЕСЕНОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

УСЕНОВА А. С.

студент, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

САҒЫНДЫҚҰЛЫ Б.

ф.ғ.д., профессор, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Қазақ тілі білімін зерттеу жұмыстары Қазан төңкерісіне дейін басталса да, қазақ тілінің мәселелері нақты және шынайы негіздерге сүйеніп, кеңес заманында ғана ғылыми тұрғыдан зерттеле бастады. Тіл білімі жан-жақты қарастырылып, қазақ тілі ғылым саласы ретінде дамуға бағыт алды. Бүгінге дейін әдебиет пен тілдің қыр-сыры толық зерттеліп бітпесе де, қазақ тілі біліміне қатысты ғылыми еңбектер, мақалалар мен зерттеу жұмыстарының аясы кеңейе түсті. Қазақ тілін жан-жақты зерттеу жұмыстары түрлі ғалымның еңбегінде көрініс тауып, оқу орындары үшін әдістемелік құралдар да жазылып жүр. Тіл білімінің өркендеп өсуіне, дамуына септігін тигізіп, тіл мәселелері жайында сөз қозғап, зерттеулер жүргізіп, еңбектерін жарыққа шығарып, ғылыми мақалалар жазып, докторлық, диссертациялық еңбектерінде тілдің теориялық мәселелерін қарастырған белгілі ғалым, зерттеушілердің қатарында Қайырболат Есенов те бар. Қайырболат Мұқанұлы Есеновтің тіл тақырыбына қатысты ғылыми бағытқа негізделген публицистикалық еңбектері және оқу-әдістемеге қатысты көптеген мақаласы бар. Қай мақаласын алып қарасақ та ұтымды ойлар мен нақты дәлелдерге сүйеніп жасалған тұжырымдарға кезігеміз. Қазақ тілінің ғылым саласы ретінде дамуын көздеген ғалым «Әдеби тіліміздің сапасын арттырған сайын, тіл мәдениеті жақсара бермек» – деп [1], тілдің тазалығы, сапасына қатысты көптеген мәселенің түйінін шешу тақырыбында зерттеулер жасады.

Қ.Есеновтің ғылыми мақала, еңбектері Қазақстанның әр аймағындағы газет-журналдарда жиі жарық көрген. Атап айтсақ «Социалистік Қазақстан» газеті, «Ленин туы», «Қазақстан мұғалімі», «Лениншіл жас», «Коммунизм таңы», «Жетісу», «Еңбек туы» [2] т.б. газет не журналдарда ғалымның тырнақалды туындылары жарияланғанын көреміз. Есенов ғылым жолындағы алғаш зерттеу мақаласын 1959 жылы жазған. А. Қалыбаеваның «Қазақ тіліндегі туынды түбір етістіктер» монографиясы жөнінде «Тіл білімі жөніндегі бағалы еңбек» атты мақаласын жариялап, зерттеуші тақырыбының өзектілігін, бағалы екенін айтқан. Сонымен қатар Қ.Есенов өзі замандас не ғылым жолында жүрген зерттеуші ғалымдардың да еңбектерін назарынан тыс қалдырмаған. Оған дәлел М. Томановтың 60 жылдық мерейтойына арнап жазған «Ғалым мерейі» мақаласы, М. Б. Балақаевтың да 60 жылдығына арнап, «Ғалым жолы», Сәбит Мұқановтың «Есею жылдары» романы туралы «Есею жылдарының тілі жайында», К. Ахановтың «Тіл біліміне кіріспе» оқулығына қатысты ой-пікірлерді жинақтап, «Тіл білімі жөніндегі теориялық еңбек», Б. Хасановтың «Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралы қолданылуы» атты еңбегі жайлы «Сөз асылы – халықта» деген сынды т.б. мақалалары. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында өмірінің соңына дейін қызмет еткен ғалым бар ғұмырын қазақ тілін зерттеуге, оның ішінде синтаксистің қыр-сырына үңілуге көп уақытын арнады. Қ. Есенов «Қазіргі қазақ тіліндегі шартты және қарсылықты бағыныңқылы сөйлемдер» деген тақырыпта кандидаттық диссертация, «Қазіргі әдеби тіліміздегі күрделенген сөйлемдердің негізгі мәселелері» [3] деген тақырыпта докторлық диссертация қорғап, күрделі құрылымдарды кешенді түрде қарастырып, синтаксис саласында да өшпес із қалдырды.

Тіл білімінде көбі бойлай бермейтін мәселелерге қалам тербеп, шешімін тапқысы келген ғалым қазақ тілінің ешқандай қатесіз, бір жүйеде қалыптасқанын тіледі. Оның қозғаған тақырыптары әлі күнге өзекті десек қате айтқанымыз емес. Мәселен 1963 жылы «Қазақстан мектебі» журналының № 11 санында жарияланған «Тағы да программа мен оқулық туралы» атты мақаласын қарастырайық. Сол жылдары оқу программалары мен оқулықтар қайтадан жаңартылады деген жаңалық ғалымның осы мақаланы жазуына себеп болған. Бұл тақырыпты қозғаудағы ғалымның мақсаты қазақ тілін оқыту бағдарламасының оқулықпен байланыста болып, бір-біріне негізделіп жасалғанын қадағалау болды. Өтетін тақырыптар

көлемі жас ерекшелігіне сай болып, оқушының үйренуіне жеңіл болуын және сабаққа бөлінетін сағаттың да талапқа сай болуын сөз етті. 5-сыныпта – 163 сағат, 6-сыныпта – 144, 7-сыныпта – 72 сағат, 8-сыныпта – 51 сағат. 5-сыныптағы оқушыларға бірден фонетика, лексика, морфологияны өту қиын, бұл жай әлі де қарастырылу керек [4] деп ғалым мақаласында қазақ тілін оқыту бағдарламасына енгізу керек өзгерістерді айтты.

Қазіргі оқу бағдарламаларында 5-сыныпта оқушыларға тек фонетика тақырыбын үйретіп, сағат санын азайтып, аталған мәселенің түгелдей болмаса да ескеріліп жүргенін байқаймыз. Сауатты жаза білу де бүгінгі таңдағы ең өзекті мәселенің бірі. Кейде бәрін қатесіз, сауатты жазып жүрміз деп ойлағанымызбен, біз мән бере бермейтін өрескел қателер әрқайсысымызда да кездеседі. Осы тақырып бойынша да Қ. Есеновтің мақаласы бар. Ән, күй атауларының қате жазылуы жөнінде сөз қозғап [5], дұрыс жазылу ережелерін нақтылап көрсеткен мақаланың құндылығы бүгінде өз бағасын ала алмағандықтан, әлі күнге қайталанатын олықлықтарға ешкім назар аудармай жүр. Бұл мақала қазақ тілінің сапасын арттырар бірден-бір құнды еңбек. Осы жайында тағы да зерттеу жұмыстары жүргізіліп, тақырып аясын кеңейтіп, оқушыларға да, студенттерге де түсіндірме жұмыстары жүргізілсе, сауатты жазуға ден қойып, қателігіне мән бермейтіндердің қатары азаятын еді. Қазақ тілін ғылыми тұрғыдан зерттеп, оның мектепте оқыту әдістерін және сауатты жазу тақырыбын да қаламына арқау етіп жүрген ғалым мектеп оқушыларының сауаттылығын, білім деңгейін назарынан тыс қалдырмады. Оқушылардың тілін дамытуда ауызша және жазбаша жаттығу жұмыстары орасан зор рөл атқаратынын айта келіп, оқушы ауызша өз ойын жеткізуге, тез ойлауға, сол арқылы көркем әдеби тілде сауатты сөйлеуге машықтанатынын, жазбаша жұмыс жасау арқылы ойындағысын толықтай қағаз бетіне түсіруге, сауаттылығын арттыруға деген мүмкіндіктері көп болатынын осы мақаласында айтады. Мысалы қазіргі оқу бағдарламаларында көп қолдана бермейтін әдеби кітаптағы белгілі бір әңгімені, шығарманы оқып, мазмұнын айту. Бұл арқылы оқушының әдебиетке қызығушылығы оянып, әңгіменің көркемдігіне елітіп, автордың басқа да шығармаларын оқуға ынталанады. Мұғалімнің талап қоя алмағанынан, бүгінгі оқушылар әңгіменің мазмұнын айт десе, кітапқа қарап тұрып оқып беретін күйге жеткеніміз өтірік емес. Сәйкесінше, мұғалім оқушыға әңгіменің мазмұнын айтуды жүктесе, оқушының да сөйлеу дағдысы қалыптасып, сөздік қоры әдеби

сөздерге толығып, өз ана тілінде сауатты сөйлеуге машықтанады. Ал жазбаша жұмыс арқылы оқушының білім деңгейін көтеріп, сауатын арттыру үшін мазмұндама мен шығарма жазғызу таптырмас әдіс дейді ғалым [6]. Расында, жаңа оқыған әдеби әңгімесін өз сөзімен мазмұндап жазу арқылы оқушы өзі сөйлем құрауға, оқыған оқиғасының мазмұнын өз бетімен ашуға дағдыланады. Сонымен қатар мұғалім оқушыға әдеби кітаптарда әр тақырып соңында берілетін сұрақтарға жазбаша жауап жазғызу арқылы да оқушының сауатты жазуына үлесін қосады. «Ұлт қатынасымен қатар қаралатын тағы бір мәселе – ұлт тілдерінің дамуы» – дегенді алға тартқан [7] ғалым ана тілге жауапкершілікпен қарауды насихаттайды. Сауатты жазу арқылы тіліміздің мерейін өсірудің түп тамыры оқушы кезден басталады, сондықтан әр адам ана тілін оқушы кезден-ақ жоғары деңгейде, асқан жауапкершілікпен оқуы керек. Иә, ұлтын сүйген ұлы ғалымның еңбектері, әсіресе ғылыми мақалалары бүгінге дейін маңызын жоймады. Тілді зерттеуші ғалым көп, бірақ тереңіне бойлап, шалқарына құлаш ұрған ғалымның еңбектері бір төбе. Қазақ тіл білімінің дамуына бірден-бір ықпал еткен ғалымның ғылыми мақалалары әлі де көп назарды талап етеді. Шырынын толық алмаған бал арасының күйін кешіп отырғанымыз өкінішті жайт. Қ. Есеновтің қай мақаласы болса да ғылыми тұжырымдарға негізделіп, қазақ тілінің теориясына тікелей ықпал еткен ақпаратқа лық толы. Тіл, музыка, фольклордың арасындағы байланысты алғаш айқындаған да осы ғалым. Бір орында тұрып қалмай, тіл білімін жан-жақты зерттеп, таным көкжиегін кеңейтіп орыс ғалымдарынан да керек дегенін алып, қазақ тіліндегі тұлғалық ілімді қалыптастырушы атанған ғалымның есімі ерекше атауға тұрарлық. Есеновтің оқу бағдарламасына да септігін тигізетін, оқушылардың білім деңгейін жоғары дәрежеге көтеру үшін қолдану керек әдістерді атап айтқан ғылыми мақалалары, зерттеу еңбектері де педагогтер үшін таптырмас құрал. Ғалымның ғаламат еңбегін көдеге жарата алсақ, еңбектерін қайтадан жаңартып жарыққа шығарсақ, берер пайдасы әлі де мол.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Балақаев М. Өрелі өнер. Тіл мәдениеті туралы. – Алматы: Ғылым, 1976. – 33 б.
- 2 Сағындықұлы Б. Д. Күмісбек. Қ. М. Есеновтің тілдік тұлғасы. // ПМУ Хабаршысы, №1. Павлодар, 2020. – 10 б.

3 Қапалбеков Б. Профессор Қайырболат Есеновтің қазақ синтаксисіндегі ізі. // Туған тіл, №2. 2016. – 45 б

4 Есенов Қ. Тағы да программа мен оқулық туралы. // Қазақстан мектебі, №11. 1963. – 84 б.

5 Есенов Қ. Жазу мәдениетін жетілдіре берейік. // Қазақстан мұғалімі, №2. 1963. – 4 б.

6 Есенов Қ. Тіл дамытудың кейбір жолдары. // Қазақстан мұғалімі, №12. 1972. – 3 б.

7 Есенов Қ. Ұлт аралық құрал. // Социалистік Қазақстан, 1962. – 4 б.

АБАЙДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

ХАСЕНОВА Н. А.

студент, Жоғары электроника және коммуникациялар колледжі, Павлодар қ.
ОМАРОВА Қ. А.

Жоғары дәрежелі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы,
Жоғары электроника және коммуникациялар колледжі, Павлодар қ.

*Зәредей шүбә етпейміз, Абайдың олген күнінен қанша
алыстасақ, рухына сонша жақындармыз. Үнемі бұл күйде
тұрмас, халық ағарар, өнер-білімге қанар, сол күндерде Абай
құрметі күннен-күнге артылар. Бірінші ақынымыз деп қабірін
халқы жей-жей зиярат етер, халықпенен Абай арасы күшті
махаббатпен жалғасар. Ол күндерді біз көрмеспіз,
бірақ біздің рухымыз сезер, қуанар.*

Міржақып Дулатов

Тарихта адамзаттың бақытына туып, мәңгі өлмес мұра қалдыратын қайраткерлер болатыны мәлім. Олар жарық жұлдыздай әр заманға, әр ұрпаққа сапар жолын дұрыс мегземек. Әрбір халықтың рухани өміріне мол жарасып, өз қазынасымен байытып отырмақ. Ұлттық ортадан шығып, «күллі әлемнің азаматы» бола білген данышпан қайраткерлер бар халықтың санасына сіңіп келетіні де осыдан. Бұндай ұлы азаматтар адам баласының өмірімен бірге мәңгі жасайды. Қаншама ғасыр өтсе де ұмыт болмай, жаңа данққа, қадір-құрметке бөлене береді.

«Абайдың дүниеге келуі, – дейді әдебиетші ғалым Ә. Тәжібаев, – қазақта жаңа поэзияның басталуы, ой-пікірлер жариялар, тұңғыш

көсемнің қазақ халқынан бірінші шығуы». Демек, қазақ поэзиясы Абайдан бастап реалистік стильге ауысқан. Абай реалистік әдісті өз шығармаларына өзек етті. Қазақ қауымының жаңа тарихи талабының, жаңа тарихи кезеңінің жаршысы болуды өзіне парыз тұтқан ұлы ақынға реалистік әдіс орай келді. Ақын тек сол әдіс арқылы замана шындығын, халқының тілек-мақсатын, оның өршіл үмітін, гуманистік идеясын айтып бере алу мүмкін деп білді. Ескі әдістің, кертартпа романтизм әдісінің, оның көркем стилінің жаңа ойды айтуға тапшы екенін айқын сезінді.

Абай поэзиясы – өміршең поэзия. Ол адамзат ұрпағымен бірге жасайды. Әр ғасыр, әр заман, әр ұрпақ ол туралы, оның поэзиясы туралы өз түсінік-пікірін, сыншыл көзқарасын, талғам тұшымын, байлам-шешімін, әлеуметтік, философиялық, эстетикалық тұжырымын айтып келеді, айта да бермек. Ұлы ақынның поэтикалық жолдарын оқыған сайын, онан жаңа ой, жаңа өрнек тапқандай боласың. Оның ұлылығы да міне, осында.

Академик В.В. Виноградов ұлы Пушкинді орыс әдебиетіндегі жаңа стиль басы дейді. Ұлы Абай да – біздің туған әдебиетіміздің, жаңа поэтикалық өрнектің, жаңа стильдің басы. XIX ғасырдың екінші жартысындағы әдебиетіміздегі үстем стиль – реалистік стиль – Абай есімімен байланысты [1].

Абайдың жаңа бағыттағы, жаңа үлгідегі ақын екенін Академик М. Әуезов дәп басып, дәл көрсетеді. «1882 жылдардағы, -дейді ол, - «Қан сонарда» сияқты өлеңнен бастап нені көріп, нені сезініп, нені қыр етіп толғанса, бәрінде де әр жерде реалистік шеберлікті танытады. Өлеңнің өрнегі мен жаңалықтары, сондан соныға түсіп, үдеп, өсіп отырады. Абай мүлде қазақ поэзиясында бұрын болмаған ойларды айтып, болмаған шеберлікті тауып, соның барлығында өзге елдердің классикалық поэзиясын меңгерген мәдениеттілік, шеберлікті танытатынын көреміз».

Жаңа заман, жаңа белес соны да тың ақындық лепті қажет етті. Абай – осы тарихи даму кезеңінің жемісі. Өйткені қоғамның саяси, экономикалық өрісі, әлеуметтік таптардың арасындағы жаңа қатынастар, қоғам өміріндегі жіктелу, қайшылықтардың барған сайын тереңдей, шиелінісе түсуі қазақ қауымының алдына соны талаптар қойды. Жаңа мақсат – міндеттерді алға тартты. Заманның көкейтесті проблемасы өзінің шешімін күтті, санашыл, ойшыл көсемін, ақындық үнін қажетсінді. Осындай тарихи қажеттілік Абайды тарих сахнасына шығарды [2].

Көпке мәлім, озық ойшылдар да, көреген саяси қайраткерлер де үздік шешен ділмарлар да, ерен ғалымдар да, асқан қолбасылар да, кеменгер өнер иесі ақындар да осындай оқыс бұрылыс, серпіліс, арпалыс заманында дүниеге келген.

Ақын – өз заманының төтенше өкілі, өз дәуірінің перзенті, соның үні. Олай болса, қазақ өмірінің аласапыран шындығы, тартыс – тіршілігі, шамырқанған кекті ызасы, үміт – арманы, тілек – тілеуі ұлы Абайдай тұлғаны дүниеге алып келді.

Қазақтың профессионалдық әдебиетінің қалыптасуы, қазақ әдеби тілінің, жаңа әдебиетті тууы ұлы Абайдың есімімен, оның озық поэтикалық туындыларымен байланысты.

Абайдан бұрынғы қазақ әдебиеті ауыз әдебиеті стилінен аса алмады. Дулат, Бұхар, Шортанбай өзіндік ақындық үн, дарыны бар атақты ақын болғанымен, академик Мұхтар Әуезов айтқандай, фольклор көлеміндегі ақындар ғана боп қала берді.

Ал Абай – олардың поэзия үлгілерінен мүлде жаңаша үлгі жасаған ақын. Жүрегі «Қалың елім қазағым, қайран жұртым» деп соққан халық перзенті Абай өз халқының тағдырына терең көз жібере білді. Ол оның көшін артқа емес, алға бастады. Ол халқының бүгінге де, ертеңге де жіті көз жіберді. Әділет, еркін туын поэзиясына арқау етіп, халқының ой-санасын өлеңмен оятып, көңілін сергітер, еңсесін көтерер, мол жігер – қайрат берер рухани қару етуді мақсат етті. Абай шығармаларының стильдік бағытын айқындаған да осы озық идея [3].

Абайдың шығармаларына зер салсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймыз. Ал, ілгерілеудің негізі білім мен ғылымда екенін анық білеміз. Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жан-тәнімен қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты. Ол «Біз ғылымды сатып мал іздемек емеспіз», – деп тұжырымдап, керісінше, ел дәулетті болуы үшін ғылымды игеру керектігіне назар аударды. Ұлы Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге» деген өнегелі өсиетін де осы тұрғыдан ұғынуымыз қажет.

Бұл тұжырымдар қазір де өзекті. Тіпті бұрынғыдан да зор маңызға ие болып отыр. Себебі, XXI ғасырдағы ғылымның мақсаты биікке ұмтылу, алысқа құлаш сермеу екенін көріп отырмыз.

Ақын ел-жұртын түрлі өнерді игеруге үгіттеді. Соның бәрі уақыттың талабы екенін ол анық аңғарып, ұлтына ертерек үн қатты. Тіпті қазір айтып жүрген интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясы

Абайдан бастау алды деуге болады. Ұлы ойшыл әр сөзімен ұлттың өресін өсіруді көздейді.

Сондықтан Абай атамызды терең тануға мән берген жөн. Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін – өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге, басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалдық ұлт дегеніміз де – осы. Осыған орай Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналу қажет.

Абай қазақтың әр баласын ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуге шақырады. Оның мұрасы – парасатты патриотизмнің мектебі, елдікті қадірлеудің негізі. Сондықтан, жастардың көзі ашық болсын десек, Абайды оқудан, ақын өлеңін жаттаудан жалықпаған жөн.

Біз елді, ұлтты Абайша сүюді үйренуіміз керек. Ұлы ақын ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, тек бір ғана ойды – қазағын, халқын төрге жетелеуді мақсат тұтты.

Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етеді. Оның шығармаларындағы ой-тұжырымдар әрбір жастың бойында халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырады. Сондықтан хакім Абай еңбектерінің нәрін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру – ұлты жаңғыртуға жол ашатын маңызды кадамның бірі.

Абай шығармаларына арқау болған тақырыптың бірі – масылдықпен күрес. Ақын үнемі уайымсыз салғырттыққа, ойын-күлкіге салынбай, сергек болуға үндейді. Оны ұдайы еңбек арқылы шындап отыруды құп көреді. Сонымен қатар, орынды әрекеттің уайым – қайғыны женетінін дәлелдеп, масылдықпен күрестің психологиялық қырларына терең бойлайды. Қазір біз көп айтып жүрген эмоционалды интеллектіге де сол тұста назар аударды. Мақтан мен масылдық психологиядан арылып, қайраттанып еңбек етуді, талаптанып, білім іздеуді насихаттаған.

Абай өлеңдеріндегі «Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей», «Тамағы тоқтық, Жұмысы жоқтық, Аздырара адам баласын», «Өзің сен, өзінді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап» – деген қазыналы ойлар бәрімізге жақсы таныс. Әр адам осы түйінді тұжырымдарды санасына берік тоқып, өзінің тынымсыз, адал еңбегімен айналасына үлгі болуы керек [4].

Абайды өз заманындағы іскерліктің ұйытқысы, еңбеккерліктің мотиваторы деуге болады. Ұлы ойшыл шығармаларында кәсіптен нәсіп тапқандарды, шаруақорлыққа үйрену дағдыларын үлгі етеді.

Ол тұрмыс сапасын жақсарту үшін еңбек етудің жаңа тәсілдерін меңгеруге шақырады. Сонымен қатар ақын бастамшылдықты, кәсіптегі адалдықты жоғары қояды. Мысалы, өзінің оныншы қара сөзінде «Ерінбей еңбек қылса, түңілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды?» – деп тұжырымдайды. Абайдың ойынша, табыс табу үшін қолөнер үйрену қажет. Себебі «мал жұтайды, өнер жұтамайды» (отыз үшінші қара сөз). Ұлы ақынның бұл ойлары бүгінгі Қазақстан қоғамы үшін де өзекті деп санаймын. Абай өз ғұмырының ақырына дейін қазақ балаларын оқуға, білім-ғылыммен айналысуға, рухани дамуға және әлемдік мәдениеттің құндылықтарын бойға жинауға шақырғанын білеміз. Дана ақын келер ұрпақты «жүрегімнің қуаты, перзенттерім» деп бағалайды. Айтылған сөз, жазылған жауһар ойлар бірінші кезекте соларға бағытталады. Жат мінез-құлықтан аулақ болудың нақты жолдарын меңзейді. «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: Әуелі – надандық, екінші – еріншектік, үшінші – залымдық деп білесің» – деп толғайды ұлы ғұлама. Замана атты ұлы күштің, феодализм дәуірінің құрсауында қалып қоймай, ұлы бабамыз ұлтының бүгінгі мен ертеңіне, болашағына алаңдады. Ол туған халқын қараңғылықтың бұғауын бұзып, жарқын күндердің шуағына бөленетін жолдарды іздестіруге шақырды, тіршілік мақсаты мен мұраты ілім мен ғылымда деген берік тоқтамға келді.

Абай атамызды қалай дәріптесек те жарасады. Оның ғибратты ғұмыры мен шынайы шығармашылығы – қазақ халқына ғана емес, жаһан жұртына да үлгі-өнеге. Ақынның адам мен қоғам, білім мен ғылым, дін мен дәстүр, табиғат пен қоршаған орта, мемлекет пен билік, тіл мен қарым-қатынас туралы айтқан ой-тұжырымдары ғасырлар өтсе де маңызын жоғалтпайды. Өйткені ақынның мұрасы – бүкіл адамзат баласының рухани азығы.

Қазақ елі барда Абай данамыздың есімі асқақтай береді. Оның асыл сөздерін рухани байлық ретінде жоғары ұстасақ, туған еліміздің әлем алдындағы абыройы арта берері сөзсіз.

Ең алдымен, Абайды ұлтымыздың мәдени капиталы ретінде насихаттауымыз керек. Өркениетті елдер қазақтың болмыс-бітімін, мәдениеті мен әдебиетін, рухани өресін әлемдік деңгейдегі біртуар перзенттерінің дәрежесімен, танымалдығымен бағалайтынын ұмытпайық. Сондықтан Абайды жаңа Қазақстанның бренді ретінде әлем жұртшылығына кеңінен таныстыру қажет. Бұл бүгінгі ұрпақтың, яғни біздің кәсіптерімізді борышымыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Уикипедия, Қазақша Ашық Энциклопедия kk.wikipedia.org/wiki
- 2 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» мақаласы; https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy; <https://egemen.kz/article/217247-abay-dgane-xxi-ghasyrdaghy-qazaqstan>
- 3 Абай Құнанбаев «Шығармалар жинағы» // Т.2-2005.
- 4 Төлеутай Ақшолақов «Шығарманы көркем компоненттерін оқыту». <http://kazneb.kz/site/catalogue/view?br=1107096>

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ТӘРБИЕЛІК ӨЗЕКТІЛІГІ

ШАЛАБАЙ Н.

студент, Қ. Пішенбаев атындағы Екібастұз тау-кен техникалық колледжі,
Екібастұз қ.

МАХМЕТОВА С. Т.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы, Қ. Пішенбаев атындағы
Екібастұз тау-кен техникалық колледжі, Екібастұз қ.

Қазақ даласында Жәңгір ханнан кейін елі үшін білім ордасын ашқан Ыбырай Алтынсариннің «Тұңғыш дала қоңырауы» ғасыр өтсе де сар далада сынғырлап тұрғаны бәрімізге белгілі. Ыбырай Алтынсарыұлы жаңа дәуірдегі қазақ әдебиетінің қалыптасуына қомақты үлес қосқан. Ыбырай жас кезінен діни білім алған, әр мұсылманды мейірімділік пен жомарттыққа, көркем мінезділікке шақырған. Өзінің әйгілі «Кел, балалар, оқылық» шығармасында «Бір Аллаға сыйынып, Кел, балалар, оқылық» деп бастайды. Ыбырайдың әңгімелерінің негізі хадистерден алынған. Жастардың адал, көркем мінезді, тәрбиелі болып өсуіне өз үлесін қосқан.

Ыбырай Алтынсариннің «Өнер білім бар жұрттар» өлеңін оқыған кезде, қазіргі заманда болып, заманауи техникалық прогрессті көріп кеткен адамдай әсер қалдырады.

«Адамды құстай ұшырды-ұшақ, отынсыз тамақ пісірді-газ отынды, сусыздан сусыз ішірді-кұбырдан алынған су, айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызды-телефон, тастан сарай салғызды-көп қабатты үйлер, теңізде жүзді балықтай-кемелерді атағандай.

Біз Ыбырай Алтынсариннің нақыл сөздерін 4-ке бөлдік: еңбек тақырыбындағы, оқу-ғылымға шақыру, мұғалімдер туралы, адамгершілік туралы. Жалпы нақыл сөздер дегеніміз – қысқаша мазмұнды, терең ойлар айтылатын ұлағатты сөз. Ыбырай – бүкіл қазақ даласына үлгі бола білген адам. Қазақ даласындағы білімнің көзін ашқан адамның айтып кеткен нақыл сөздері өнегелі, тәрбиелік мәні, өмірлік мазмұны бар болса керек. Еңбекке баулитын әңгімелері: «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Сәттемір хан», «Атымтай жомарт», «Әке мен бала», «Бай баласы мен жар баласы». Адамгершілікке баулитын әңгімелері: «Мейірімді бала», «Аурудан аяған күштірек», «Әдеп». Тәрбиеге баулитын әңгімелері: «Бақша ағаштары», «Талаптың пайдасы», «Тышқанның өсиеті», «Зеректік».

Еңбек тақырыбындағы: Еңбекпен табылған тамақ тәтті, әрі сіңімді болады.

Аз жұмысты қиынсынсаң-көп жұмысқа тап боласың. Азға қанағат қылмасаң-көптен құр қаласың.

Еңбекпен табылған дәм тәтті.

Байлық-қанағат пен еңбекте.

Адамгершілік туралы:

Алдына келсе, әділдігіңді аяма.

Қашанда бір істі істегіңіз келсе, ол іске әуелі ақылыңызды, одан соң қолыңызды жұмылдырыңыз, егер де ақылыңыз дұрыстаса, көзіңіз көріп, жөнін тауып мақұл көрсе, тіліңіз бен қолыңызға серік беріңіз.

Жақсы ой мен жақсы сөз-жақсы істерге жетелейді.

Әр нәрсенің сыртына қызықпа, асылы ішінде.

Бағу-қағуда көп мағына бар.

Оқу-ғылымға шақыру:

Өнер, білім-бөрі де оқуменен табылған

Мұғалімдер туралы:

«Егер балалар бірденені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиісті емес, оларға түсіндіре алмай отырған өзін кінәлауға тиіс».

Қазақ тілі туралы:

«Қазақтың тілі соншалықты мол. Қазақтың тіліменен қандай кітап болса да жазуға болады.

«Мен үшін жақсы мұғалім бәрінен де артық, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі»

Ыбырай Алтынсарин шығармаларын оқи отырып, әр баланы жеке тұлға ретінде қарастырып, оның жас ерекшелігіне қарай мінездеме беріп, сол жеткіншекті дұрыс жолға салу жолдарын, оны тәрбиелеу бағытын анық көрсеткендігіне көз жеткіземіз. Мысалы, «Талаптың пайдасы» әңгімесі қарапайым ғана шағын мысал, бірақ идеясы терең. «Даңқты І Петр шіркеудегібадат етіп тұрғанда, сурет салып жатқан бір баланы көреді де, оның не жасап жатқанын сұрайды. Бала: «Сіздің суретіңізді салып жатырмын», – дейді. Петр суретті көрсе, мәз ешнәрсесі жоқ екен. Бірақ ақылды Петр патша ол баланың суретке талабы бар екенін аңғарып, сурет салуға үйрететін орынға бергізеді. Кейін ол бала үлкен суретші болады. Жазушының бұл арадағы мақсаты –Петрдің ақылдылығын көрсету ғана емес, жас баланың талабын, сол талаптың арқасында неге қол жеткендігін көрсету, кім талап етсе, сол мақсатына жететіндігін дәлелдеу.

«Мейірімді бала» әңгімесінде 13 жасар қыз патшаның үкімі бойынша қолы кесілуге бұйырылған әкесі үшін патшаға арыз жазып, өз қолын кесуге ұсынады. Қыз: «Тақсыр, жұмыс жасап, бала-шағасын асырайтын атамның қолын қалдырып, мына менің қолымды кесіңіз», – дейді. Мұнда жас қыздың тек қана атасы емес, анасы мен бауырларына деген де махаббаты суреттеледі.

Ананы қандай түрде бағалап, қалай сүюдің айқын үлгісін жазушы «Аурудан аяған күштірек» деген әңгімесінде айқын көрсеткен. Бұл әңгімеде аяғы сынған Сейіт деген бала жанына аяғының ауруы қанша батса да, анасын ренжітпеу үшін қабақ шытпағандығы айтылады. Автор оны былай суреттейді: «Сейіт орам-ораммен жүгіріп бара жатқанда, бір арбалы келіп, аңдаусыз соғып кетіп, аяғын сындырыпты. Ойбайлап жылап жатқан баласын көріп, шошығаннан шешесі талып қалыпты. Мұны көрген Сейіт жыламақ түгілі, сынған аяғын таңып жатқанда дыбысын да шығармайды. Сонда сынықшы кісі: «Аяғың ауырмай ма, қабағыңды да шытпайсың?» – депті. Сейіт болса, «Ауырмақ түгілі, жаным көзіме көрініп тұр амал жоқ, шыдаймын» деген екен. Сейіт шын мәнінде мейірімді бала болып суреттеледі. Мұндай жастардан жалпы адамды сүйетін көркем мінезді бала қалыптасады. Бала кезінен әлпештеп өсірген анасының қадірін білген жас, Отанын сүйетін, ол үшін де ештеңені аямайтын патриот шығатыны сөзсіз. Ыбырай әңгімесінің басты идеясы осы. Адамгершіліктің негізі мінез-құлық нормалары мен ережелерінен тұрады. Ыбырай шығармаларындағы мәселелер күні бүгінге дейін өзекті.

«Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесінің де тәрбиелік мәні зор. Асан – бай баласы, Үсен – жарлы, кедейдің баласы. Өйткені Асан мен Үсендердің тағдыры қазіргі кезде де сол қалыпта, түк өзгерген жоқ. Иә, ол кезде техника дамымаған заман еді, ғасырлар өтсе де қазіргі заманның Үсендері бар екенін білеміз. Қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров ағамыз да кезінде «Токарь» мамандығында оқып, қарапайым жұмысшы болған ғой. Атақты Назым Хикмет айтқан ғой: «Сен жанбасаң лапылдап, мен жанбасам лапылдап, аспан қалай ашылмақ?!» деп айтқандай, біз сол Ыбырайдың Үсендері келешекте адал еңбекпен алға шығып, қазақ елінің болашағын нұрландыратынына сенеміз!

Ыбырай шығармаларын оқи отырып, қарапайым оқиға құбылыстары арқылы түйінді идея, зор тәрбиелік мән берген ұлы ағартушы туындыларындағы ерекшелікті байқауға болады. Ол жазушы туындыларының өне бойынан орын алған. Ыбырай атамның «Мұсылманшылдықтың тұтқасы» атты оқулығы 1883 жылы Қазан қаласында басылған. Бұл кітапта имандылық, ораза, намаз, зекет, қажылық секілді құлшылықтарға жеке дара тоқталады.

«... енді құдай басыма не салса да, мен күшімнің жеткенінше туған еліме пайдалы адам болайын деген негізгі ойымнан, талабымнан еш уақытта да қайтпаймын» деген Ыбырай Алтынсарин соңғы сәтіне дейін патша әкімдерінің отарлау, қазақтарды орыстандыру, тіпті шоқындыру саясатына барынша қарсылық білдіріп, өзінің ұлтжандылығымен халқына өшпес мұрасын қалдырды.

Сонау уақытта Кеңес үкіметінің жүргізген жетпіс жылдық құдайсыз дәуірі қазаққа теріс ықпалын тигізіп, асыл дінінен едәуір ажыратқаны белгілі. Алла бұйыртып, халқымыз тәуелсіздік алып, мәңгілік егемендігіне қол жеткізді.

Қорыта айтқанда, Ыбырай әңгімелерімен таныса отырып, ең басты назар аударатын бір жағдай – кейіпкерлерінің қарапайым халық өкілдерінен болуы. Олар оқырманға өте таныс ата, әже, әке, бала, немере түрінде кездеседі. Ата, әке, ана бейнесі – ақылға шақырушы, көпті көрген ақылшы адамдар. Ыбырай атамның шығармаларында отбасылық татулық, жарасымдылық қасиеттері жоғары орынға қойғанын байқауға болады. Қазіргі интернет желісінен, теледидар арналарынан зұлымдылық, қатігездік көрсетіліп жатыр. Ыбырай әңгімелерінің оқиғалары – қазіргі таңдағы сабақ барысында қолданылып жүрген жағдаяттар. Бұл шығармаларды талдау арқылы оқушының өзіндік сыни

көзқарасын дамытуға, өз пікірін ашық айтуға, өз ортасы туралы пікірін дәлелдей білуге пайдасы зор деп ойлаймыз. Ол оқушыны ойлауға, коммуникативтік күзінеттілігін қалыптастыруда таптырмас материал болатыны анық. Мысалы, «Асыл сөз» әңгімесіндегі «Ол шөп сенің қолыңа түспей ме деп қорқамын, аты «сабыр» деген», – деп айтылған сөз адамды шыдамдылыққа, төзімділікке шақырады.

Қазіргі кезде әлеуметтік желідегі жастардың жеке парақшаларында өзге ұлт данышпандарының нақыл сөздері жазылған. Барлығы орыс тілінде. Ал оның орнына Ыбырай Алтынсариннің нақыл сөздерін немесе кішкентай әңгімелерінен мысал келтірсек болар еді.

Ыбырай Алтынсарин қаламынан туындаған шағын әңгімелері дайын ситуациялық жағдаят есебінде қолдануға болады. Бүгінгі күні оларды адам бойындағы адамгершілік құндылықтарын дамытуды көздейтін өзін-өзі тану пәні сабақтарында тиімді қолдануға болады, оны оқу бағдарламасына толық енгізсе, тіпті тамаша болар еді.

«Дала қоңырауы» атты көркем фильм түсірілсе, онда Ыбырай Алтынсариннің қазақ даласында қазақ балаларына арнап мектеп ашу жолындағы қиындықтары жөніндегі өнегесі, тәрбиесі мол, қазақи кино болып шықса деген ұсынысымыз бар. Өйткені елімізде кино индустриясы дамып келе жатқанмен Ыбырай ағамыз туралы деректі фильмдер бар болғанымен, қызықты көркем киноның әлі де болса түсірілмегені қынжылтады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Алтынсарин Ыбырай тағлымы» Алматы, Жазушы, 1991. – 384 б.
- 2 Алтынсарин Ы. «Екі томдық шығармалар жинағы» Алматы, 2003. – 240 б.
- 3 Дербісәлин Ә. «Ы.Алтынсариннің жазушылық қызметі туралы» Алматы 1958. – 215 б.
- 4 Көшімбаев А. «Қазақ әдебиетін оқыту методикасы» Алматы, 1969. – 225 б.

Е. А. БУКЕТОВТІҢ БЕЙНЕ ЖАСАУ ШЕБЕРЛІГІ

ШАПАЙ М. А.

студент, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.
СҮТЖАНОВ С. С.

ф.ғ.д., профессор, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Әдебиет туралы түсініктердің құйылар сағасы, ең басты проблемасы, объектісі – адам. Яғни, көркем шығарманың негізгі нысаны – адам өмірі, оның қоршаған ортасы болып табылады. Өмірдің шындығы қай өнерде болса да адамның іс-әрекеті, мінез-құлқы арқылы берілетіндіктен, Е. Букетов шығармашылығындағы образ мәселесіне жан-жақты тоқтап, саралау – басты мақсаттардың бірі.

Басқа әдебиет туындыларындағыдай, Е. Букетов көркем шығармаларында да адам образының небір үлгілері жасалған, олардың қызық та, қиын тағдырлары оқырманды бей-жай қалдыра алмайды. Е. Букетов туындыларында ой-сезімді тұтқындап, баурап алатын, тебіренетін образдар бар және ол образдардың өресі мен өрісі де кең. Осы шеберліктің сыры мен әдісі көп қырлылықты талап ететіні белгілі. Сюжеттік желі, композициялық бітім, образ, деталь, тіл мен стиль ерекшеліктері шеберлікті қамтиды, бұл компоненттер бір-бірімен жымдасқанда, яғни қарым-қатынасқа түскенде ғана шығарманың тынысы кеңейетіні аян.

Персонаж – бейне – көркем бейненің түрі, шығармада оның жеке әрекеті, әр түрлі көңіл-күйі, сөзі беріледі. Ол эпикалық шығармаларды талдауда үлкен мәнге ие. Бейненің түрліше болуы көркемдік таным мәселесіне әкеп тірейді: олар адам бойындағы жағымды-жағымсыз қасиеттерді көрсетеді. Әдеби бейнені жасау үстінде автор (жазушы) оған әр түрлі характерлер үстейді: бір жақты немесе көпқырлы, тұтас немесе қарама-қайшылықты, тұрақты немесе дамушы т.б. Осылайша ол оқырмандарға әр түрлі кейіп-болмыстағы бейнелерді ұсынады. Әдебиеттегі бейне үнемі дара бола бермейді, онда жинақтаушы да сипат болады. Кейіпкердің характері тұлғаның қалыптасуында негізгі көркемдік таным қызметін атқарады. Әдеби бағытта (классицизмнен бастап) негізгі мәнге тұлға концепциясы ие, бұл тұрғыдан ол философия, қоғамдық ғылымдардың түсінігімен іргелес. Эпикалық шығарманың негізін әдетте, бейнелер жүйесі мен сюжет құрайды. Кез келген жүйе секілді туындыдағы кейіпкерлер аясын, оны жасайтын элементтер мен құрылым айқындайды.

Е. А. Букетов 1979 жылы 12 сәуірінде „Орталық Қазақстан” газетінде қазақтан шыққан тұңғыш академик Қ. И. Сәтбаевтың туғанына 80 жыл толуына орай жазған мақаласында: «Өмірі мен ісі халықтың өнегелі қазынасына айналған адамдардың тіршілігі мен қаракеті жөнінде жазудың өзі тіпті қиын. Ол – ол ма, кейде тіпті қауіпті ме деп те ойлаймын. Өйткені адал ізгі ниеттен ешбір ауытқымай жазып отырғанның өзінде шындықтан алшақ кетіп қалу оп-оңай» [1, 8 б.], – деп жазған болатын. Жазушы Қаныш Сәтбаев туралы шығарма жазар алдында бірнеше очерктер мен публицистикалық сарындағы мақалаларын мерзімді баспасөз бетеріне бастырып, үлкен дайындықтан өтті. Атап айтар болсақ, «Аққан жұлдыздан құс жолына дейін», «Таң шолпанындай жарқырап» [2], «Тұңғыш қазақ академигі» [3], «Академик туралы әңгіме» [4] атты қысқа-қысқа публицистикалық әңгімелер жазған. «Менің сол Қанекене 17 жыл өмірім кетті. Нансаң енді кілтін тапқан сияқтымын. Көркем өнеріңіз күрмеуі қиын нәрсе ғой. Ал Қанекенді мен жақсы білген адаммын. Әр сөзі, бет-бейнесіне дейін кешегідей көз алдымда» [1, 34 б.], – деп жазған болатын. Бірақ автордың бұл ойы толық орындалмады. Жазушы тек Қаныш Сәтбаевтың балалық шағы мен жастық өмірі туралы ғана жазып үлгергені көпшілікке аян.

Деректі хикаят дегеніміз – өмірде болған нақтылы жайлардан нақты мәлімет, айқын деректерге сүйеніп барып бейнелеу тәсілін қолданатын жанр. Яғни, деректі жанрдың бір түрі. «Деректі жанрларда әдеби шығармаға тән көркемдік сипаттар өмірдегі нақтылы шындық баяндалып отырған жай-жағдайлар автор ой-елегінен өткізіліп, оның әсем-әсерлерімен нәрленіп шығуы арқылы танылады» [5, 197 б.]. Расында да деректі хикаятта нақтылы жайлар, жеке өмір фактілері жинақталып, қорытылып, типтік дәрежеге көтеріледі.

Хикаяның арабша мағынасы «әңгімелеу» деген сөз. Негізінен шығыс-түркі әдебиеттерінде әңгіме, новелла мағынасында қолданылатын әдеби термин. Хикая желісі шытырман сюжетке құрылған, повесть пен романдан бұрын пайда болған жанр.

Евней Арыстанұлы Букетовтің «Жас Қаныш» атты деректі хикаяты «Қазақстан» баспа үйінен 1999 жылы жарыққа шықты. Бұл шығармасында жазушы академик Қ. И. Сәтбаевтың жастық шағы туралы жан-жақты мәліметтер береді. Бұл туынды орыс тілді оқырмандарға арналып жазылған, онда автор қазақ халқының тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, тәлім-тәрбие ерекшеліктеріне баса назар аударған. Бұл деректі хикаят екі тараудан тұрады. Бірінші тарауы

«Аттың жалы, түйенің қомында» деп аталып, басты кейіпкердің қай жылы туғаннан бастап, кішкентай Қаныштың қолына қалам-қағаз ұстап, алдына кітап жаятын уақытқа жеткен кезімен аяқталады.

Автор болашақ ұлы ғалым бала күнінде қандай болды, өзі құралпы жасөспірімдер арасында қандай ерекшелігі дараланды, қалай өсіп, қалай ер жетті деген сауалдарға өз шығармасында толық жауап береді. Балалық шағының кейбір қызықтарын академиктің өз аузынан естіген жазушы кейіпкерінің бөтен-бастақ мінезі жоқ, момын, мейірімді бала болып өскенін әдемі тілмен сенімді суреттейді. Е. Букетов осы шығармасын жазу үстінде Қаныштың балалық шағын көрген адамдармен тілдесіп, сол деректерді өз хикаятына пайдаланған тұстары да бар. Бүкіл ғұмырын Қаныш туған ауылда өткізген немере ағасы Әкімтай ақсақалдың айтқанын сол қалпында өз шығармасында келтіреді: «Қанышты бір білсе, нақ мен білетін шығар деп отырсың ғой. Оның рас. Біз Сәтбай ағамыздан тараймыз, екеуіміздің әкелеріміз Жәмін мен Имантай бірге туған бауырлар. Інімді мақтан тұтамын, артықша жақсы көремін. Бірақ сондағы бала Қаныштың мынадай дана Қаныш болып шығатынын сол кезде білсем ғой, басқан ізін, аузынан шыққан сөзін аңдып, жадыма тоқи бермейтін бе едім. Есімде қалғаны сол, Қаныш ақылды, ұстамды, зерек бала болып өсті. Одан басқа дәнене де есімде жоқ» [6, 6 б.].

«Жас Қаныш» деректі хикаятындағы басты кейіпкердің жас кезіндегі мінез құбылысын, сөйлеу мәнерін, кескін-келбетін суреттеуде автор шеберлік танытқан. «Бөкешті тыңдай отырып, Қаныш өзі де ағасы сияқтанып кітап оқитын күнді аңсайды. Әріптердің көбін танытынына, тіпті кейбіреулерінің басын қосып сөз құрайтынына қарамастан жазу үйренуіне әкесінің қарсы болуы Қаныштың жанына батады. Оны әсіресе күйдіретіні – домбыраға әуестігін әкесінің елемейі. Ал Бөкеш домбыраны кәдімгідей-ақ сылқылдатады, тіпті кейде әкесінен де кем түспейтіні бар. Қаныштың қабілет-зейіні өзгеше екенін басқалардан бұрын байқаған әкесі мен анасы көздерінің қарашығындай кенжетайларының жұрт назарына тым ерте ілігіп, тіл-көз болуынан қорқып, көп ретте баланы әдейі тежейтінін Қаныш қайдан білсін» [6, 71 б.]. Осы мінездемеден Қаныштың ерекше зерек, ақылды, намысшыл болып өскенін оқушының есте сақтап қалуына мүмкіндік жасалған.

Болашақ академик жас шағында-ақ адамдық, азаматтық және қайраткерлік сипатын танытқанын бұл хикаятты оқу барысында көз жеткізуге болады. Қаныштың іс-әрекет үстіндегі шын келбетін, таза табиғатын адастырмай аңғартатын көптеген суреттер бар.

Деректі хикаяттың «Бір ғылым болып іңкәрі...» атты тарауында Қаныштың молдаға барып оқу оқырдағы толқығаны, одан кейін Шорман ауылындағы орыс мектебінде білім алғаны, Семейдегі орыс мектебін тәмамдауы рет-ретімен көркем сипатталған.

Білім алу жолында жанын аямай қызмет еткені, оқудың, білім мен ғылымның байыбына жастайын-ақ қанық болғаны, оның мәнін терең түсінгені, аса шытырман, қиын сәттерін де көрсету арқылы автор қаһарман бейнесін білгірлікпен сенімді ашқан. Бұл хикаяттағы Қаныштың әкесі Имантай ақсақал мейлінше қамқор, әділ, еңбегі адал азамат ретінде суреттеледі. Жазушы Имантай ақсақалды: «Қаныш әлі қуаныш құшағында келеді. Дәл қазір ол мынадай денесі зор, бойы биік, қалқасы сенімді адамның – жетпістен асқан жасы шашы ағартып, қимылын баяулатқаны болмаса, дене бітімі мен ширақ жүрісіне қылау түспеген, ал шешек дағы тарғылдаған қоңырқай жүзіндегі кішілеу қой көздері нұрын жоғалтпаған әкенің соңынан келе жатқанына қуанды» [6, 182 б.]. Көзі қарақты, ақылы кемел, ел-жұртына қадірлі Имантай ақсақалдың жетпістен асқанда да ел арасында сыйлы, қадірлі болғанын жазушы осылай шебер кескіндейді.

Гуманистік танымның белең алуы, азаматтардың өзіне ден қоя бастауы, бұл субъективтік танымның өскендігінің белгісі. Алайда, ол кеңестік идеология кезінде бұрмалауға тап болды. Гуманизм бәсең тартқан кезде, халықтың субъективтік белсенділігі төмендеп кетеді. Ал, гуманизм салтанат құрған кезде азат ой, адами ар-ождан биіктейді. Себебі, ой азаттығы адамның рухына, ой-санасына, жасампаздығына ерік береді. Осындай ерекшеліктер арқылы адам өзін, өзінің тарихтағы бағытын жан-жақты тани түседі. Сол себептен, ой азаттығының әрекеті, ол әрі қарайғы гуманизмнің әрекеті деп таныған жөн. Гуманизм принциптері халықтың тарихын, танымын көрсетеді. Ол адамгершілік қасиет, ерік. Жігер секілді адам болмысына тән сипаттарды қамтиды. Адамның танымы – тарихи құбылыс, әрі ол уақыт жылжыған сайын тереңдеп, толысып отырады. Яғни, гуманизм өзгеріске бейім тұратын ұғым. Тарихи тұрғыдан алсақ, әр дәуірдегі гуманистік ой-пікірлерде алшақтық болғанымен, гуманизм жалпы алғанда, адамзаттың ортақ ойлауының нәтижесі болып табылады. Гуманизм адамгершілікті үндес ойлау ағымы бола отырып, таным мен ондағы байланыстық мәселесін ұғындырады. Тарихта жасаған гуманистердің қандай пікірді уәж еткеніне қарамастан, оларда ой ортақтығы көрініс береді. Бұл әр түрлі ағымда дамыған гуманистік ойлардың сабақтас дамуын айғақтайды.

Е. Букетовтің қай шығармасын оқысақ та байқағанымыз – жазушы образ сомдауға жетік. Жазушының «Алты хат» шығармасының кейіпкерлері Мәжит Нұрбаев, Агрофена Федоровна, Анна Агеевна, Аққағаз Жәкенова, Шәріп Жеделбаев, т.б. өмірде болған адамдар. Автор олардың әрқайсысының жекелеген кейіптерін келтіре отырып, сол кездегі қазақ балаларына сабақ берген мұғалімдері мен ғалымдарының типтік бейнесін жасауды мақсат тұтады. Бұл повестің басты кейіпкері Мәжит Мұқанұлы Нұрбаев жаны таза, рухани жан-дүниесі бай, оқымысты-химик ғалымның балалық шағынан бастап, институт басшысына дейінгі көтерілген еңбек жолы, табыстары мен жеңілістері, толғаныстары мен тебіреністері терең психологиялық мәнгерде, хат түрінде шынайы суреттелген. Басты бейне Мәжит Мұқанұлының адамгершілік, этика, мораль мәселелеріне бей-жай қарай алмайтын мінезін жазушы дөп басып, ерекше назар аудара отырып суреттеген. Басты кейіпкердің сәтті істерімен қоса сәтсіз істері де болғанын жазушы қатар өреді. Соның бірі өзі директор болып отырған институттың бұрынғы қызметкері зейнеткерлікке шыққаннан кейін болған оқиғасы. Осы оқиғадан кейінгі кейіпкер толғанысы кімді де болса ойландырмай қоймайды. «Қарттың қарсыласқанына көнбей, мен ол кісіні тротуарға дейін шығарып салдым. Жерден тілегені көктен түскендей қуанған қарт, кіп-кішкентай доп-домалақ болып, томпаңдап бара жатты. Біздің ол кісіге, еңбегі сіңіп, демалыста жүрген адамға жасауға тиісті қамқорлықтан артық ешнәрсе істемегенімізді қайдан білсін. Кетіп бара жатқан ақсақалдың сыртынан қарап тұрып, жер үстінде қуануы да жеп-жеңіл пенделердің аз емес екенін ойлады. Осындай ешкімге қиянаты жоқ, адал еңбекке сенген адамдардың жан парасаттылығын пайдаланып, арамыздан шығарып тастап, кейін оп-оңай ұмытып та кететін жағдай бар екендігін сезініп, торығып қызметіме қайттым» [7, 159 б.]. Жылма-жыл, күнбе-күн өз бойына жүйелеп жиған білімдерін студенттерге дарытып, әлі де жастар арасында болуды ойлаған алпыстағы доцентті ай-шайына қарамай зейнеткерлікке аттандырған институт басшылығының әрекеті туралы да жазушы қызғылықты етіп баяндайды.

Замана келбетін суреттеу, адамдардың тұлғасын мүсіндеу – жазушының ізгі мұраты. Әрқашан өмірмен өкшелесіп отыратын қаламгер ұлы дүбірден шет қала алмайды. Қаламгердің қырағы көзі өзінің ата-бабасының өмір сүрген дәуірі мен өз кезеңі оқиғаларының жаршысы болуды, соларды ардақтауды өзіне мақсат тұтуы да

– заңды құбылыс. Е.Букетов көркем шығармаларына тән сипат - өмірдің ақиқатын жинақтап, қорыта білу шеберлігі. Қазақ халқының білімге, ғылымға құлаш сермегенін, мәдениетке кенелгенін жинақтап көрсететін көркем шығармалар осы жазушының еншісіне тиеді. Бұл тұста қазақтың тұрмыс-салты мен оның дәстүрлері, көрнекті тұлғалары туралы көпшілік түсінетін, жатық тілмен жазылған ғылыми-танымдық мәні бар ой қорытулары туралы да айта кеткен жөн.

Бас кейіпкер Мәжит Мұқанұлы өз ұстаздарына деген құрметі ерекше екенін әрдайым өз хаттарында айтып отырады. Сол ұлағатты ұстаздарының бірі – Агрофена Федоровна. Үлкен ғалым өзінің қарт ұстазын есіне былай алады: «Агрофена Федоровна – ерекше бір жұмсақ мінезді, ерекше бір биязы кісі болатын. Ол кейін қарай тарап, желкесіне түйіп қойған сарғылттау шашымен, орысша белін қынамай тігілген көйлегімен, жаңа ғана жұмыстан босап, сенбілік киімін киіп шыққан шаруа әйелдерге ұқсайтын. Ол адамға жылы жүзімен сәл жымыңқырап қарағанда, көкшілдеу нұрлы көздері сығырайа түсетін де, ілгерілеу біткен сирек тістері көріне қалатын» [7, 29 б.]. Еңбеккер әйелдің осы тұрпатынан балаларды әуестендіретін еш нәрсе жоқ сияқты болғанымен, ұрыспайтын, дауыс көтермейтін ұстаздарын оқушылар неге сыйлайтынын әрқайсысы өз ішінен түсінетіні белгілі. Бұл кейіпкердің тағдыр талайы да өте қызғылықты. Әкесі жендеттердің қолынан қаза тапқаны, қолында өскен Оля ағасының қызы екені, ағасы мен жеңгесі ішті-күйлі жоғалып кеткені повесте тартымды баяндалады.

Повестің алтыншы хатында профессор Шәріп Жеделбаев пен оның әйелі Жеміс образдары нанымды, әрі әсерлі шыққан. Әсіресе Жемістің мінезіндегі екіжүзділік, долылық қарапайым тілмен суреттелсе де өзгеге сабақ боларлық жақтары көп. Бір сәттің ішіндегі Жеміс мінезіндегі өзгерістердің қатар көрсетілуі Жемістің образ ретіндегі терең мәнін түсінуге көмектеседі. Институт директоры Жеміске үй ішіндегі келіспеушілік бары рас па деп сұрағанда:

«Осыны айтуым-ақ мұң екен, жеңгеміздің беті сазарып, кішірек біткен көкшілдеу көздері мүлдем жасылданып, кішкентай аузының айналасындағы қалың еріндері дірілдеп, бүрісіп, әжімделіп; жаңа ғана күлімсіреп жайнап тұрған жеңгем, бетінде бір қайырымы жоқ, айуанға айнала қалды. Бажылдай сөйлей айтқандарын тыңдау да, тоқтату да мүмкін болмады. Аузымды ашырар да емес, тыңдар да емес. Жөн жоқ, жосық жоқ, бапылдаған ақ қайыс...» [7, 265 б.], –

аз уақыт өткен соң күйеуімен үйге қайта кірген сәттегі Жемістің кейпі: «Жеміс жеңгеміз түк болмағандай, жайраң-жайраң етеді. Мен аң-таңмын. Бағанағы айуандығы мен долылығын түсімде көргендей болдым» [7, 265 б.]. Осы мінезге шыдай алмаған профессор Шәріп Жеделбаев отбасын тастап астанаға кетіп қалып, көп ұзамай қайғыдан қайтыс болады. Отбасындағы осындай қасірет, балаларынан бөлек тұруы жасы келген адамға кері әсерін тигізгені кез келген оқырманға ой салады.

Қорыта айтқанда, Евней Арыстанұлы Букетовтің прозалық шығармаларындағы адам бейнесінің ішкі байлығы еркін сезіліп, табиғи қаз қалпында беріледі. Жазушы кейіпкерлерінің адамзат ұрпағына қызмет ету үшін тер төккенін, игілікті қызмет еткенін жан-жақты қамти алған. Ш. Уәлиханов, Қ. Сәтбаев, М. Нұрбаевтар ғылыми-техникалық, рухани қазынаның бәрі де ғасырлар бойғы адамзаттың арманының ақиқатқа айналғанын дәлелдейтін бейнелер. Осы шығармалар арқылы түйгеніміз, адам тек өз қара басының қамы үшін ғана емес, бақытты өмір сүрсем деген қарапайым тілегінің, талабының арқасында елі, жері, табиғаты, жарық дүние мен бүкіл әлем тағыдыры жайлы тереңнен ойланатынына көзіміз жетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мүрсәлім Б. Қоғамдық стиль мен даралық стиль. / Жинақ. Академик З. Ахметов ғылыми мұрасы және қазақ әдебиеттану мәселелері. Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы. Үш қиян, 2003. –365 б.
- 2 Букетов Е. Көкейкесті. 1-ші кітап. – Алматы: Қазақстан, 2000. –265 б.
- 3 Қаратаев М. Социалистік реализмнің қазақ прозасында қалыптасуы. – Алматы: Жазушы, 1965.-236 б.
- 4 Қабдолов З. Арна. – Алматы: Мектеп, 1988. –208 б.
- 5 Әдебиеттану терминдер сөздігі. / Құрастырушылар: З.Ахметов, Т. Шаңбай. – Семей-Новосибирск. Тайлер-Пресс. 2006. – 398 б.
- 6 Букетов Е. Жас Қаныш. – Алматы: Қазақстан, 1999. –170 б.
- 7 Букетов Е. Алты хат. – Алматы: Жалын, 1996. –186 б.

МАЗМҰНЫ

5 секция. Жаратылыстану ғылымдары 5 секция. Естественные науки

5.1 Биологияның өзекті мәселелері 5.1 Актуальные проблемы биологии

Адилбаева К. С., Калиева А. Б.	
Павлодар облысының табиғат қорғау аумақтарының құстардың биоалуатүрлілігі	3
Аманжол Р., Аманова Г. К.	
Павлодар қаласындағы қолда өсірілетін көгершіндер эймерия инвазиясының экстенсивтілігі	9
Әубәкір А. С., Нургожин Р. Ж.	
Павлодар облысының жылқы эндопаразиттерінің алуан түрлілігі	12
Бейсекеева А. К., Нургожин Р. Ж.	
Павлодар облысының суқоймалары балықтарының морфологиялық сипаттамасы	14
Қурбанбаева С. Г., Нургожин Р. Ж.	
Павлодар қаласы саябақтарын абаттандыру	18
Құсман А. Е., Нургожин Р. Ж.	
Павлодар облысы Ixodidae тұқымдасы кенелерінің фаунасы мен экологиясы	24
Оразова Ж. А., Аманова Г. К.	
Көкөніс дақылдарының суккулентті өсімдіктердегі биологиялық белсенді заттардың әсері	28

5.2 Денсаулық сақтау сұрақтарына заманауи көзқарастар 5.2 Современные подходы в вопросах здравоохранения

Сербина М. В., Гурина А. В.	
Архитектура здоровья: принципы проектирования лечебных, реабилитационных, оздоровительных учреждений и примеры исцеляющей среды	33

5.3 Экология және табиғатты қорғау 5.3 Экология и охрана природы

Анисимова Д. А., Сербина М. В.	
Способы информирования общественности о проблемах экологии посредством современных направлений в искусстве	40

Асаинова Ж. М., Буркитбаева У. Д. Топырақ ортасының ауыр металдармен ластануы	46
Батаева А. Б., Мапитов Н. Б. Павлодар қаласында биотестілеу әдісімен қыста атмосфераның экологиялық күйін бағалау	50
Гарипов И. И., Садыкова Г. Ж. Экологическая обстановка на электростанции	54
Дудник Р. А., Ганиева О. Д. Защита окружающей среды на предприятиях переработки нефти и газа	60
Жексембаева А. Р., Буркитбаева У. Д. коршаған ортаның экологиялық жағдайын бағалау әдісі ретінде флуктуируялық асимметрия	66
Жилгельдинова К. Д., Омаров М. К., Омарова Г. М. Майқайың кентін геоэкологиялық бағалау мәселелері	70
Журнусова С. И., Қабдолла М. О., Калиева А. Б. Оценка влияния нефтегазовых производств на окружающую среду на примере Атырауской области	75
Кенжебаев С. К., Шакарова С. Е. Транспортный шум – экологическая проблема	81
Нұрмырза А. В., Гусякова И. А. Исследование возможностей использования полимеров с пространственно глобулярной структурой для очистки воды	85
Сафронова Я. С., Романчева Н. С., Камерденов А. Е., Төлехан Т. С., Митрофанова Е. Г. Причины сокращения численности популяции домового воробья <i>Passer domesticus</i>	93
Рустемова Л. Н., Антикеева А. Б. Способы очистки почв загрязненных нефтью и нефтепродуктами.....	98
5.4 Кәсіпорындардағы өнеркәсіптік қауіпсіздік	
5.4 Промышленная безопасность на предприятии	
Кәкім А. Ж., Ертіс Ә. Е., Урузалинова М. Б. Организация системы безопасности и охраны труда на АО Станция Экибастузская ГРЭС-2	104
Листратов Д. М., Шарапиденова М. Т. Современные проблемы промышленной безопасности	111
Омаров Н. А., Тулешов А. С., Оралтаева А. С. Мұнайды атмосфералық айдау қондырғысы	115

5.5 Географиялық зерттеулердің заманауи аспектілері

5.5 Современные аспекты географических исследований

Аубашева Я. Н., Омаров М. К. Павлодар облысының агроландшафтары	119
Муканова А. М., Омаров М. К. Павлодар облысының мәдени ландшафтары	123
Сергазинова М. К., Каирова Ш. Г. Қазақстандағы жасыл инфрақұрылым тұжырымдамасын дамыту мүмкіндіктері мен мәселелері.....	130
Шарипов Д. К., Какежанова Ш. К. Тереңкөл ауданының қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен даму болашағы	133

5.6 Туризм ел дамуындағы

перспективалық салалардың бірі ретінде

5.6 Туризм как одна из перспективных отраслей в развитии страны

Айса Н., Салменова Д., Какежанова Ш. К. Сингапур және Ақтау қаласының инфрақұрылымын салыстыру	138
Альбекова Л. Т., Белгібай Р. С., Какежанова Ш. К. Алматы мен сеул қалаларындағы туризм инфрақұрылымының ерекшеліктері	145
Галиева Ғ. Т., Каирова Ш. Г. Павлодар облысының тұзды көлдерінің туризмдегі орны	148
Джанаргалиева М. Р., Какежанова Ш. К. Эволюция гостиничных предприятий и влияние потребностей человека на их совершенствование тенденции развития гостиничного бизнеса.....	153
Жанай А. Ц., Омаров М. К. Баянауыл ауданында туризмнің жаңа бағыттарын құру.....	158
Қабдулхамит К., Камеш К., Досова М. Т. Павлодар облысындағы экологиялық туризмнің даму бағыттары.....	165
Мұратбай Д. Қ., Какежанова Ш. К. Франция мен Қазақстан мемлекеттеріндегі туризмнің дамуының салыстырмалы талдауы және еліміздің туристік инфрақұрылымын дамыту бойынша ұсыныстар	171
Смагулова Л., Досова М. Т. Қазақстан Республикасында экологиялық туризмді дамыту жолдары..	175

5.7 Химия, химия және мұнай-химия саласының қазіргі жағдайы мен даму перспективалары
5.7 Современное состояние и перспективы развития химии, химической и нефтехимической отрасли

Лабор Я. В., Геря В. Г. Вторичная переработка отходов горнодобывающей промышленности для получения строительных материалов.....	181
Zhakupova A. O., Zhapargazinova K. H. Analysis of wastewater treatment methods at chemical plants.....	189
Мақажан Е. Н., Толгенова Д. С., Байкен А. Адам өміріндегі дәрумендердің рөлі.....	193
Сашицкая В. В., Несмеянова Р. М. О значимости науки «Процессы и аппараты химической технологии».....	199
Серікбай Р. Е., Акижаева А. С. Бейорганикалық нанокұрылымды катализаторлар.....	204
Тажмуликов Д. Б., Ковтарева С. Ю. Увеличение глубины изомеризации пентанов и гексанов в процессе получения высокооктанового компонента автомобильных бензинов в условиях ТОО «ПНХЗ».....	212

6 секция. Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдары
6 секция. Гуманитарные и социальные науки

6.1 Орыс филологиясы
6.1 Русская филология

Блажко А. Н. Основная мировоззренческая проблема повести «Прощание с матёрой» В. Г. Распутина.....	218
Бонова И. Н., Цветкова А. Д. Интертекстуальность в романе А. С. Пушкина «Дубровский».....	225
Жумалинова М. М. Семантическое пространство казахстанского внутриполитического медиа-дискурса.....	233
Исаканова Р. М., Попович О. А. Стратегии речевого воздействия в казахстанском медиа-дискурсе: на материале текстов, затрагивающих проблемы пандемии.....	238
Никитина А. М. Трансформация романтизма в русской литературе (На материале творчества А. И. Куприна).....	242
Садькова Т. К. Некоторые особенности концептуального пространства казахстанского популярного экономического дискурса.....	249

Уразалиева Г. С., Абдульманов А. Ә. Воспитание дочери в казахской семье.....	252
Четверик С. Ю. Архетип блудного сына в произведении А. С. Пушкина «Станционный смотритель».....	260
Шамгунова А. Е. Специфика «Воспоминаний» А. И. Цветаевой.....	267

6.2 Қазақ филологиясы
6.2 Казахская филология

Аклинова А. С., Оразханова М. И. Қазақ қоғамындағы әже тәрбиесі және оның атқаратын қызметі.....	275
Алшынова Г. Д. Әл-Фараби мен Абайдың рухани үндестігі.....	283
Ашірбек А. А., Сағындықұлы Б. Сөйлем мүшелері төңірегіндегі ғылыми талас және тұжырымдар.....	287
Бақытжан А., Төкенұлы М. Қазіргі қазақ тілі мен орыс тіліндегі есімшенің қолданыс ерекшеліктері.....	291
Бауыржан Р., Сүтжанов С. Н. Қазіргі қазақ поэзиясының пайымы.....	296
Болатова А. Б., Ерғалиев Қ. С. Спорттық дискурстың теориялық негізі.....	302
Ертілеуова А., Құралқанова Б. Ш. Қазақ прозасындағы балалар бейнесі.....	307
Жаксылықова Н. Х., Ағалиева Н. Б. Қазақ фантастикалық шығармаларының бала тәрбиесіндегі рөлі.....	312
Жанат Е., Алимтаева Е. К. Шәкәрімнің лирикалық туындыларындағы махаббат мәселесі.....	317
Казканова А. Е., Ерғалиев Қ. С. Павлодар облысының топонимдерінің түске қатысты географиялық атаулары.....	321
Құдайқұлова Д. Қ., Құралқанова Б. Ш. Д. Амантай прозасындағы интермәтінділік.....	326
Мажинова Э. Ж., Ерғалиев Қ. С. Юмордың лингвомәдени аспектісі.....	332
Нұрболатқызы А., Құралқанова Б. Ш. Зейнеп Ахметова шығармаларындағы ата мен келін концепциясы.....	337
Рамазанов Э. К., Сағындықұлы Б. Қазақ тіліндегі түйдекті тіркестердің грамматикалық сипаты.....	341
Рахимбаева Г. Қ., Ниязбекова Б. Тұрғазы Нұқаев шығармаларының тақырыптық-идеялық жүйесі.....	348
Рашитова А. А., Әміренов А. Д. М. Әуезовтың фольклортанудағы орны.....	352

Тоқтас Ә., Қадырова Б. М. Қазақ тіліндегі тәтті тағам атаулары	357
Түзелбаева Г. Т., Сүтжанов С. Н. М. Әуезов – әңгіме жанрының шебері.....	362
Усенова А. С., Сағындықұлы Б. Қ. Есеновтың ғылыми мақалаларының әдістемелік негіздері	369
Хасенова Н. А., Омарова Қ. А. Абайдың шығармашылық мұрасының қоғамдық сананы жаңғыртудағы маңызы	373
Шалабай Н., Махметова С. Т. Ыбырай алтынсарин шығармаларының қазіргі замандағы тәрбиелік өзектілігі.....	378
Шапай М. А., Сүтжанов С. С. Е. А. Букетовтің бейне жасау шеберлігі	383

**ЖАС ҒАЛЫМДАР, МАГИСТРАНТТАР,
СТУДЕНТТЕР МЕН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ
«XXI СӘТБАЕВ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

ТОМ 7

Техникалық редактор З. Ж. Шокубаева
Корректор: А. Р. Омарова
Компьютерде беттеген: З. С. Исакова
Басуға 16.04.2021 ж.
Әріп түрі Times.
Пішім 29,7 × 42 1/4. Офсеттік қағаз.
Шартты баспа табағы 22,8. Таралымы 500 дана.
Тапсырыс № 3761

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров ниверситеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64.